



«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

**Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
Шоғырландырылған қаржылық есептілік және Тәуелсіз аудитор есебі**

31 желтоқсан 2015 ж.

Мазмұны

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп.....	1
Пайда немесе ғығын және басқа жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	4
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	5

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР:

1	Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі.....	7
2	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері	8
3	Жаңа есептік ережелер	24
4	Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер	27
5	Сегменттер бойынша ақпарат	33
6	Байланысты тараптар есептеулері мен операциялары.....	37
8	Материалдық емес активтер.....	43
9	Барлау активтері.....	44
10	Инвестициялық меншік.....	44
11	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар инвестициялары	45
12	Басқа ұзақ мерзімді активтер	47
13	Тауар-материалдық қорлар	48
14	Негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз және басқа дебиторлық қарыз.....	49
15	Басқа қысқа мерзімді ативтер	50
16	Ақшалай қаражат және олардың баламалары	50
17	Капитал.....	51
18	Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	52
19	Несиелер	54
20	Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер.....	65
21	Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек.....	67
22	Табыс.....	68
23	Сатылымдардың өзіндік құны	68
24	Басқа кірістер, таза	69
25	Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	70
26	Қаржылық табыстар.....	70
27	Қаржылық шығындар.....	70
28	Салықтар	71
29	Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер	74
30	Бақыламайтын үлес.....	78
31	Негізгі еншілес, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар.....	79
32	Бизнесі біріктіру	80
33	Санаттар бойынша қаржылық құралдар	81
34	Қаржылық тәуекелдерді басқару	81
35	Қаржылық құралдардың әділ бағасы.....	85
36	Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар	87



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ Акционерлеріне және Директорлар кеңесіне

Біз «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Топ») 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп, жәнеде жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп, акша қаражаттарының қозғалысы жөнінде шоғырландырылған есептерден, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуы және басқа да түсіндірме ақпараты бар ескертпеден тұратын қосымша берілген қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Басшылықтың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуына және дұрыс ұсынылуына және алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан айтарлықтай бұрмаланбаған, басшылықтың қаржылық есептілікті жасауға қажетті деп санайтын ішкі бақылауына жауапкершілік алады.

Аудитордың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз біздің жүргізген аудиттің негізінде осы қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіруден тұрады. Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар этикалық нормаларды орындауды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің аса маңызды бұрмаланулары жоқ деген орынды сенімділікке ие болатындай, аудитті жоспарлауды және жүргізуді талап етеді.

Аудит қаржылық есептіліктің сандық көрсеткіштерін және ондағы ақпараттың ашып көрсетілгенін растайтын аудиттік дәлелдер алуға бағытталған рәсімдер жүргізуден тұрады. Рәсімдерді тандау алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан қаржылық есептіліктің айтарлықтай бұрмалану тәуекелін бағалауды қосқандағы, аудитордың кәсіби пайымдауына байланысты болады. Осы тәуекелдерді бағалау барысында аудитор ұйымның ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікірін білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін қаржылық есептілікті жасау және дұрыс ұсынуды ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Аудит сонымен қатар қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын бағалаудан және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаулардың дәлелділігін бағалаудан, сондай-ақ жалпы қаржылық есептілікті ұсынуды бағалаудан тұрады.

Біздің алған аудиторлық дәлелдеріміз өзіміздің пікірімізді білдіруге жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС

Әл-Фараби даңғылы, 34, А ғимараты, 4 қабат, 050059 Алматы, Қазақстан
Т: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.com/



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ (жалғасы)

2 бет

Аудитордың пікірі

Біздің ойымызша, шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен акша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес барлық маңызды жақтарынан анық көрсетеді.

PricewaterhouseCoopers LLP

Алматы, Қазақстан
2016 жылғы 3 наурыз



Бекітілді және қол қойылды:




Дана Инкарбекова
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Басқарушы директоры
(Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы №00000005
Бас мемлекеттік лицензиясы,
2000 жылғы 18 қаңтардағы №0000492
Біліктілік куәлігі)

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық мың теңгемен		31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж. (қайта есептелді) *
Ескерту			
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	7	804,846,336	747,309,059
Инвестициялық меншік	10	774,702	882,542
Материалдық емес активтер	8	2,894,963	2,450,543
Барлау активтері	9	13,520,805	11,448,375
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	11	72,047,578	78,896,702
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	12	14,256,809	18,783,300
Барлық ұзақ мерзімді активтер		908,341,193	859,770,521
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	13	13,777,955	13,053,789
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге де дебиторлық берешек	14	19,842,838	14,931,807
Өзге де қысқа мерзімді активтер	15	50,866,965	43,214,791
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1,534,371	1,579,015
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	16	31,927,511	21,658,167
Барлық қысқа мерзімді активтер		117,949,640	94,437,569
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		1,026,290,833	954,208,090

Басшылық атынан қол қойылған 3 наурыз 2016 жыл.

Мақсұтов Қайрат Берікұлы
«Қаржы» басқарушы директоры –
Басқарма мүшесі

Тулекова Сәуле Бекзадақызы
Қаржы және салық есебі
департаментінің директоры – Бас
бухгалтер

* - салыстырмалы ақпарат сату үшін шығарылған топтардың активтер мен міндеттемелерін ауыстыруды көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

«САМУҒЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық мың теңгеммен	Ескерту	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж. (қайта есептелді) *
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	17	355,650,405	355,364,386
Өзге де капитал резерві	17	127,578,106	54,993,097
Бөлінбеген пайда		(3,236,425)	80,553,684
Топ акционерлеріне тиесілі капитал		479,992,086	490,911,167
Бақыламайтын акционерлер үлесі	30	2,528,351	2,138,284
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		482,520,437	493,049,451
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві		1,842,401	1,203,172
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	18	1,329,840	1,338,136
Несиелер	19	340,158,800	283,724,820
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	20	4,735,410	8,146,330
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	28	79,404,793	79,296,635
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		427,471,244	373,709,093
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві		120,147	95,968
Несиелер	19	70,844,582	40,301,262
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	18	122,689	93,644
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	21	43,220,687	45,397,259
Бюджетке төленетін салықтар және өзге де төлемдер бойынша берешек	28	1,524,428	1,408,623
Төленетін табыс салығы	28	466,619	152,790
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		116,299,152	87,449,546
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		543,770,396	461,158,639
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		1,026,290,833	954,208,090

Басшылық атынан қол қойылған 3 наурыз 2016 жыл.

Мақсұтов Қайрат Берікұлы
«Қаржы» басқарушы директоры –
Басқарма мүшесі

Тулекова Сәуле Бекзадақызы
Қаржы және салық есебі
департаментінің директоры – Бас
бухгалтер

* - салыстырмалы ақпарат сату үшін шығарылған топтардың активтер мен міндеттемелерін ауыстыруды көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

Қоса беріліп отырған 7-беттен 88-бетке дейінгі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескерту	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
Табыс	22	228,865,079	221,150,337
Сатылымдардың өзіндік құны	23	(165,931,725)	(157,207,085)
Жалпы пайда		62,933,354	63,943,252
Сату бойынша шығындар		(3,029,040)	(2,516,167)
Жалпы және әкімшілік шығындар	25	(13,939,521)	(13,890,731)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар (шығысындағы)/кірісіндегі үлестер	11	(10,172,534)	12,957,577
Гудвилдың құнсыздануы		-	(75,875,134)
Активтердің құнсыздануынан келген шығындар	4	(3,590,229)	(2,785,110)
Қаржылық кірістер	26	2,728,571	8,710,222
Қаржылық шығыстар	27	(109,214,671)	(24,018,120)
Өзге де кірістер	24	1,994,642	58,978,315
Өзге де шығыстар		(1,749,618)	(1,198,607)
Салық салынғанға дейінгі (шығын)/пайда		(74,039,046)	24,305,497
Табыс салығы бойынша шығыстар	28	(5,875,162)	(11,054,902)
Жыл ішінде қызметті жалғастырудан түскен (шығын)/пайда		(79,914,208)	13,250,595
Жыл ішінде тоқтатылған қызметтен түскен пайда	2	2,469,307	-
Жыл ішіндегі барлық (шығын)/пайда		(77,444,901)	13,250,595
Өзге де жиынтық шығындар			
<i>Қайта жіктеу салдарынан пайдалар немесе шығындар құрамына жатпайтын баптар</i>			
Еңбек қызметін аяқтау бойынша сыйақылар міндеттемелерін қайта бағалау		3,106	(146,246)
Жыл ішіндегі жиынтық (шығын)/кіріс		(77,441,795)	13,104,349
Тиесілі пайда:			
Топ Акционерлеріне		(77,834,968)	15,946,974
Бақыламайтын үлеске		390,067	(2,696,379)
Жыл ішіндегі (шығын)/пайда		(77,444,901)	13,250,595
Тиесілі жиынтық (шығын)/кіріс:			
Топ Акционерлеріне		(77,831,862)	15,800,727
Бақыламайтын үлеске		390,067	(2,696,378)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық (шығын)/кіріс		(77,441,795)	13,104,349

* - салыстырмалы ақпарат тоқтатылған қызметтен аударымдар нәтижелерін көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер турал шоғырландырылған есеп

Қазақстандық мың теңгемен	Еск.	Топ акционерлеріне тиесілі				Үлес бақыламайт ын үлес	Барлық капитал
		Акционерлік капитал	Өзге де резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Барлығы		
2014 ж. 1 қаңтардағы қалдық		233,946,269	75,308,815	72,276,222	381,531,306	3,021,709	384,553,015
Жыл ішіндегі пайда		-	-	15,946,974	15,946,974	(2,696,379)	13,250,595
Өзге де жиынтық		-	(152,764)	-	(152,764)	-	(152,764)
Барлық жиынтық кірістер		-	(152,764)	15,946,974	15,794,210	(2,696,379)	13,097,831
Акциялар эмиссиясы	17	21,418,117	-	-	21,418,117	-	21,418,117
Мойнақ СЭС-і бақыламайтын акционерлерінің үлесін сатып алу	17	-	(20,162,954)	-	(20,162,954)	1,812,954	(18,350,000)
Самұрық-Қазынадан қарызды бастапқы танудан түскен кіріс		-	18,922,380	-	18,922,380	-	18,922,380
Самұрық-Қазынадан қарызды бастапқы танудан түскен пайданы шегеру		100,000,000	(18,922,380)	501,093	81,578,713	-	81,578,713
Дивидендтер		-	-	(8,170,605)	(8,170,605)	-	(8,170,605)
2014 ж. 31 желтоқсандағы қалдық		355,364,386	54,993,097	80,553,684	490,911,167	2,138,284	493,049,451
Жыл ішіндегі (шығын)/пайда		-	-	(77,834,968)	(77,834,968)	390,067	(77,444,901)
Өзге де жиынтық кіріс		-	3,106	-	3,106	-	3,106
Барлық жиынтық шығындар		-	3,106	(77,834,968)	(77,831,862)	390,067	(77,441,795)
Акциялар эмиссиясы	17	286,019	-	-	286,019	-	286,019
Самұрық-Қазынадан қарызды бастапқы танудан түскен кіріс	17	-	72,581,903	-	72,581,903	-	72,581,903
Акционерге өзге де бөлулер	17	-	-	(1,174,068)	(1,174,068)	-	(1,174,068)
Дивидендтер	17	-	-	(4,781,073)	(4,781,073)	-	(4,781,073)
2015 ж. 31 желтоқсандағы қалдық		355,650,405	127,578,106	(3,236,425)	479,992,086	2,528,351	482,520,437

Қоса беріліп отырған 7-беттен 88-бетке дейінгі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық мың теңгемен	Еск.	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Жалғастырылатын қызметтен салық салынғанға дейін түскен пайда		(74,039,046)	24,305,497
Түзетулер:			
Тозу және амортизация		38,954,690	28,715,622
Негізгі құралдардың шығарылуынан келген шығындар		932,943	441,062
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешекті және өзге де дебиторлық берешекті қайта қалпына келтіру		220,855	538,353
Тауар-материалдық қор құнын төмендету резерві/(Резервті қайта қалпына келтіру)	23	(248,629)	881,417
Қосымша қуатты қосудан түскен кірістер амортизациясы		(364,926)	(379,358)
Ағымдағы қызметтер құны және қызметкерлердің сыйақылары бойынша актуарлық шығындар		-	(34,326)
Қаржылық шығыстар	27	109,214,671	24,018,120
Қаржылық кірістер	26	(2,728,571)	(8,710,222)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың шығындарындағы/(кірістеріндегі) үлес	11	10,172,534	(12,957,577)
Бұрын болған үлесті қайта бағалаудан түскен кіріс	24	-	(56,682,576)
Гудвилдің құнсыздануы		-	75,875,134
Негізгі құралдадың құнсыздануы	4	3,590,229	2,785,110
Өзге де түзетулер		3,108	(4,749)
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы		85,707,858	78,791,507
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешектің және өзге де дебиторлық берешектер мен өзге де қысқа мерзімді активтердің (азаюы)/артуы		(4,311,947)	2,981,160
Тауар-материалдық қордың (артуы)/азаюы		(340,645)	168,327
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешектің және өзге де кредиторлық берешектің азаюы		(1,084,181)	(823,646)
Қызметкерлердің сыйақысы бойынша берешектің артуы/(азаюы)		344,374	(26,904)
Төленетін салықтың (азаюы)/артуы		3,081,703	(1,701,557)
Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат		83,397,162	79,388,887
Төленген табыс салығы		(4,996,199)	(5,638,833)
Төленген пайыздар		(23,490,234)	(20,815,349)
Алынған дивидендтер		5,726,955	5,771,472
Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат		60,637,684	58,706,177
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Негізгі құралдарды сатып алу		(97,607,800)	(81,741,843)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(718,235)	(371,087)
Кен орындарын бағалау және барлау бойынша шығыстар		(2,486,932)	(1,708,070)
Еншілес кәсіпорындарды сатып алу	32	78,386	(233,037,485)
Мойнақ СЭС АҚ инвестиция	17	-	(18,350,000)
Қауымдасқан компанияларға қатысу үлесін сатып алу	11	(8,906,910)	(6,059,620)
Алынған пайыздық кіріс		2,793,747	3,033,730
Қауымдасқан компанияларға қатысу үлесін сатудан түскен түсім		370,396	2,452
Негізгі құралдарды сатудан алынған ақшалай қаражат		79,204	-
Қауымдасқан компаниялардағы қатысу үлесін сатудан түскен түсім		-	45,500
Банк депозиттерін шығару/(орналастыру), нетто		14,412,555	40,320,274
Ұсынылған қарыздарды қайтару		-	3,669,540
Қаржы активтерін сату/(сатып алу)		-	405,839
Пайдалануға шектеу қойылған ақшалай қаражатты шығару		1,346,767	397,379
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақшалай қаражат		(90,638,822)	(293,395,843)
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Акция эмиссиясынан түскен түсім	17	-	21,418,117
Облигациялар эмиссиясынан түскен түсім		-	2,372,042
Қарыздар түсімі		142,510,049	233,614,123
Қарыздарды өтеу		(100,114,430)	(13,623,443)
Облигацияларды өтеу		-	(10,820,032)
Акционерлерге төленген дивидендтер		(4,781,073)	(8,170,605)
Бақыламайтын акционерлерге төленген дивидендтер		(188,476)	(218,312)
Тұтынушылардың қарыздарын өтеу		-	(616,518)

Қоса беріліп отырған 7-беттен 88-бетке дейінгі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<i>Еск.</i>	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
Акионерлерге өзге де төлемдер		(800,234)	-
Өзгелер		(3,770)	-
Қаржылық қызметтер алынған таза ақшалай қаражат		36,622,066	223,955,372
Ақшалай қаражатқа және оның баламаларына валюта айырбастау курсының өзгеруінің ықпалы		3,648,416	17,150,465
Жалғастырылатын қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза артуы		10,269,344	6,416,171
Жыл басындағы ақшалай қаражат	16	21,658,167	15,241,996
Жыл соңындағы ақшалай қаражат	16	31,927,511	21,658,167

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес компаниялары (бұдан әрі бірлескен атауы «Топ») үшін 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арнап Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді.

Компания 2007 жылғы 18 сәуірде құрылған және 2007 жылғы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған. Топ Қазақстан Республикасының энергетикалық кешені кәсіпорындарын шоғырландыру мақсатында құрылған.

Компания акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады (17-ескерту).

Самұрық-Қазына Компанияның соңғы негізгі компаниясы болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияны соңғы бақылаушы тарап болып табылады.

Негізгі қызмет

Топтың негізгі қызметінің түрлері электр және жылу энергиясын көмір, көмірсутегі және су ресурстары негізінде өндіру және халық пен өндірістік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау және желіде электр энергиясын техникалық тарату, су және жылу электр станцияларын салу, электр қуатының жаңғыртылатын көздері құрылысын салу және пайдалану, сондай-ақ су электр станцияларының мүлкітік кешендерін жалға беру болып табылады. Негізгі еншілес, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындары 31-ескертуде көрсетілген.

Табиғи монополия және реттелетін нарық субъектілері және бәсекелестік нарықта үстем жағдайға ие субъектілер болып табылатын Топтың еншілес компанияларының және оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі Қазақстан Республикасының «Электр энергиясы туралы», «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» және «Бәсекелестік туралы» заңдарымен реттеледі. Тарифтік реттеу, энергия компанияларының қызмет түріне қарай ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі - Комитет) немесе салалық министрлік – Энергетика министрлігінің (бұдан әрі - ЭМ) құзыретіне жатады.

Энергия өндіретін ұйымдарға (ЭӨҰ) арналған электр энергиясының тарифтері 2016-2018 жж. кезең үшін Энергетика министрінің «Энергия өндіретін ұйымдар тобына арналған электр энергиясының шекті тарифтерін бекіту туралы» 2015 жылғы 27 ақпандағы №160 бұйрығымен бекітілген. Жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізу тарифтері белгіленген болып табылады және ЖЭК технологиясына сәйкес (жел, күн және басқа да көздер үшін жеке) ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген және жыл сайын индекстеуге жатады. Бұл ретте есептеу-қаржы орталығы сатып алушы және энергия өндіретін ұйым болып табылады. Энергия беретін компанияларға арналған электр энергиясын беру және тарату, жылу энергиясын өндіру (ЭБҰ) тарифтерін және энергиямен жабдықтау (ЭЖҰ) тарифтерін Экономика министрлігінің Табиғи монополиялар және бәсекелестікті қорғау комитеті реттейді. Комитет реттеу және бақылауды заңнамалық мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес қатаң жүзеге асырады.

Тарифтер бойынша шешімдер айтарлықтай деңгейде әлеуметтік және саяси мәселелердің ықпалына ұшырайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге де саясаты Топтың операциялық қызметіне маңызды ықпал етуі мүмкін.

Мекенжай және қызметті жүзеге асыратын орын

Заңды мекенжай және Компанияның бас кеңсесінің қызметті жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А .

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік әділ құны бойынша қаржылық құралдарды алғашқы тануға түзетулер енгізе отырып бастапқы құн бойынша бағалау қағидасымен Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес дайындалды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есептік саясаттың принциптері төменде ұсынылған. Есептік саясаттың осы ережелері, егер өзгеше көрсетілмеген болса, есептіліктің ұйынлған барлық кезеңдеріне қатысты тізбекті қолданылды (3-ескерту).

Қаржылық есептілікті ХҚЕС бойынша әзірлеу кейбір маңызды бухгалтерлік бағалауларды пайдалануды қажет етеді. Бұдан басқа басшылық Топтың есептік саясатын қолданған кезде өз пайымдауларына сенім артуы тиіс. Бағалаудың әлдеқайда жоғары дәрежесі немесе күрделілігі қарастырылған бухгалтерлік есеп салалары, сонымен қатар, шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын жорамалдар мен бағалаулар, 4-ескертуде көрсетілген. Іс жүзіндегі нәтижелер осы бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

(i) Еншілес компаниялар

Еншілес кәсіпорындар Топ бақылайтын инвестициялық нысандарды, соның ішінде құрылымдалған кәсіпорындар болып табылады, өйткені Топ (i) инвестиция нысанының пайдасына айтарлықтай ықпал ететін маңызды қызметті басқару мүмкіндігін беретін өкілеттіктерге ие болады, (ii) инвестиция нысанына қатысудан түскен ауыспалы пайдамен байланысты тәуекелдерге ұшырайды, немесе осындай табысты алу құқығына ие болады, және (iii) инвестордың пайдасының шамасына ықпал ету мақсатында инвестициялар нысанына қатысты өзінің өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Бағалау кезінде Топта басқа кәсіпорынға қатысты өкілеттіктер болған жағдайда шынайы құқықтардың болуын және ықпалын, соның ішінде шынайы әлеуметтік дауыс беру құқықтарын қарастыру керек. Егер ұстаушыда инвестиция нысанының маңызды қызметін басқаруға қатысты шешім қабылдау кезінде осы құқықты жүзеге асыруға практикалық мүмкіндікке ие болса, құқық шынайы болып табылады. Егер топ инвестиция нысанында дауыс беру құқығының басым бөлігіне ие болмаса, ол инвестиция нысанына қатысты өкілеттіктерге ие бола алады. Ұқсас жағдайларда инвестиция нысанына қатысты шынайы өкілеттігінің болуын анықтау үшін Топ басқа дауыс беру құқығын ұстаушылардың пакеттерін ыдырату дәрежесіне және көлеміне қатысты өзінің дауыс беру құқықтарының пакетінің көлемін бағалауға тиіс. Басқа инвесторлардың инвестиция нысаны қызметіне түбегейлі өзгертулер енгізумен байланысты немесе ерекше жағдайларда қолданылатын қорғаныс құқықтары Топтың инвестиция нысанын бақылау мүмкіндігіне кедергі жасамайды. Еншілес кәсіпорындар олардың операцияларын бақылау Топқа берілген күннен бастап (сатып алу күні) Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізіледі және бақылауды жоғалтқан күннен бастап шоғырландырылған есептен шығарылады.

Топтың жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынған компаниялардан басқа, еншілес компанияларды сатып алуы, сатып алу әдісі бойынша ескеріледі. Сатып алынған анықталған активтер және бизнесті біріктіру аясында алынған міндеттемелер, сонымен қатар, шартты міндеттемелер қатысудың бақыламайтын үлесінің шамасына қарамастан, сатып алған күн жағдайы бойынша әділ құны бойынша бағаланады.

Топ тікелей қатысу үлесі болып табылатын бақыламайтын және ұстаушыға таратылған жағдайда таза активтердің пропорционалды үлесіне құқық беретін үлесті әрбір операция бойынша жеке немесе а) әділ құны бойынша, не болмаса б) алынған кәсіпорынның таза активтеріндегі бақыламайтын үлесіне пропорционалды бағалайды. Тікелей қатысу үлесі болып табылатын бақыламайтын үлес әділ құны бойынша бағаланады.

Гудвил алынған компания үшін төленген сыйақылардың, алған сәтке дейін меншікте болған алынған компаниядағы үлестің әділ құны мен алынған компаниядағы қатысудың бақыламайтын үлесінің жалпы сомасынан алынған компанияның таза активтерін алып тастау арқылы бағаланады. Теріс сома («теріс гудвил») басшылық тағы да бір мәрте барлық алынған активтер мен барлық қабылданған міндеттемелер және шартты міндеттемелердің сәйкестендірілгенін анықтағаннан кейін және оларды бағалаудың дұрыстығын талдаған соң кірістер мен шығыстар құрамында танылады.

Алынған компания үшін төленген сыйақы берілген активтердің, шығарылған үлестік құралдардың және қабылданған немесе көтерген міндеттемелердің, әділ құны, соның ішінде шартты сыйақыны төлеумен байланысты активтердің немесе міндеттемелердің әділ құнымен бағаланады, бірақ алумен байланысты шығындарды жоққа шығарады, мысалы консультациялық, заң, бағалау және басқа ұқсас кәсіби қызметтер үшін төлеу. Үлестік құралдарды шығарған кезде болған келісім бойынша шығындар капитал сомасынан шегеріледі, борыштық міндеттемелерді шығарған кезде келісім бойынша болған шығындар олардың баланстық құнынан шегеріледі, ал келісім бойынша алумен байланысты қалған басқа шығындар шығыстарға жатады.

Топ компаниялары арасындағы барлық операциялар және осы операциялар бойынша жүзеге асырылмаған пайда, сонымен қатар, есептеулер бойынша салыдо Топ ішінде болмайды. Жүзеге асырылмаған шығындар да болмайды, тек құнын өтеу мүмкін болмаған жағдайларда ғана. Компания мен оның барлық еншілес компаниялары Топ саясатына сәйкес бірыңғай есептік саясатты қолданады.

Қатысудың бақыламайтын үлесі қызметтің таза нәтижелерінің және Компания тікелей немесе жанама түрде иелік етпейтін үлеске тиесілі еншілес компания капиталының бір бөлігі болып табылады. Бақыламайтын қатысу үлесі Топ капиталының жеке компонентін құрады.

(ii) Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес компанияларды сатып алу

Жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынған еншілес компаниялар алдыңғы компанияның есепке алу әдісімен есепке алынады. Осы әдіске сәйкес біріккен компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде кәсіпорындарды біріктіру оның ұсынылған есептің едәуір ерте кезеңнің басында шыққаны туралы болжамға сәйкес көрсетіледі немесе кеш болса, онда біріктіруші компаниялар алғаш рет жалпы бақылауға алынғанда. Тараптар арасында берілген жалпы бақылаудағы еншілес компаниялардың активтері мен міндеттемелері алдыңғы компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген баланстық құн бойынша ескеріледі. Алдыңғы компания еншілес компанияның қаржылық есептілігі шоғырландырылған ХҚЕС сәйкес әзірленген есептілікті ұсынудың ең жоғары деңгейі болып саналады. Таза активтердің баланстық құны мен төленген сыйақының сомасымен арасындағы айырмашылық капиталдың құрамындағы басқа резервтердің өзгеруі ретінде көрсетіледі.

(iii) Бақыламайтын қатысу үлесін сатып алу және сату

Топ бақыламайтын қатысу үлесінің иелерімен келісімдерді есепке алу үшін экономикалық бірлік моделін қолданады. Бақыламайтын үлесті алу үшін төленген сыйақы мен оның баланстық құнының арасындағы айырмашылық есепте тікелей капитал шоттарындағы капиталмен жүргізілген келісім ретінде көрсетіледі. Топ бақыламайтын үлесті сату үшін алынған сыйақы мен оның баланстық құнының арасындағы айырмашылықты капиталды өзгерту туралы есепте капиталмен жүргізілген келісім ретінде таниды.

(iv) Бірлескен кәсіпорындар

ХҚЕС сәйкес бірлескен қызметке 11 инвестиция әрбір инвестордың келісімдік міндеттері мен құқықтарына байланысты классификацияланады. Кәсіпорын өзінің бірлескен қызметінің сипатын бағалады және бірлескен кәсіпорындар санатына жатқызды. Бірлескен кәсіпорындар қызметі үлестік әдіс бойынша ескеріледі.

Бірлескен кәсіпорындардағы үлестік қатысу әдісі бойынша бастапқыда іс жүзіндегі құны бойынша танылады, содан кейін басқа да жиынтық пайдата алу мен өзгертулерден кейін кірістер мен шығыстарда Топтардың үлестері арқылы түзетіледі. Бірлескен кәсіпорындардың шығындарындағы үлес оның осы бірлескен кәсіпорындардағы үлесіне (соның ішінде негізінен Топтың бірлескен кәсіпорындарға таза инвестицияларының бір бөлігі болып табылатын кез келген ұзақ мерзімді қатысу) тең немесе одан артық болған жағдайда, Топ міндеттемелерді мойнына алған немесе осы бірлескен кәсіпорынның атынан төлем жасаған кездерден басқа жағдайларда кейінгі шығындарды мойындауды тоқтатады.

Топ пен оның бірлескен кәсіпорындарының арасындағы жүзеге аспаған пайда бірлескен кәсіпорындарда Топтың қатысу үлесінің бөлігінен алынып тасталады. Жүзеге асырылмаған шығындар да алынып тасталады, тек берілген активтің құнсыздануының белгілері болған жағдайдан басқа кезде. Бірлескен кәсіпорындардың есептік саясаты Топтың есептік саясатына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін түзетілді.

(v) Қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Қауымдасқан компаниялар Компания айтарлықтай ықпал ететін (тікелей немесе жанама), бірақ оларды қадағалай алмайтын компаниялар; әдетте осы компаниялардағы дауыс беру акцияларының үлесі 20%-50% құрайды. Қауымдасқан компанияларға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі және бастапқыда алу құны бойынша танылады. Қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденділер Қауымдасқан компанияларға инвестициялардың баланстық құнын азайтуға қатысты болады. Топтың Қауымдасқан компаниялардың таза активтеріндегі үлесінің алғаннан кейін орын алған басқа да өзгерістер келесідей танылады: (i) Топтың Қауымдасқан компаниялардың кірістері мен шығыстарындағы үлесі Қауымдасқан компаниялардың нәтижелеріндегі үлес ретінде шоғырландырылған кірістер мен шығыстар құрамында көрсетіледі, (ii) Топтың басқа жиынтық кірістердегі үлесі басқа жиынтық табыстың құрамында танылады және жеке жолмен көрсетіледі, (iii) Топтың Қауымдасқан компаниялардың таза активтерінің баланстық құнындағы үлесіндегі барлық басқа өзгерістер Қауымдасқан компаниялардың нәтижелеріндегі үлестердің құрамындағы кірістер немесе шығыстар ретінде танылады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Бірақ Топтың қауымдасқан компаниялардың шығындарындағы үлесі оның осы компанияға инвестицияларына, соның ішінде қандай да болмасын қамтамасыз етілмеген дебиторлық қарызға тең немесе одан артық болса, ол міндеттемелерді мойындаған немесе қауымдасқан компанияның атынан төлемдерді жүзеге асырған жағдайдан басқа кезде Топ кейінгі шығындарын көрсетпейді.

Топ пен оның қауымдасқан компаниялар арасындағы операциялар бойынша жүзеге асырылмаған пайда Топтың қауымдасқан компаниялардағы үлесінің шегінде алынып тасталады; берілген активтің құнсыздану белгілері болған жағдайда, жүзеге асырылмаған шығындар да алынып тасталады.

(vi) Еншілес компаниялардың, қауымдасқан компаниялардың немесе бірлескен кәсіпорындардың шығуы

Топ бақылауды немесе айтарлықтай ықпалын жоғалтқан жағдайда, кәсіпорындағы сақталған үлес бақылауды жоғалтқан күн жағдайында әділ құны бойынша қайта бағаланады, ал баланстық құнындағы өзгерістер кірісте немесе шығыста көрсетіледі. Әділ құн - қауымдасқан компаниялардағы, бірлескен кәсіпорындардағы немесе қаржылық активтегі қалған үлесін одан әрі есепке алу мақсаттары үшін бастапқы баланстық құны. Бұдан басқа бұған дейін осы кәсіпорынға қатысты басқа жиынтық пайда құрамында танылған барлық сомалар Топ тиісті активтердің немесе міндеттемелердің тікелей шығуын жүзеге асырғандай болып ескеріледі. Бұл бұған дейін басқа жиынтық пайда құрамында көрсетілген сомалардың кіріске немесе шығысқа ауыстырылатынын білдіруі мүмкін.

Егер Қауымдасқан кәсіпорындардағы қатысу үлесі азайса, бірақ бұл ретте айтарлықтай ықпалы сақталса, онда тек бұған дейін басқа жиынтық пайда құрамында көрсетіліп келген пропорционалды сомалар үлесі қажетті жағдайларда кіріске немесе шығысқа ауысады.

Шетелдік валютаны қайта есептеу

(i) Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Егер басқасы көрсетілмесе, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген барлық сандық мәліметтер мың теңгемен ұсынылады.

Ұйым өзінің қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортадағы валюта функционалдық валюта болып табылады. Еншілес компаниялардың, бірлескен кәсіпорындардың, қауымдасқан компаниялардың және бас компаниялардың функционалдық валютасы теңге болып табылады.

(ii) Шетелдік валютадағы операциялар мен қалдықтар

Шетелдік валютадағы операциялар операция жасалған күн жағдайы бойынша ресми бағамдар бойынша функционалдық валютаға қайта есептелді. Осы операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде, сонымен қатар, шетелдік валютада көрсетілген жыл соңындағы айырбас бағамдар бойынша ақша активтері мен міндеттемелерін қайта есептеудің нәтижесінде туындаған бағам айырмашылығынан болған кірістер немесе шығыстар кірістерде немесе шығыстарда көрсетіледі.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетелдік валютадағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылатын ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 340.01 теңгені құрады (2014 ж. 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 182.35 теңге). Теңгені басқа валюталарға конвертациялауға қатысты валюталық шектеу мен бақылау ережелері әрекет етеді. Қазіргі кезде теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде еркін конвертацияланатын валюта болып табылмайды.

Қаржылық құралдар

(i) Бағалаудың негізгі шарттары

Қаржылық құралдар классификациялануына қарай әділ құн, бастапқы құн немесе амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Төменде осы әдістердің сипаттамасы ұсынылған.

Әділ құн – бұл бағалау күні жағдайында нарық қатысушыларының арасында ерікті негізде жүргізілген операциялары кезінде активті сатқанда немесе міндеттемелерді бергенде алынуы мүмкін баға. Белсенді нарықта белгіленетін баға әділ құнның ең жақсы растауы болып табылады. Белсенді нарық – бұл активпен немесе міндеттемемен операциялар бағалаулар туралы ақпаратты тұрақты түрде алуға мүмкіндік беретін едәуір жиі және көлемде жүргізілетін нарық.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Әділ нарықта айналымдағы қаржылық құралдардың әділ құны белгіленген бағаны кәсіпорын ұстайтын құралдар санына жеке активке немесе міндеттемеге көбейткенде алынған сома ретінде бағаланады. Нарықтың әдеттегі тәуліктік сауда айналымы кәсіпорында бар активтердің және міндеттемелердің санын қосып алу үшін жеткіліксіз, ал позицияларды сатуға тапсырыстарды орналастыру жеке операцияда белгіленетін бағаға әсер етуі мүмкін болғанда да жағдай осылай болады.

Нарықтық жағдайларда жасалатын дисконтталған ақша ағындары моделі, сонымен қатар, осы сияқты операциялардың мәліметтеріне негізделген модельдер секілді *бағалау әдістері* немесе инвестиция нысанының қаржылық мәліметтерін қарастыру келісімдердің бағасы туралы нарықтық ақпарат қолжетімсіз болып табылатын қаржылық құралдардың әділ құнын анықтау үшін пайдаланылады. Әділ құнды бағалаудың нәтижелері талданады және келесідей тәртіпте әділ құнның иерархиясының деңгейлері бойынша бөлінеді: (i) 1 деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда белгіленген бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалар жатады, (ii) 2 деңгейге – пайдаланылатын маңызды бастапқы мәліметтердің барлығы тікелей (мысалы, баға) немесе жанама (мысалы, бағаның негізінде есептелген) түрде активтер немесе міндеттемелер үшін бақылайтын болып табылатын бағалау әдістерінің көмегімен алынғандар, және (iii) 3 деңгейдегі бағалар, тек қана бақылайтын нарықтық мәліметтерге ғана негізделмеген бағалар болып табылады (яғни, бағалау үшін бақыланбайтын бастапқы мәліметтердің айтарлықтай көлемі қажет). Әділ құнның иерархиясының бір деңгейінен екіншісіне ауыстыру есептік кезеңнің соңында орын алған болып саналады.

Өзіндік құн төленген ақша қаражаты немесе олардың баламалары, не болмаса сатып алу күні жағдайы бойынша активті алу үшін берілген басқа да орнын толтырудың әділ құны болып табылады, және оған келісім бойынша шығындар кіреді. Өзіндік құн бойынша бағалау тек нарықтық котировкалары жоқ және әділ құны сенімді бағаланбайтын үлестік құралдарға инвестицияларға қатысты, сондай-ақ, ашық нарықта котировкалары жоқ, және осындай үлестік құралдармен өтелуге тиіс осындай үлестік құралдарға байланысты туынды құралдарға қатысты ғана қолданылады.

Амортизацияланған құн қаржылық құрал бастапқы тану кезінде бағаланған, есептелген пайыздар шамасына азайтылған немесе ұлғайтылған қарыздың негізгі сомасын өтеуге төленген төлемдер шегерілген шама болып табылады, ал қаржылық активтер үшін – құнсыздану шығындарының сомалары шегеріледі (тікелей немесе бағалау резервінің шотын пайдалану арқылы). Өсірілген пайыздарға келісім, сонымен қатар, пайыздың тиімді мөлшерлемесін пайдалана отырып өтелген сомадан кез-келген сыйақылардың немесе дисконттың бойынша бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған амортизациялар жатады. Өсірілген пайыздық кірістер мен өсірілген пайыздық шығындар, соның ішінде өсірілген купондық кіріс пен амортизацияланған дисконт немесе сыйақы (соның ішінде ұсынған кезде кейінге қалдырылған комиссияны, ондай бар болса) жеке көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы тиісті есеп баптарының баланстық құнына енізіледі.

Келісімдер бойынша *шығындар* қаржылық құралды алуға, шығаруға немесе шығарылуына тікелей қатысты қосымша шығындар болып табылады. Қосымша шығындар – бұл келісім болмаған жағдайда болмайтын шығындар. Келісім бойынша шығындарға агенттерге (соның ішінде, сауда агенттері ретінде қызмет ететін қызметкерлерге), консультанттарға, брокерлерге және дилерлерге төленген сыйақылар және комиссиялық ақылар, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдар, сонымен қатар, меншікті беру кезінде өндіріп алынатын салықтар мен алымдар жатады. Келісім бойынша шығындарға борыштық міндеттемелер бойынша сыйақылар мен дисконттар, қаржылық, ішкі әкімшілік шығындар немесе сақтауға жұмсалатын шығындар жатпайды.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл құралдың баланстық құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету (тиімді пайыздық мөлшерлемені) мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құрал әрекет ететін күтілетін мерзімге, тиісті жағдайларда одан қысқа мерзімге қаржылық құралдың таза баланстық құнына дейін есептік болашақ ақшалай төлемдерді немесе немесе түсімдердің (оның ішіне несиелер бойынша болашақ шығындар жатпайды) дисконттаудың нақты мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы құрал үшін көрсетілген ауыспалы мөлшерлеме бойынша несиелік спредті көрсетін сыйақы немесе дисконттан басқа немесе нарықтық мағынасына қарамастан белгіленбейтін басқа да өзгермелі факторлар бойынша пайыз өзгеретін келесі күнге дейін мөлшерлемесі ауыспалы құралдар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құрал айналымда болған күтілетін мерзім ішінде тұтастай амортизацияланады. Дисконтталған құнын есептеуге барлық комиссиялық, төленген немесе келісімшарттың тараптармен алынған тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтындар жатады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

(ii) Қаржылық активтерді классификациялау

Топтың қаржылық активтеріне негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз бен басқа да дебиторлық қарыз, несиелер, сонымен қатар ақша қаражаттары және олардың баламалары жатады. Басшылық бастапқы тану кезінде өздерінің қаржылық активтерінің классификацияларын анықтайды.

Несиелер мен дебиторлық қарыз Топ жақын арада сатуға ниеттілерінен басқа, белгіленген немесе анықталатын төлемдермен белсенді нарықта белгіленбейтін туынды емес қаржылық активтер болып табылады. Оларға өтеу мерзімдері есептік кезеңнен кейін 12 айдан артатын несиелер мен дебиторлық қарыздардан басқа қысқа мерзімді активтер жатады. Олар ұзақ мерзімді активтер ретінде классификацияланады.

(iii) Қаржылық міндеттемелерді классификациялау

Топтың қаржылық міндеттемелері амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық міндеттемелер болып табылады.

(iv) Қаржылық құралдарды бастапқы тану

Қаржылық активтер мен міндеттемелер келісім бойынша шығындарды шегере отырып, бастапқыда әділ құн бойынша танылады. Бастапқы тану кезінде әділ құнды анықтау үшін ең оңтайлы негіз келісім бағасы болып табылады. Егер басқа қолжетімді ағымдағы нарықтық келісімдерді осы құралмен салыстыру арқылы, немесе айнымалылар ретінде тек қазіргі нарықтардағы мәліметтерді ғана қолданылатын бағалау әдістемесі арқылы келісімнің бағасы мен әділ құнның арасында айырмашылық болса, кіріс немесе шығыс бастапқы тану кезінде танылады.

(v) Қаржылық активтерді тануды тоқтату

Топ қаржылық активтерді тануды мына жағдайларда тоқтатады: а) қаржылық активтер сатып алынса немесе қаржылық актив бойынша ақша қаражаттарының ағындарына талаптардың келісімдік мерзімі өтіп кетсе; немесе б) Топ қаржылық актив бойынша ақша қаражаттарының ағынын алуға келісімдік құқықтарды берсе немесе активтерді беру туралы классификацияланатын келісім жасаса, онда Топ i) активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың айтарлықтай бөлігін береді, немесе ii) қаржылық активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың айтарлықтай бөлігін бермейді де, сақтамайды да, бірақ осы қаржылық активті бақылауды да сақтамайды. Егер контрагент осындай активті онымен байланысты емес үшінші тарапқа активтерді беру процесіне қосымша шектеулер жүктемей толық көлемде сата алмаса, бақылау сақталады.

(vi) Өзара есепке алу

Қаржылық активтер мен міндеттемелер есепке алынады және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте тек көрсетілген сомаларды өзара есепке алуды жүргізудің, сонымен қатар, өзара есепке алу ниеті немесе оны жүргізу, не болмаса біруақытта активті жүзеге асыру және активтер мен міндеттемелерді реттеу заңды белгіленген құқығы болса ғана таза шамасы көрсетіледі.

Негізгі құралдар

(i) Тану және кейінгі бағалау

Негізгі құрал-жабдықтар есепке алуда қажет болса, құнсыздану резервінен және жиналған тозуды шегере отырып, бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Бастапқы құны, активті орынға жеткізумен және мақсатты тағайындау үшін оны жұмыс жағдайына келтірумен тікелей байланысты сауда жеңілдіктері мен қайтарулар, және кез-келген шығындар шегерілген сатып алудан құнынан, соның ішінде импорт баждары мен алулар бойынша орны толтырылмайтын салықтардан тұрады. Шаруашылық тәсілмен әзірленген немесе орнатылған Негізгі құрал-жабдықтар нысандарының бастапқы құнына орындалған өндірістік жұмыстардың шығын материалдарының құны және өндірістік үстеме шығындардың бөлігі жатады.

Кейінгі шығындар осы активтің баланстық құнына енгізіледі немесе Топтың осы активті пайдаланған кезде экономикалық пайда табу мүмкіндігі болған жағдайда және оның құны сенімді бағаланғанда ғана жеке актив ретінде көрсетіледі. Ауыстырылған бөлімнің баланстық құны шығынға жазылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар туындауына қарай есептік кезең ішінде кіріске немесе шығынға жатқызылады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Негізгі құрал-жабдықтардың шығуынан болған кіріс немесе шығыс алынған орын толтырудың және олардың баланстық құнының айырмасындағы сомада басқа да операциялық кірістер мен шығындардың құрамында жыл ішіндегі кіріс пен шығыста көрсетіледі.

(ii) Тозу

Тозу жерге есептелмейді. Негізгі құрал-жабдықтардың басқа объектілерінің тозуы олардың бастапқы құнын бірқалыпты шығынға жазу әдісі бойынша оларды тиімді пайдалану мерзімі ішінде олардың тарату құнына дейін есептеледі, атап айтқанда:

	<u>Тиімді пайдалану мерзімі</u> <u>(жылдар саны)</u>
Ғимараттар мен құрылыстар	10-100
Машиналар мен қондырғылар	5-40
Басқалар	5-20

Активтің тарату құны Топ осы сәтте активтің жасы мен оның техникалық жағдайы оны тиімді пайдалану мерзімінің соңында күтілгенге сәйкес келеді деген пайымдаудан шыға келе, сатуға жұмсалған шығындарды шегере отырып, сатудан алуы мүмкін соманы бағалау болып табылады. Топ объектінің физикалық қызмет ету мерзімі аяқталғанша оны пайдалануды пайымдаса, активтің тарату құны нольге тең болады. Активтердің тарату құны мен оларды тиімді пайдалану мерзімдері қайта қаралады және, қажет болса, әрбір есептік кезеңнің соңында түзетіледі.

(iii) Құнсыздану

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық Негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануының белгілерін анықтайды. Егер осындай бір белгі анықталса, басшылық екі шаманың ең үлкені ретінде анықталатын орны толтырылған соманы бағалайды: активті сату үшін шығындарды шегерілген әділ құн және оны пайдалану құндылықтары. Активтің баланстық құны орны толтырылатын құнға дейін азаяды; құнсызданудан болған шығын жылдық кірісте және шығында көрсетіледі. Егер активті пайдалану құндылығын анықтауға негізделген есептік бағалаулар немесе сатуға жұмсалған шығындарды шегере отырып, оның әділ құны өзгерсе, өткен есептік кезеңде танылған активтің құнсыздануынан болған шығын қалпына келтіріледі.

Материалдық емес активтер

Топтың барлық материалдық емес активтері тиімді пайдаланудың белгілі бір мерзіміне ие болады және оған негізінен капиталдандырылған бағдарламалық қамту мен лицензиялар жатады. Алынған бағдарламалық қамту оны сатып алуға және пайдалануға беруге жұмсалған шығындар сомасында капиталдандырылады. Барлық материалдық емес активтер басшылықпен 2 - 25 жылға дейін бағаланатын оларды тиімді пайдалану мерзімі ішінде тік сызықты әдіспен амортизацияланады.

Құнсызданған жағдайда материалдық емес активтердің баланстық құны шамалардың ең үлкеніне дейін шығынға жазылады: оларды пайдалану және әділ құн сатуға жұмсалған шығындар шегерілген құндылықтар.

Егер Топ бизнес болып табылмайтын активтер тобын сатып алған жағдайда, ол топтың құнын топта алу күні жағдайында олардың тиісті әділ құнының негізінде жеке сәйкестендірілетін активтер арасында үлестіреді. Топ Тегіс Мұнай (9 ескертпе) және ПВЭС (8 ескертпе) алуды, бизнесті сатып алу ретінде емес, материалдық емес активтер тобын сатып алу ретінде ескерді. Осы компанияларды сатып алуға жұмсалатын шығындар алынған активтер сомасына сәйкес үлестірілді.

Инвестициялық меншік

Инвестициялық меншікке арендалық табысты алуға немесе капитал құнын ұлғайтуға арналған Топ мүлкі жатады, бұл ретте Топтың өзімен қолданылмайды.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Инвестициялық меншік есептілікте қажет болса, жинақталған тозуы мен құнсыздану резервін шегере отырып, бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Инвестициялық меншіктің мүмкін құнсыздануына нұсқайтын белгілер болған жағдайда, Топ орны толтырылатын құнның көлемін екі шаманың үлкенімен бағалайды: сатуға жұмсалған шығындарды шегере отырып, оны пайдалану құндылықтары немесе әділ құны. Инвестициялық меншіктің баланстық құнының шамасы жылдық кіріс немесе шығыс арқылы орны толтырылатын құнға дейін төмендейді. Егер кейіннен оның орнын толтыру құнын анықтау үшін пайдаланылған бағалар өзгерсе, өткен есептік кезеңдерде танылған активтің құнсыздануынан болған шығын қалпына келтіріледі. Кейінгі шығындар Топтың болашақта осы инвестициялық меншікпен байланысты экономикалық пайда табуы мүмкін болғанда және олардың құнын нақтылықтың жеткілікті дәрежесімен анықтау мүмкін болған жағдайда капиталдандырылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындарға туындауына қарай болған шығындар жатады.

Меншік иесі инвестициялық меншікке жататын активтерді алған жағдайда олар Негізгі құрал-жабдықтар санатына ауыстырылады, ал олардың баланстық құны басқа санатқа ауыстыру күні жағдайында осы сәттен бастап келесі амортизациялауға жататын осы активтердің шартты есептелген құнымен саналады.

Инвестициялық меншіктің тозуы оларды тиімді пайдалану мерзімі ішінде оның бастапқы құнын оның тарату құнына дейін бірқалыпты шығынға жазу әдісі бойынша есептеледі, атап айтқанда :

	<u>Пайдалы пайдалану мерзімі</u> <u>(жылдар саны)</u>
Бөгет және басқа гидроқұрылыстар	100
Басқалар	5-20

Алынған арендалық пайда түсім құрамында жылдық кірісте немесе шығында есептеледі .

Гудвил

Гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, ондайлар бар болса, өзіндік құны бойынша есептеледі. Гудвил ақша қорын туындатушы бірліктерге немесе бірігудің нәтижесінде синергиядан ұтады деген болжаммен осындай бірліктердің топтарына жатады. Осы бірліктер немесе бірліктер топтары ең төменгі деңгейді білдіреді, онда Топ гудвилды бақылайды және өзінің өлшемі бойынша олар операциялық сегменттен аспайды.

Гудвилды құнсызданға тестілеу кем дегенде жылына бір рет Топпен жүргізіледі, сонымен қатар, оның мүмкін құнсыздануының белгілері болған барлық жағдайларда. Гудвилдың баланстық құны осы шамалардың қайсысы жоғары болатынына қарай сатуға жұмсалған шығындарды шегере отырып, пайдалану құндылығына немесе әділ құнға тең құны өтелетін сомамен салыстырылады. Құнсыздану бірден шығындар құрамында мойындалады және кейіннен түзетілмейді.

Осы ақша қорын туындатушы бірлікпен жүзеге асырылатын қызметті тарату кезінде шығарылатын қызметпен ассоциацияланатын гудвил шығудан болған кірісті немесе шығынды анықтау кезінде қызметтің баланстық құнға енгізіледі және шығарылған қызметтің салыстырмалы құнының және сақталған ақша қорын туындатушы бірліктің бөлігінің негізінде бағаланады.

Операциялық жалға беру

Топ меншік құқығынан туындайтын маңызды тәуекелдер мен пайдалардың Жалға берушіден Топқа өтуі қарастырылмаған арендалық келісім бойынша жалға беруші болған жағдайда, арендалық төлемдердің жалпы сомасы, соның ішінде күтілетін арендалық келісімді бұзумен байланысты төлемдер жалға алу мерзімі ішінде бірқалыпты жыл бойы кірісте немесе шығында көрсетіледі.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар екі шаманың ең азымен ескеріледі: өзіндік құны мен сатудың таза бағасы. Қорлардың өзіндік құны «first in first out» («ФИФО») әдісі арқылы анықталады. Дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құнына шикізат пен материалдардың құны, өндірістік жұмысшылардың еңбегіне төлеу шығындары және абсқа да тікелей шығындар, сонымен қатар, өндірістік жүкқұжаттардың тиісті үлесі жатады, және несиелік қаражат бойынша шығындар жатпайды. Сатудың таза құны – бұл сату бойынша шығындар мен өндірісті аяқтауға жұмсалатын шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында ықтимал сатудың есептік бағасы.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз және басқа дебиторлық қарыз

Салықтар мен жеткізушілерге төленетін аванстар бойынша алдын ала төлемдерден басқа негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз және басқа дебиторлық қарыз, бастапқыда әділ құн бойынша танылады және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген, осындай қарыздың құнсыздану резерві шегерілген амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыздың құнсыздану резерві Топтың әуелден белгіленген мерзімде оған тиісті толық соманы Топтың ала алмайтынына объективті дәлелдер болған жағдайда құрылады. Резерв шамасын активтің баланстық құны мен бастапқыда белгіленген тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған болашақта күтілетін ақшалай ағындардың келтірілген құнының арасындағы айырмашылық құрайды. Резерв жылдық кіріс пен шығын арқылы көрсетіледі. Топ дебиторлық қарыздың құнсыздануын бағалау кезінде ескеретін негізгі фактор оның мерзімінің өтуі болып табылады.

Құнсызданудан болған шығынның объективті белгілерінің бар болуын анықтауға негіз болған басқа негізгі критериілер төменде көрсетілген:

- кез келген кезекті төлемнің мерзімін асыру, бұл ретте уақытылы төлемеу есептік жүйелердің жұмысындағы кідірулермен түсіндіріле алмайды ;
- контрагент айтарлықтай қаржылық қиындықтарға ие, бұл Топтың қарауындағы контрагент туралы қаржылық ақпаратпен расталады ;
- контрагент банкроттық немесе басқа қаржылық қайта ұйымдастыруды жариялау мүмкіндігін қарастырады ;
- контрагентке әсер ететін ұлттық немесе жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгеруінен туындаған контрагенттің төлем статусын жағымсыз өзгертудің болуы .

Жеткізушілерге төленетін аванстар құнсыздану резерві шегерілген соң есептілікте бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Аванстар ұзақ мерзімді болып классификацияланады, егер оларға жатқызылатын тауарларды немесе қызметтерді алудың күтілетін мерзімі бір жылдан артық болса, немесе аванстар бастапқы тану кезінде есептілікте ұзақ мерзімді болып есепке алынатын активтерге жатқызылады. Активтерді сатып алу үшін берілетін аванстар сомасы Топ осы активтерді бақылауға алған кезде және олармен байланысты болашақ экономикалық пайдаларды Топтың алу мүмкіндігі болған жағдайда олардың баланстық құнына енгізіледі. Басқа аванстар оларға жататын тауарларды немесе қызметтерді алған кезде шығынға жазылады. Егер аванстарға жататын активтер, тауарлар немесе қызметтердің алынбайтынына белгілер болса, аванстардың баланстық құны азайтылуға тиіс, және құнсызданудан болған тиісті шығын жылдық кіріс пен шығын арқылы көрсетіледі.

Салықтар бойынша құнсыздану резервін шегере отырып, алдын ала төлемдер іс жүзінде төленген сомалар бойынша көрсетіледі .

Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Ақша қаражаттары және олардың баламаларына кассадағы ақшалай қаржы мен ағымдағы банктік шоттардағы қаржылар жатады. Ақша қаражаттары және олардың баламалары тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті жасау үшін пайдаланылуы шектелген ақшалай қаржының қалғаны ақшалай қаржының және оның баламаларының құрамынан шығарылады. Айырбас операцияларға есептік кезеңнен кейін кем дегенде он екі ай бойы шектеулер белгіленген ақшалай қаржының қалғаны немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға басқа ұзақ мерзімді активтер құрамына жатқызылады; үш айдан артық, бірақ есептік кезеңнен кейін он екі айдан кем уақытқа шектеулер қойылған ақша қаражаттары басқа қысқа мерзімді активтер құрамына енгізіледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)***Сатуға және шығатын топтарға арналған ұзақ мерзімді активтер***

Егер олардың баланстық құны есептік кезеңнен кейін 12 айдың ішінде негізінен сату арқылы орны толтырылса, ұзақ мерзімді активтер пен шығу топтары (оған ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтер кіруі мүмкін) қаржылық жағдай туралы есепте «сатуға арналған және шығу топтарына арналған ұзақ мерзімді активтер» ретінде көрсетіледі. Активтер классификациясы төменде аталған барлық шарттар болған жағдайда өзгертілуі тиіс: (а) Активтер олардың ағымдағы жағдайында дереу сатуға дайын; (б) Топ басшылығы сатып алушыны іздеу бойынша қолданыстағы бағдарламаны бекітті және оны жүзеге асыруға кірісті; (в) олардың ағымдағы әділ құнына негізделген болып табылатын баға бойынша активтерді сату үшін белсенді маркетинг жүргізледі; (г) сату бір жылдың ішінде жүзеге асырылады деп күтілуде, және (д) сату жоспарын айтарлықтай өзгерту немесе тоқтату күтілмейді.

Ағымдағы есептік кезеңде қаржылық жағдай туралы есепте сатуға арналған болып классификацияланған ұзақ мерзімді активтер мен шығу топтары басқа санатқа ауыстыруға жатпайды және ағымдағы есептік кезеңнің соңында классификацияға сәйкес келтіру үшін қаржылық жағдай туралы есепте салыстырмалы мәліметтерді ұсыну формасын өзгертпейді.

Шығу тобы сату немесе бір сату операциясы барысында бір топ тәсілімен басқа жолмен шығуы тиіс активтер тобын (ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді), және осы операция кезінде берілетін осы активтерге жататын міндеттемелерді білдіреді. Егер шығу тобына алу кезінде гудвил үлестірілген ақшалай ағынды генерациялайтын бірліктің бөлігі қосылса, Гудвил шығу тобының құрамында есепке алынады. Ұзақ мерзімді активтер – бұл есептік кезеңнен кейін 12 айдың ішінде орны толтырылмайды немесе алынбайды деп күтілетін сомалар кіретін активтер. Егер классификацияны өзгерту қажеттілігі туындаса, мұндай өзгеріс қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді актив үшін де жүргізіледі.

Сатуға арналған шығу топтары тұтастай сатуға шығындарды шегере отырып, ең аз баланстық құны және әділ құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтер амортизацияланбайды.

Тікелей шығу тобына жататын және шығу кезінде берілетін міндеттемелер басқа санатқа ауыстыруға жатады және қаржылық жағдайы туралы есепте жеке жолмен көрсетіледі .

Тоқтатылған қызмет

Тоқтатылған қызмет Топтың шығып кеткен, немесе сатуға арналған болып классификацияланатын және: (а) жеке маңызды қызмет түрі немесе операциялар жүргізетін географиялық аймақ болып табылатын; (б) жеке маңызды қызмет түрінің немесе операциялар жүргізетін географиялық аймақтың бірыңғай үйлестірілген шығу жоспарының бөлігі болып табылатын; немесе (в) тек қана одан әрі сату мақсатымен ғана алынған еншілес кәсіпорын болып табылатын компоненті болып табылады. Тоқтатылған қызметтен болған ақша қаражатының кірістері мен шығындары, егер ондайлар бар болса, жалғасатын қызметтен бөлек көрсетіледі; бұл ретте салыстырмалы көрсеткіштерді ұсыну тиісті дәрежеде өзгереді.

Акционерлік капитал

Қарапайым акциялар капитал ретінде классификацияланады. Тікелей жаңа акцияларды шығаруға байланысты қосымша шығындар капитал құрамында, салықтар шегерілген, түсімдер сомасынан шегерулер ретінде көрсетіледі. Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен акцияларды әрбір жеке шығарған жағдайда әрбір акцияның құны, сонымен қатар, заңнамаға сәйкес акцияның саны анықталады.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және есептік кезең соңында олар жарияланған және есептік кезеңнің соңына дейін бекітілген жағдайда капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат есептілікте ашылады, егер олар есептік кезеңнің соңына дейін ұсынылса, сонымен қатар, есептік кезең аяқталған соң, бірақ қаржылық есептілікті шығарылымға бекіту күніне дейін ұсынылса немесе жарияланса.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)***Қосымша құн салығы***

Сату кезінде туындайтын қосымша құн салығы (бұдан әрі «ҚҚС») тауарларды тиеу және қызметтерді көрсету кезінде салық органдарына төленуі тиіс. Тауарларды және қызметтерді алу кезінде төленген ҚҚС жеткізушіден салықтық шот-фактура алған кезде төленуге тиіс ҚҚС есебіне ескерілуі мүмкін. Салық заңнамасы ҚҚС төлеуді таза негізде жүргізуге мүмкіндік береді. Сәйкесінше, сату мен алу бойынша ҚҚС қаржылық жағдай туралы есептілікте таза негізде көрсетіледі. Орнын толтыруға арналған ҚҚС ұзақ мерзімді актив ретінде классификацияланады, егер оны өтеу есептік кезеңнен кейін бір жылдың ішінде қарастырылмаса.

Резервтер

Егер Топ өткенде белгілі бір оқиғадан кейін оны реттеу үлкен ықтималдылықпен ресурстардың сыртқа ағылуы мүмкін және ақшалай көрсеткіште жеткілікті сенімділік дәрежесімен бағалауға болатын заңды немесе практикамен қалыптасқан негізделген міндеттемелерге ие болса, резервтер танылады. Резервтер болашақ операциялық шығындар бойынша танылмайды.

Құл қоймаларын қалпына келтіру резерві

Құл қоймаларын қалпына келтіру резерві тиісті міндеттемелердің туындауының жоғары ықтималдылығы мен олардың сомаларын мүмкін негізділігінің жоғары кезінде танылады. Құл қоймаларын қалпына келтіру бойынша шығындарға құрамына құл қоймасының инфрақұрылымының объектілерін демонтаждауға немесе бұзуға жұмсалған шығындар, қоршаған ортаны тазарту, лас заттардың шығарылуына мониторинг жүргізу жатады. Қалпына келтіру үшін бағалау шығындары бойынша резерв қалыптасады және бағаланған болашақ шығындардың келтірілген таза сомасының негізінде қалдықтарды шығарудың тиісті фактісінен туындайтын міндеттеме шығатын есептік кезеңдегі Негізгі құрал-жабдықтарға жатады. Құл қоймаларын қалпына келтіру резервіне болашақта залал келтіруге немесе бұзушылық фактілеріне байланысты туындайды деп күтілетін қандай да болмасын қосымша міндеттемелер жатпайды. Шығындарды бағалау қалпына келтіру жоспарының негізінде жүргізіледі. Шығындардың бағалау мәндерінің сомалары жыл сайын пайдалануға қарай белгілі өлшемдерді ескере отырып, есептеледі, мысалы, жаңартылған бағалау сомаларының және қайта қарастырылған активтерді немесе операциялық қызметті пайдалану мерзімдері, жүйелі түрде ресми тексерулер жүргізу.

Қажетті шығындардың нақты сомасы белгісіз болса да, Топ өзінің шығындарын қалдықтар полигондарын қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізудің қолданыстағы техникалық ережелеріне және нормаларына сәйкес техникалық-экономикалық негіздемеге және инженерлік зерттеулерге қарап бағалайды.

Резервтердің келтірілген таза құнын анықтау кезінде қолданылатын дисконт амортизациясы немесе «жоққа шығару» сомасы әрбір есептік кезең үшін қызмет нәтижелеріне жатады. Дисконт амортизациясы қаржылық шығындар құрамында көрсетіледі.

Қызметкерлерге төленетін сыйақылар***(i) Қызметкерлерге төленетін ұзақ мерзімді сыйақылар***

Ұжымдық еңбек келісімшарт ережелеріне сәйкес, Топ компаниялары өздерінің қызметкерлерін зейнеткерлікке шыққанға дейін, сол сәтте және шыққаннан кейін ұзақ мерзімді сыйақылармен қамтамасыз етеді. Келісімшарттарда зейнеткерлікке шығуы бойынша бірреттік жәрдемақы төлеу, еңбекке жарамсыз болып қалған, мерейтой болған немесе өлген жағдайда Топ қызметкерлеріне қаржылық көмек көрсету қарастырылған. Жекелеген жәрдемақыларды алуға құқық әдетте зейнеткерлікке дейін қалған мерзімге және қызметкерде ең аз жұмыс өтілінің болуына байланысты ұсынылады.

Бірреттік жәрдемақылар төлеу бойынша күтілетін шығындарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде еңбек қызметінің аяқталуы бойынша белгіленген сыйақымен зейнеткерлік жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша жүзеге асырылады. Топтың қаржыландырылатын зейнеткерлік сызбалары жоқ. Әрбір есептік кезең соңында танылатын міндеттеме зейнеткерлік міндеттемелердің ағымдағы құны болып табылады. Жыл ішінде туындайтын актуарийлік кірістер мен шығындар жылдық кіріс пен шығында көрсетіледі. Осы мақсатта актуарийлік кірістер мен шығындарға актуарийлік болжалдардағы өзгерістер де, актуарийлік болжалдардың іс жүзіндегі мәліметтерден өзгешелігіне қатысты өткендегі тәжірибенің ықпалы да жатады.

Зейнеткерлік міндеттемелердің ағымдағы құнындағы басқа өзгерістер де жылдық кіріс пен шығында танылады, соның ішінде қызметтер бойынша ағымдағы шығындар.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Зейнеткерлік міндеттемелерді есепке алуда пайдаланылған ең маңызды болжалдар, – бұл дисконт мөлшерлемесі және кадрлардың ағылуы туралы болжамдар. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады, және әрбір жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконтты жоққа шығару қаржылық шығындар ретінде жылдық кіріс пен шығынға жатқызылады. Кадрлардың ағылуы туралы болжамдар кейіннен келтірілген таза міндеттемелердің құнын алу үшін дисконтталатын сыйақылар төлеудің болашақ ағынын болжау үшін қолданылады.

Мұндай міндеттемелер жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлермен бағаланады.

(ii) Еңбекақы төлеу шығындары мен байланысты есептеулер

Еңбекақы, зейнеткерлік аударымдар, әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар, төленген жыл сайынғы демалыстар мен науқастанғаны үшін жасалатын төлемдер, сыйақылар мен ақшалай емес жеңілдіктер Топ қызметкерлерінің тиісті жұмыстарды жүзеге асыруына қарай есептеледі. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Топ өзінің қызметкерлерінің атынан осындай зейнеткерлік және демалыс жәрдемақыларын ұстап қалады. Ұжымдық еңбек келісімшартына енгізілмеген қызметкерлерге қатысты жұмыскерлер зейнеткерлікке шыққан кезде Топтың қаржылық міндеттемелері тоқтатылады және барлық төлемдер мемлекеттік және жеке меншікті жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалады.

Несиелер

Несиелер амортизацияланған құн бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі бойынша көрсетіледі.

Несиелер әуел бастан әділ құн бойынша көрсетіледі, келісім бойынша шығындар шегеріледі және кейіннен амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі; алынған қаржы сомасы (келісім бойынша шығындар) мен өтелетін құнның арасындағы айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, қыс кезеңінде кірісте және шығында танылады.

Акционерлердің несиелерін есепке алған жағдайда нарықтық емес жағдайларда Топ кірісті пайда ретінде жылдық кірісте және шығында бастапқы тануда немесе капиталға жарна ретінде тікелей капиталда көрсетеді. Операцияның экономикалық мағынасын көрсететін есепке алу тәртібі барлық ұқсас операцияларға жүйелі түрде қолданылады және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

Мақсатты пайдалану үшін дайындау немесе сату үшін міндетті түрде айтарлық уақыт қажет болатын тікелей активтерді алуға, салуға немесе шығаруға қатысты несиелер бойынша шығындар (бұдан әрі «белгілі бір талаптарға сай активтер») капиталдандырылады. Несиелер бойынша басқа шығындар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып шығындар құрамында танылады. Топ белгілі бір талаптарға сай активтер бойынша капиталдық шығындар жасамағанда болдырмау да мүмкін болған несиелер бойынша шығындарды капиталдандырады. Капиталдандырудың бастапқы күні (а) Топ белгілі бір талаптарға сай атив бойынша шығындарды көтергенде; (б) несиелер бойынша шығындарды көтергенде; және (в) активті мақсатты пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті шараларды жүзеге асырғанда болады. Капиталдандыру белгілі бір талаптарға жауап беретін активті мақсатты дайындау немесе сату үшін дайындау үшін қажетті шаралардың барлығын жүзеге асырғаннан кейін тоқтатылады.

Несиелер Топта есептік кезеңнен кейін кем дегенде он екі айға міндеттемелер бойынша есептеулер мерзімін ауыстырудың сөзсіз құқығы болмаған кезде қысқа мерзімді міндеттемелер құрамында көрсетіледі.

Негізгі қызмет бойынша кредиторлық қарыз және басқа да кредиторлық қарыз

Негізгі қызмет бойынша кредиторлық қарыз және басқа да кредиторлық қарыз контрагенттің өзінің міндеттемелерін орындау фактісі бойынша есептеледі. Негізгі қызмет бойынша кредиторлық қарыз және басқа да кредиторлық қарыз алынған аванстарды есептемегенде, бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен амортизацияланған құн бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, ескеріледі. Алынған аванстар үшінші тараптардан алынған іс жүзіндегі сомалар бойынша көрсетіледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Үкіметтік гранттар

Үкімет ұсынған гранттар егер гранттың алынатынына және Топтың грантты ұсынумен байланысты барлық талаптарды орындайтынына сенімділік болған жағдайда, әділ құны бойынша танылады.

Шығындармен байланысты үкіметтік гранттар болашақ кезеңдерге қатысты болады, болашақ кезеңдерге жатады және басқа операциялық қызметтер құрамында олар компенсациясына бағытталған шығындарға сәйкес келтіру үшін қажетті кезең ішінде жылдық кірістер немесе шығыстар арқылы танылады.

Табысты тану

Табыс Топ болашақ экономикалық пайданы алу және сенімді өлшенуі мүмкін болған кезде танылады. Табыс қосымша құн салығы мен жеңілдіктерді шегере отырып көрсетіледі.

Электр және жылу энергиясын және ыстық суды сатудан түсетін табыс электр және жылу энергиясын және ыстық суды жеткізуге қарай есептеу әдісімен танылады. Электр энергиясын тарату қызметінен түскен табыс есептік кезең ішінде таратылған электр энергиясының нақты көлемінің негізінде танылады. Табыс сомасы тиісті қызметтер үшін бекітілген тарифтерден шыға келе анықталады.

Тауарларды сатудан түскен табыс тауарларға меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайданың өтуі кезінде, әдетте тауарларды тиеу сәтінде танылады. Тауарларды сатудан түскен түсім сомасы Топтың әдеттегі қызметінің барысында тауарлар мен қызметтерді сатудан алынған немесе алынуы тиіс сыйақының әділ құны бойынша анықталады.

Егер бартерлік келісім бойынша алынған тауардың әділ құнын сенімді бағалау мүмкін болмаса, онда табыс сатылған тауарлар мен қызметтердің әділ құны бойынша бағаланады.

Пайыздық кірістер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пропорционалды негізде танылады.

Барлау бойынша активтер

Барлау бойынша активтер мен бағалаулар қажет болғанда құнсыздану резервін шегере отырып, бастапқы баға бойынша бағаланады.

(i) Тану және кейінгі бағалау

Барлау бойынша активтерге барлау мен өндіруге құқықтарды алуға шығындар, барлау мен бағалауға жұмсалатын тиісті шығындар және басқа да тікелей байланысты шығындар жатады. Мұндай активтер ХҚЕС 6 «Минералды ресурстарды барлау және бағалау» көрсетілген тиісті белгілердің негізінде құнсыздану мәніне бағаланады.

Барлау бойынша активтерге барлауға, геологиялық және геофизикалық зерттеулерге, өнімді және өнімді емес барлау ұңғымаларын бұрғылауға құқықтарды алу бойынша капиталдандырылған шығындар, қосалқы қондырғылар мен құралдардың құны, сонымен қатар, барлаумен және бағалаумен тікелей байланысты өндірістік және басқа жалпы үстеме шығындар жатады.

Сатып алу бойынша шығындарға жазылу бонусының құны мен жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін жұмсалған басқа шығындар жатады.

Барлау бойынша қызметке тікелей қатысы жоқ әкімшілік шығындар (кеңсе бөлмесін, кеңсе көлігін жалға алу, әкімшілік қызметкерлерді ұстау), олардың туындауына қарай шығындарға жазылады.

Барлау бойынша активтер минералды ресурстарды алудың техникалық негізділігі мен коммерциялық мақсаттылығы айқын болғанда классификациялануын тоқтатады. Коммерциялық қорлар анықталған жағдайда барлау және бағалау бойынша бағалар барлау бойынша материалдық және материалдық емес активтерге ауысады және дәлелденген және дәлелденбеген өндірілген қорлардың негізінде өндірістік әдіс бойынша амортизацияланады. Кен орындарын алуға дейінгі әрекет барлауға дейінгі (немесе лицензияға дейінгі) болып анықталады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

(ii) Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

Барлау және бағалау бойынша активтер тексеру кезінде материалдық немесе материалдық емес активтерді санаттарға реклассификациялау кезінде немесе құнсызданудың қандай да болмасын белгілері туындаған жағдайда құнсыздануға тексеріледі. Құнсызданудан болған шығын барлау және бағалау бойынша активтердің баланстық құны олардың орны толтырылатын сомадан артық болған сомада танылады. Орны толтырылған сома екі шаманың ең үлкені болып анықталады: активтерді сатуға жұмсалған шығындар мен пайдалану сомасы шегерілген әділ құн.

Бағалау бойынша активтер келесі фактілердің немесе жағдайлардың (бұл тізім түбегейлі емес) бірі немесе бірнешеуі болған жағдайда құнсыздану мәніне тексеріледі:

- Топтың белгілі бір учаскеде барлау жүргізуге құқығының әрекет ету мерзімі өтіп кетті немесе жақын арада өтеді және оны ұзарту күтілмейді ;
- Белгілі бір учаскеде минералдық ресурстарды одан әрі барлау мен бағалауға айтарлықтай шығындар бюджетте қарастырылмаған және жоспарланбаған;
- белгілі бір учаскеде минералдық ресурстарды барлау және бағалау коммерциялық өндірілетін минералдық ресурстарды табуға әкелген жоқ, және Топ белгілі бір учаскеде қызметін тоқтату туралы шешім қабылдады;
- дәлелденген мәліметтер белгілі бір учаскеде тексеруді жалғастыруға қарамастан барлау мен бағалау бойынша активтердің баланстық құнының орнын толық толтыру табысты тексеру немесе сату нәтижесінде екіталай.

Өзара есепке алу

Сатып алу-сату операцияларының бір бөлігі өзара есепке алуды, бартерлерді неме ақшалай формадағы басқа есеп айырысуларды пайдалана отырып жүзеге асырылады. Әдетте бұл операциялар әртүрлі тауарлармен алмасу формасында немесе қызметтермен өнеркәсіптік және коммерциялық тұтынушылармен өзара есепке алу формасында жүргізіледі.

Есептеулері өзара есепке алу. Бартер немесе ақшалай емес формадағы басқа есептеулер арқылы жүзеге асыру жоспарланған сатып алу-сату операциялары Топ компанияларының басшылығымен ақшалай емес есеп айырысулардың нәтижесінде алынатын немесе берілетін активтердің әділ құнын бағалаудың негізінде танылады. Әділ құны ашық нарықтық ақпарат негізінде анықталады.

Ақшалай емес операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы септен алынып тасталды. Инвестициялық және қаржылық операциялар, сонымен қатар, операциялық қызметтің қорытынды нәтижесі осы есепте ақша қаражатының іс жүзіндегі қозғалысынан шшыға келе ұсынылды.

Сегменттік есептілік

Сегменттер бойынша есептілік операциялық шешімдерді қабылдау үшін жауапты Топ тұлғасына немесе органына ұсынылатын ішкі есептілікке сәйкес жасалады. Егер табыстары, қаржылық нәтижесі немесе активтері барлық сегменттердің қосылған активтерінің кем дегенде он пайызын құраса, сегмент жеке ашуға жатады.

Табыс салығы

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте табыс салығы қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соғында күшіне енген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген. Табыс салығы бойынша шығындарға ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар жатады және жылдық кірістер және шығында көрсетіледі. Егер олар осы немесе басқа кезеңдерде басқа жиынтық табыстың немесе тікелей капитал құрамында көрсетілген операцияларға жатуына байланысты басқа жиынтық пайда құрамында немесе тікелей капитал құрамында көрсетілмеуі тиіс болса.

Ағымдағы салық ағымдағы және өткен кезеңдер үшін салық салынатын кіріс немесе шығынға қатысты мемлекеттік бюджеттен орны толтырылатын немесе оған төленетін сома болып табылады. Салық салынатын кіріс немесе шығындар бағалау көрсеткіштеріне негізделеді, егер қаржылық есептілік тиісті салық декларациясын бергенге дейін бекітілсе. Табыс салығынан өзге, басқа да салықтар операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Кейінге қалдырылған табыс салығы болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығындары және активтер мен міндеттемелер мен қаржылық есептіліктегі олардың баланстық құнының арасында туындайтын уақыт айырмашылығы бөлігінде баланстық міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі. Бастапқы тану үшін жасалатын ерекшелікке сәйкес, бизнесті біріктірумен байланысты емес операциялар бойынша активтерді немесе міндеттемелерді бастапқы тану кезінде туындайтын кейінге қалдырылған салықтар уақыт айырмашылықтарына қатысты танылмайды, егер ондайлар бухгалтерлік, салық салынатын пайдаға да ықпал етпесе. Кейінге қалдырылған баланстық шама қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында негізінен күшіне енген және уақыт айырмашылықтарын түзету кезеңінде қолданылады деп күтілетін немесе болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығындарын пайдаланудың салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған салық активтері Топтың жекелеген әрбір компаниясы аясында кейінге қалдырылған салық міндеттемелеріне қарсы есепке алынады. Кейінге қалдырылған салық активтері шегерілетін уақыт айырмашылығына және болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығындарына қатысты тек осындай шегерулер сомасына азайтылуы мүмкін болашақта салық салынатын кіріс табу ықтималдылығы жоғары болған жағдайда ғана танылады.

Топ еншілес компаниялардың дивиденділеріне салықтарға немесе оларды сатудан кірістерге қатысты уақыт айырмашылықтарын түзетуді бақылайды. Топ осындай уақыт айырмашылықтары бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін көрсетпейді, тек басшылық алдағы уақытта уақыт айырмашылықтарын түзетуді күткен жағдайлардан басқа кезде.

Негізгі құрал-жабдықтарның және күл қоймаларын қалпына келтіру резервінің құнына жатқызылған күл қоймаларын қалпына келтіруге шығындар құнының салықтық базасын анықтау кезінде Топ болашақ салықтық шегерулерді міндеттемелерге бөледі. Осы тәсілге сәйкес бастапқы тану кезінде ерекшеліктер жасалмайды. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме Негізгі құрал-жабдықтарның құнына жатқызылған күл қоймаларын қалпына келтіруге жұмсалатын шығындар бойынша салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты танылады, ал актив табыс салығы бойынша танылады, жоғарыда аталған тану шарттарын ескере келе, шегерілетін уақыт айырмашылықтарына қатысты күл қоймаларын қалпына келтіру резерві бойынша.

Басшылық әрбір есептік кезеңнің соңында Топтың анықталмаған салықтық позицияларына қайта бағалау жүргізеді. Міндеттемелер басшылықтың бағалауы бойынша (қолданыстағы немесе есептік кезең соңында қабылданған салық заңнамасын немесе кез келген белгілі тиісті сот немесе басқа қаулыны интерпретациялауға негізделген) табыс салығының позициялары бойынша көрсетіледі, бәрінен бұрын салық органдары осы позицияларды даулаған жағдайда қосымша салық есептеулеріне әкелуі мүмкін. Айыппұлдар, әсімақылар мен салықтар бойынша міндеттемелер, табыс салығынан басқа, есептік кезең соңында міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығындарды басқаруды барынша нақты бағалау негізінде көрсетіледі.

Қаржылық есептілікті ұсынудағы өзгерістер.

2014 жылғы 24 шілдеде Директорлар кеңесі Үкіметтің профильдік емес активтерді жекешелендіру туралы қаулысына сәйкес бірнеше еншілес компанияларды сату бойынша жоспарды бекітті. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ШҚАЭК, ШЭТ, МРЭК, Ақтөбе ЖЭО, ЖГРЭС барлық активтері мен міндеттемелері сатуға арналған шығу тобына қосылды. ШҚАЭК, ШЭТ, МРЭК, Ақтөбе ЖЭО, ЖГРЭС операциялары қызметтің жеке маңызды түрін ұсынатындықтан, бұл шығу тобы өткен жылғы шоғыландырылған қаржылық есептілікте тоқтатылған қызмет ретінде ұсынылды. 2015 жылғы 31 наурызда Топ «Тараз-Энерго 2005» ЖШС компаниясының ЖГРЭС үлесінің 50%-ын сату туралы шартқа қол қойды. Сату құны 2,469,307 мың теңгені құрады. Меншік құқығын өткізуді тіркеу 2015 жылғы 18 мамырда аяқталды. ШҚАЭК, ШЭТ, МРЭК, Ақтөбе ЖЭО сату 2015 жыл ішінде іске асырылмады.

2015 жылғы желтоқсанда ҚР Үкіметінің «2016-2020 жж. арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» жаңа қаулысы қабылданды. Аталған қаулы шеңберінде бұрын өткізілген шаралар мен рәсімдер күшін жойды, сату процесі ұзақтығы ішкі және сыртқы факторларға тәуелді болатын бірнеше кезеңнен тұрады.

Тұрақсыз экономикалық жағдайға байланысты Топ активтерді сату тәртібі және іске асыру мерзімінде кейбір анықталмаған жайттар бар деп есептейді. Бұған қоса, шығу тобының кәсіпорындары бұрын жоспарланғандай 2015 жыл ішінде іске асырылмады. Басшылық шығу тобы 2016 жыл ішінде сатылмауы мүмкіндігі бар екендігін бағалады. Соған байланысты, ШҚАЭК, ШЭТ, МРЭК, Ақтөбе ЖЭО активтері мен міндеттемелері 2015 жылғы 31 желтоқсанда тоқтатылған қызметтен жалғастырылатын қызметке қайта ауыстырылды. Салыстырмалы ақпарат шығу тобынан ауыстыру нәтижелерін көрсету үшін қайта есептелді.

Төмендегі кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсанда өзгерістердің көрсеткіштерге ықпалы ұсынылады:

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Бастапқы ұсынылған сома	Ақтөбе ЖЭО	МРЭК	ШҚАЭК	ШЭТ	Топтың ішкі операциялары және түзетулер	31 желтоқсан 2014 ж. қайта жіктеуден кейінгі сома
АКТИВТЕР							
Ұзақ мерзімді активтер							
Негізгі құрал	710,404,916	8,304,524	16,597,944	11,944,959	123,492	(66,776)	747,309,059
Инвестициялық меншік	882,542						882,542
Материалдық емес активтер	2,052,308	26,609	203,536	27,070	141,020	-	2,450,543
Барлау активтері	11,448,375	-	-	-	-	-	11,448,375
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	78,896,702	-	-	-	-	-	78,896,702
Басқа ұзақ мерзімді активтер	18,665,204	102,135	-	201,307	15,961	(201,307)	18,783,300
Барлық ұзақ мерзімді активтер	822,350,047	8,433,268	16,801,480	12,173,336	280,473	(268,083)	859,770,521
Қысқа мерзімді активтер							
Тауар-материалдық қорлар	12,035,047	433,887	347,681	14,990	222,184	-	13,053,789
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа дебиторлық берешек	11,726,504	570,627	333,370	145,750	2,157,411	(1,855)	14,931,807
Басқа қысқа мерзімді активтер	42,438,992	47,576	79,192	328,837	954,826	(634,630)	43,214,793
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	1,281,982	92,237	-	156,509	48,285	-	1,579,013
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	20,592,055	62,772	306,967	10,734	685,639	-	21,658,167
Сатуға арналған шығу топтарының активтері	43,984,770	-	-	-	-	(43,984,770)	-
Барлық қысқа мерзімді активтер	132,059,350	1,207,099	1,067,210	656,820	4,068,345	(44,621,255)	94,437,567
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР	954,409,397	9,640,367	17,868,690	12,830,156	4,348,818	(44,889,338)	954,208,090
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Бастапқы ұсынылған сома	Ақтөбе ЖЭО	МРЭК	ШҚАЭК	ШЭТ	Топтың ішкі операциялары және түзетулер	31 желтоқсан 2014 ж. қайта жіктеуден кейінгі сома
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Ұзақ мерзімді міндеттемелер							
Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві	1,203,172	-	-	-	-	-	1,203,172
Қызметкерлерді көтермелеу міндеттемесі	1,033,125	140,487	60,549	103,975	-	-	1,338,136
Қарыздар	280,326,306		4,584,871	1,279,977		(2,466,334)	283,724,820
Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер	6,500,623	-	1,641,027	4,680	-	-	8,146,330
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	77,289,181	307,757	1,192,376	708,629	-	(201,308)	79,296,635
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер	366,352,407	448,244	7,478,823	2,097,261	-	(2,667,642)	373,709,093
Қысқа мерзімді міндеттемелер							
Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві	85,020			10,948			95,968
Қарыздар	38,840,232	200,000	216,404	922,652	857,694	(735,720)	40,301,262
Қызметкерлерді көтермелеу міндеттемесі	69,518	8,274	2,848	13,004			93,644
Міндеттемелер және шығыстар бойынша резервтер	-	-	-	-	-	-	-
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа кредиторлық берешек	36,239,177	1,795,633	2,860,180	2,788,904	2,389,688	(676,323)	45,397,259
Бюджетке төленетін салық және басқа төлемдер бойынша берешек	1,309,377	9,189	29,018	55,933	5,106	-	1,408,623
Төленетін табыс салығы	148,637	-	-	4,153	-	-	152,790
Сатуға арналған шығу тобының міндеттемелері	18,315,579	-	-	-	-	(18,315,579)	-
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер	95,007,540	2,013,096	3,108,450	3,795,594	3,252,488	(19,727,622)	87,449,546

«САМУҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	461,359,947	2,461,340	10,587,273	5,892,855	3,252,488	(22,395,264)	461,158,639
-----------------------------	--------------------	------------------	-------------------	------------------	------------------	---------------------	--------------------

2014 жылғы 1 қаңтардағы қаржылық жағдай туралы үшінші есеп осы қаржылық есептілікте ұсынылмады, себебі ақпарат ұсынуындағы өзгерістер алдағы кезеңнің басында маңызды әсерге ие болмады.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Бастапқы ұсынылған сома	Ақтөбе ЖЭО	МРЭК	ШҚАЭК	ШЭТ	Топтың ішкі операциялары және түзетулер	31 желтоқсан 2014 ж. қайта жіктеуден кейінгі сома
Табыс	178,084,928	5,710,243	8,655,210	10,904,711	26,221,988	(8,426,743)	221,150,337
Сатылымдардың өзіндік құны	(120,997,240)	(4,867,917)	(5,652,962)	(8,458,439)	(25,698,537)	8,468,010	157,207,085
Жалпы табыс	57,087,688	842,326	3,002,248	2,446,272	523,451	41,267	63,943,252
Іске асыру бойынша шығыстар	(2,415,531)	-	(100,636)	-	-	-	(2,516,167)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(11,287,412)	(320,886)	(870,433)	(529,852)	(887,505)	5,357	(13,890,731)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар кірісіндегі үлес	12,957,577	-	-	-	-	-	12,957,577
Активтердің құнсыздануынан шығын	(75,875,134)	-	-	-	-	-	(75,875,134)
Құнсызданған активтерді қалпына келтіру	-	-	-	-	-	(2,785,110)	(2,785,110)
Қаржылық кірістері	8,665,287	569	42,466	633,298	132	(631,530)	8,710,222
Қаржылық шығыстар	(23,567,179)	(8,911)	(385,504)	(289,796)	(65,974)	299,244	(24,018,120)
Басқа кірістер	58,628,812	55,266	176,388	66,177	77,338	(25,666)	58,978,315
Басқа шығыстар	(3,869,049)	(51,727)	(28,409)	(24,392)	(10,140)	2,785,110	(1,198,607)
Сатыл салынғанға дейінгі (шығын)/пайда	20,325,059	516,637	1,836,120	2,301,707	(362,698)	(311,328)	24,305,497
Табыс салығы бойынша шығыстар	(10,061,057)	(134,565)	(401,551)	(454,391)	(3,338)	-	(11,054,902)
Жалғастырылатын қызметтен жыл ішіндегі (шығын)/пайда	10,264,002	382,072	1,434,569	1,847,316	(366,036)	(311,328)	13,250,595
Тоқтатылған қызметтен жыл ішіндегі пайда	2,986,593	-	-	-	-	(2,986,593)	-
Барлығы жыл ішіндегі (шығын)/пайда	13,250,595	-	-	-	-	-	13,250,595

Таныстырудағы өзгерістер.

2015 жылы басшылық жекелеген көрсеткіштерді таныстыру әдісін қайта қарастырды. Бұл ретте ағымдағы жылға қаржылық есептілікті ұсыну мақсаты үшін өткен кезеңдегі салыстырмалы ақпаратты қайта жіктеу жүргізілді.

Активтерді құнсыздандыру резервін құру бойынша шығыстар «Басқа шығыстар» бабынан «Активтердің құнсыздануынан шығындар» бабына қайта жіктелді. Төменде осы қайта қараудың ықпалы ұсынылады:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2014 ж.
Баптағы азаю:	
Басқа шығыстар	2,785,110
Баптағы арту:	
Активтердің құнсыздануынан шығындар	(2,785,110)

3 Жаңа есептік ережелер

Төменде берілген жаңа стандарттар мен түсініктемелер Топтар үшін 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті болды:

ХҚЕС (IAS) 19 түзетулер – «Белгіленген төлемдермен зейнеткерлік жоспарлар: жұмыскерлердің жарналары» (2013 ж. Қарашада шығарылған және 2014 ж. 1 шілдеде басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Түзету кәсіпорындарға жұмыскерлердің жарналарының сомалары оның еңбек ететін жылдарына байланысты болмаса, оның қызмет еткен мерзіміне жатқызудың орнына, жұмыскер тиісті қызметтерді атқарған кезеңде қызметтердің құнын азайту ретінде жұмыскерлердің жарналарын тануға рұқсат етеді. Түзету Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпал тигізбеді.

ХҚЕС, 2012 ж. Жыл сайын жетілдіру (2013 ж. Желтоқсанда шығарылды және 2014 ж. 1 шілдеден бастап немесе басқасы қарастырылмаса осы күннен кейін жылдық кезеңдерде күшіне енеді). Жетілдірулер жеті стандарттағы өзгерістер болып табылады. ХҚЕС (IFRS) 2 «ауысу шарттары» терминін анықтауды нақтылау үшін түзетулер енгізілді және «қызмет нәтижелеріне қол жеткізу шарттары» мен «қызмет ету шарттары» үшін жекелеген анықтамалар енгізілген. Түзету ұсыну күні 2014 жылғы 1 шілдеге немесе одан кешіректеу күнге түсетін акцияларға негізделген төлемдермен операциялар жасау үшін күшіне енеді. ХҚЕС (IFRS) 3 мыналарды түсіндіретін түзетулер енгізілді: (1) қаржылық құралды анықтауға жауап беретін шартты орын толтыруды төлеу бойынша міндеттеме ХҚЕС (IAS) 32 анықтамасының негізінде қаржылық міндеттеме немесе капитал ретінде классификацияланады, және (2) капитал болып табылмайтын кез-келген шартты орын толтыру, қаржылық немесе қаржылық емес болсын, әрбір есептік кезең жағдайында әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнды өзгерту кірісте немесе шығында көрсетіледі. ХҚЕС (IFRS) 3 түзетулер бизнесті біріктіру үшін күшіне енеді, онда алу күні 2014 ж. 1 шілдесіне немесе одан кешірек күнге түседі.

Қайта қарастырылған ХҚЕС (IFRS) 8 сәйкес (1) операциялық сегменттерді біріктіру кезінде ұсынылған басшылықтың кәсіби пікірлеріне қатысты ақпаратты ашуды ұсыну қажет, соның ішінде сегментті біріктіру ұқсас экономикалық ерекшеліктерге ие болатыны фактісін анықтау кезінде бағаланған сегменттерді және экономикалық көрсеткіштерді біріктіру, және (2) сегмент активтерінің есептілігінде көрсеткен кезде компания активтері мен сегмент активтерін салыстыруды орындау керек. ХҚЕС (IFRS) 13 қорытындылар үшін негізге енгізілген түзету ХҚЕС (IFRS) 13 жариялағаннан кейін ХҚЕС (IAS) 39 бірнеше абзацты жою дисконттаудың ықпалы айтарлықтай болмаған жағдайда шотта көрсетілген сома бойынша қысқа мерзімді дебиторлық және кредиторлық қарызды бағалау мүмкіндігін жоққа шығару үшін жасалған жоқ. ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 кәсіпорын құнды қайта бағалау бойынша есепке алу моделін қолданған кезде есепке алуда жалпы баланстық құн мен жинақталған амортизация қалай көрсетілуі тиіс екенін түсіндіретін түзетулер енгізілді. Қайта құрылған ХҚЕС (IAS) 24 сәйкес байланысты тарап болып есеп беруші компанияның немесе есеп беретін бас компанияның («басқарушы компания») аға басқарушы қызметкерлерді ұсыну бойынша қызметтерді көрсететін компания табылады және көрсетілген қызметтері үшін басқарушы компания есеп беруші компанияға аударған сомалар туралы ақпаратты ашу қажеттілігі туралы талап енгізіледі. Түзету Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпал тигізбеді.

ХҚЕС, 2013 ж. Жыл сайынғы жетілдіру (2013 ж. желтоқсанда шығарылды және 2014 ж. 1 шілдесінде басталатын немесе басқасы көрсетілмесе, одан кейінгі күні жылдық кезеңдерде күшіне енеді). Жетілдірулер төрт стандарттағы өзгерістер болып табылады. ХҚЕС (IFRS) 1 қорытындылар үшін негізге енгізілген түзету стандарттың жаңа нұсқасы әлі міндетті болып табылмайтынын, бірақ мерзімінен бұрын қолданылуы мүмкін екенін түсіндіреді; ХҚЕС алғаш рет қолданылатын компания есептілікте ұсынылған барлық барлық кезеңдер бойынша бірдей стандарт қолданылған жағдайда осы стандарттың ескі немесе жаңа нұсқасын пайдалануы мүмкін. ХҚЕС (IFRS) 3 ХҚЕС (IFRS) 11 сәйкес кез келген бірлескен қызметтің қалыптасуын есепке алуға қолданылмайтынын түсіндіретін түзету енгізілді. Бұл түзету сондай-ақ стандартты қолдану аясындағы ерекшеліктер тек бірлескен қызметтік өзінің қаржылық есептілігі үшін ғана әрекет ететінін түсіндіреді. ХҚЕС (IFRS) 13 енгізілген түзетулер кәсіпорынға қаржылық активтердің және қаржылық міндеттемелердің тобының әділ құнын нетто-негізде бағалауға мүмкіндік беретін ХҚЕС (IFRS) 13 қатысты ерекшеліктер барлық келісімдерге (соның ішінде қаржылық емес баптарды сатып алу-сату келісімдері) қатысты ХҚЕС (IAS) 39 немесе ХҚЕС (IFRS) 9 аясында қолданылады. ХҚЕС (IAS) 40 ХҚЕС (IAS) 40 және ХҚЕС (IFRS) 3 стандарттары бір-бірін жоққа шығаратын болып табылмайтынын түсіндіретін түзету енгізілді. Нұсқаулық ХҚЕС (IAS) 40 есептілікті жасаушыларға иесі алып отырған инвестициялық мүлік пен жылжымайтын мүлік арасындағы айырмашылықты жүргізуге көмектеседі. Сонымен қатар, есептілікті құрастырушыларға инвестициялық мүлікті алу бизнесті біріктіру болып табылатынын анықтау үшін ХҚЕС (IFRS) 3 нұсқаулықты зерттеу керек. Осы жетілдіру Топқа айтарлықтай ықпал тигізбеді.

3 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)

Топтың 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңін үшін міндетті болып табылатын және Топ мерзімінен бұрын қабылдамаған бірқатар жаңа стандарттар мен интерпретациялар жарияланды:

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар: Классификациялау мен бағалау» (2014 ж. маусымда енгізілген өзгерістермен, 2018 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді). Жаңа стандарттың негізгі ерекшеліктері мыналарға негізделеді:

- Қаржылық активтер бағалаудың үш санаты бойынша классификациялануы тиіс: кейіннен амортизацияланған құн бойынша бағаланатын, кейіннен өзгеруі басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатындар, сондай-ақ, өзгеруі кіріс немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатындар.
- Борыштық құралдарды классификациялау қаржылық активтерді басқару бойынша кәсіпорынның бизнес-моделіне және келісіммен қарастырылған ақшалай қаржы ағындары негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төлемдер ғана болып табылатынына байланысты болады. Егер борыштық құрал ақша алуға арналса, ол амортизацияланған құн бойынша ескерілуі мүмкін, егер бұл ретте ол да негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төлемдерді ғана қарастырса. Тек негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төлемдерді ғана қарастыратын және портфельде ұсталатын борыштық құралдар кейіннен басқа жиынтық кіріс құрамында әділ құн бойынша бағаланатын ретінде классификациялануы мүмкін, егер кәсіпорын оларды активтер бойынша ақша ағындарын алу үшін ұстап отырса, және активтерін сатса. Негізгі қарыз бен пайыздар есебіне төлемдер ғана болып табылатын ақша қаражаты жоқ қаржылық активтерді өзгеруі кірістің немесе шығынның құрамында көрсетілетін (мысалы, туынды қаржы құралдары) әділ құн бойынша бағалау керек. Кіріктірілген қаржы құралдары енді қаржы активтерінен бөлінбейді, бірақ негізгі қарыз бен пайыздардың есебіне төленетін төлемдер ғана қарастырылған шарттарды бағалау кезінде ескеріледі.
- Үлестік құралдарға инвестициялар әрқашан да әділ құн бойынша бағалануы тиіс. Бұл ретте өкпал саудаға арналмаған болса, басшылық басқа жиынтық кіріс құрамында өзгертуге жатпайтын әділ құнның өзгеруін көрсету туралы шешім қабылдауы мүмкін. Егер борыштық құрал саудаға арналса, онда әділ құнның өзгеруі кірістің немесе шығынның құрамында көрсетіледі.
- ХҚЕС (IAS) 39 талаптарының қаржылық міндеттемелерді классификациялау және бағалауға қатысты басым бөлігі өзгеріссіз ХҚЕС (IFRS) 9 ауыстырылды. Негізгі ерекшелігі кәсіпорынға қойылған әділ құны бойынша кірістің немесе шығыстың құрамында, басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін санатқа жатқызылған қаржылық міндеттемелер бойынша меншікті несиелік тәуекелдің өзгеруі эффектісін ашу талабы болып табылады.
- ХҚЕС (IFRS) 9 құнсыздану шығындарын танудың жаңа моделін енгізеді: күтілетін шығындар моделі. Бастапқы тану сәтінен бастап қаржылық активтердің несиелік сапасының өзгеруіне негізделген «үш кезеңдік» тәсіл бар. Практикада жаңа ережелер бастапқы қаржылық активтерді таныған кезде кәсіпорындар шығындарды бірден құнсызданудан несиелік шығындар болып табылмайтын (немесе сауда дебиторлық қарыз үшін қаржылық құрал мерзімі ішінде күтілетін несиелік шығындар сомасында) 12 айда күтілетін несиелік шығындар сомасында тануға тиіс екендігін білдіреді. Егер несиелік тәуекелде айтарлықтай ұлғаю орын алса, онда құнсыздану 12 айда күтілетін несиелік шығындардан емес, қаржылық құрал мерзіміне күтілетін несиелік шығындардан шыға келе бағаланады. Модель сауда дебиторлық қарызды және қаржылық аренда бойынша дебиторлық қарызды операциялық ықшамдауды қарастырады.
- Хеджирлеуді есепке алуға қойылатын талаптар тәуекелдерді басқаруға көбірек сәйкес болу үшін түзетілді. Стандарт кәсіпкерлерге хеджирлеуді есепке алу талаптарын қолдана отырып, ХҚЕС (IFRS) 9 жазылған есептік саясаттың және ХҚЕС (IAS) 39 хеджирлеудің барлық құралдарына қолдануды жалғастырудың арасында таңдау мүмкіндігін ұсынады, өйткені қазіргі кезде стандарта макрохеджирлеу жағдайлары үшін есепке алу қарастырылмаған.

3 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)

Қазіргі кезде Топ жаңа стандарттың Топтың қаржылық есептілігіне әсеріне бағалау жүргізуде.

ХҚЕС (IFRS) 14 «Тарифтік айырмашылықтардың кейінге қалдырылған төлемдері» (2014 ж. қаңтарда шығарылған және 2016 ж. 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе одан кейінгі күні күшіне енеді). ХҚЕС (IFRS) 14 ХҚЕС қаржылық есептілікті алғаш рет жасап отырған кәсіпорындарға бұрынғы БЕЖП талаптарына сәйкес реттелетін тарифтер бойынша жүзеге асырылатын қызметке жататын сомаларды ХҚЕС тануға рұқсат етеді. Бірақ ХҚЕС қолданылатын, бірақ ондай сомаларды мойындамайтын кәсіпорындармен салыстыру дәрежесін арттыру үшін стандарт тарифтерді реттеудің әсерінің басқа баптардан бөлек ұсынылуын қажет етеді. Бұл стандарт ХҚЕС сәйкес әзірленген қаржылық есептілікті ұсынатын кәсіпорындарға қатысты болмайды.

«Бірлескен операцияларда үлестерді сатып алу бойынша келісімдер есебі» - ХҚЕС (IFRS) 11 түзетулері (2014 жылғы 6 мамырда шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы датадан басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді). Аталмыш өзгерісті жаңа басшылық бизнесті білдіретін бірлескен операциядағы үлесті сатып алу бойынша келісімдер есебіне қатысты енгізеді. Өзгеріс Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпал етпейді.

«Материалдық емес активтер мен Негізгі құрал-жабдықтарны амортизациялаудың тиімді есептеу әдістеріне сай түсіндіру» - ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 түзетулері (2014 жылғы 12 мамырда шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы датадан басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді). ХҚЕС Басқармасының аталмыш түзетуінде активтің амортизациясын есептеуге арналған пайдаға негізделген әдістердің пайдаланылмайтыны түсіндіріледі. Себебі активтің пайдаланылуын қарастыратын қызмет пайда осы активпен байланысты экономикалық табыстарды тұтынуда ерекшелетін факторларды ескереді. Өзгеріс Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпал етпейді.

«Клиенттермен келісімшарттар бойынша пайда» - ХҚЕС (IFRS) 15 түзетулері (2014 жылғы 28 мамырда шығарылған және 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы датадан кейін басталатын кезеңдер үшін күшіне енеді). Жаңа стандарт маңызды тұжырымдама енгізеді. Оған сәйкес пайда тауарлар мен қызметтер клиентке келісім бағасын бойынша берілгенде расталуы тиіс. Кез келген тауарлар немесе қызметтердің жеке партиялары жеке расталуы тиіс, ал барлық жеңілдіктер мен келісімшарт бойынша кейін шолынатын жеңілдіктер әдетте жеке элементтерге бөлінеді. Егер сыйақы көлемі қандай да бір себептермен өзгерсе, егер олар қайта қарастыру тәуекеліне ұйрамас ең төменге сомаларды растау керек. Клиенттермен келісімшарттарды қамтамасыз етумен байланысты келісімшарттан пайда алу мерзімі барысында шығындар капиталданып, амортизациялануы тиіс. Өзгеріс Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпал етпейді.

Ауыл шаруашылығы: «Ауыл шаруашылығы: Кәсіпорын өсімдіктері» - ХҚЕС (IAS) 16 мен ХҚЕС (IAS) 41 түзетулері – (2014 жылғы 30 маусымда шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Аталмыш өзгертулер кәсіпорынның жүзім, каучук ағаштары мен май пальмалары сияқты кәсіпорын өсімдіктерін есепке алу үрдісін өзгертеді. Енді олар Негізгі құрал-жабдықтар ретінде есептелуі тиіс, себебі олармен байланысты операциялар өндіріс болып табылады. Сәйкесінше, өзгерістер бұндай өсімдіктерді ХҚЕС (IAS) 41-дің орнына ХҚЕС (IAS) 16 қолданылу саласына қосады. Кәсіпорын өсімдіктерінің дақылдары ХҚЕС (IAS) 41 қолданылу саласында қалады. Өзгеріс Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпал етпейді.

«Жеке қаржылық есептілікте үлестік әдісінің қолданылуы» - ХҚЕС (IAS) 27 түзетулері (2014 жылғы тамызда шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Бұл түзетулер кәсіпорындарға өзінің жеке қаржылық есептілігінде еншілес, бірлескен және ассоциацияланған кәсіпорындарға инвестицияларды есептеу үшін үлестік әдісті қолдануға мүмкіндік береді. Өзгеріс Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпал етпейді.

«Инвестордың ассоциацияланған немесе бірлескен кәсіпорынға активтерді сатуы немесе салуы» - ХҚЕС (IFRS) 10 мен ХҚЕС (IAS) 28 түзетулері (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын немесе осы датадан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Аталмыш түзетулер ХҚЕС (IFRS) 10 мен ХҚЕС (IAS) 28-дің инвестордың ассоциацияланған немесе бірлескен кәсіпорынға активтерді сату немесе салуға қатысты талаптар арасындағы сәйкессіздіктерді жояды. Түзетулерді қолданудың негізгі зардабы дегенеміз егер келісім бизнеске қатысты болса, пайда немесе шығыс толығымен расталады. Егер активтер өз бизнесін растамаса, онда бұл активтерге еншілес кәсіпорын ғана ие болса, пайда пен шығынның бір бөлігі ғана расталады. Топ қазіргі таңда аталмыш өзгерістің қаржылық есептілікке қалай әсер ететінін бағалауда.

3 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының жыл сайынғы жетілдірулері, 2014 жыл (2014 жылғы 25 қыркүйектен бастап шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда және осы датадан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Түзетулер төрт стандартқа ықпал етеді. ХҚЕС (IFRS) 5 өзгерістерінің мақсаты - сату немесе бөлу жоспарының өзгерісі болып табылмайды және аталмыш жоспардың өзгерісі ретінде есепте көрсетілмеуі тиістігі туралы шығу әдісінің өзгерісін түсіндіру. ХҚЕС (IFRS) 7-ге өзгерісте басшылыққа ХҚЕС (IFRS) 7 талаптарына сәйкес ақпаратты ашу мақсаттары үшін қатысудың болуына берілген қаржылық активке қызмет көрсету бойынша келісім шарттарын анықтауға көмектесетін қосымша тапсырмалар бар. Сондай-ақ, өзгерісте аралық қаржылық есептілікке қатысты ХҚЕС (IFRS) 7-де баяндалған өзара есеп айырыс өткізу туралы ақпаратты ашуға қатысты талаптар түсіндіріледі. Тек оған ХҚЕС (IAS) 34-ке сәйкес талап етіледі. ХҚЕС (IFRS) 19 түзетуінде бағдар ретінде қандай мемлекеттік облигацияларды пайдалану керектігі туралы шешім немесе жоғары сапалы корпоративтік облигациялар дамыған нарығының («терең нарық») болуы, дисконттау мөлшерлемесіне қатысты шешімнің еңбек қызметі аяқталған кезде сыйақылар төлеу бойынша міндеттемелерге қатысты ненің қолданылатыны түсіндіріледі. Олар міндеттемелер пайда болатын ел валютасында емес міндеттемелер көрсетілген валютаға негізделуі тиіс. ХҚЕС (IAS) 34-те аралық қаржылық есептілікте «аралық қаржылық есептіліктің басқа формаларында» орналасқан жердің сілтемесі бар болуы керек деген талап қойылды. Қазіргі таңда Топ аталмыш өзгерістің қаржылық есептілікке қалай әсер ететінін бағалауда.

«Ақпаратты ашып көрсету» - ХҚЕС түзету (IAS) 1 (2014 жылғы желтоқсанда шығарылды және 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы датадан кейінгі жылдық кезең үшін күшіне енеді). Стандартқа егер осындай ашып көрсетулер халықаралық қаржылық есептілік стандартында белгіленген талаптар тізіміне енгізілгенімен маңызды болмаса немесе ашып көрсету қажеттілігі шамалы болып табылатын болса ұйымға ХҚЕС талап ететін ақпаратты ашып көрсетуді ұсыну қажет емес екенін түсіндіретін және мәнін нақтылайтын түзетулер енгізілді. Стандартқа сонымен қатар аралық жалпы соманың қаржылық есептілігін ұсыну бойынша жаңа нұсқаулық енгізілді, оған сәйкес аралық қорытынды сомалар (а) ХҚЕС сәйкес жүзеге асырылатын баптарды, тануларды және бағалауды қамтуы тиіс; (б) аралық қорытынды сомалардың компоненттерін түсіну қамтамасыз етілетіндей ұсынылуы және белгіленуі тиіс; (в) кезеңнен кезеңге тізбекті болуы тиіс; және (г) аралық қорытынды сомаларды және ХҚЕС талап ететін қорытынды сомаларды ұсыну секілді ерекше мән беріп ұсынылатындай көрсетілуі тиіс.

«Инвестициялық компаниялар үшін шоғырландыру талаптарына есершектер қолдану» - ХҚЕС (IFRS) 10, ХҚЕС (IFRS) 12 және ХҚЕС (IAS) 28 (2014 жылғы тамызда шығарылды және 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Бұл түзетулер инвестициялық компания өзінің инвестициялық компания болып табылатын еншілес ұйымдарындағы инвестицияларын табыстар немесе шығындар арқылы әділ құны бойынша бағалауға міндетті екендігін түсіндіреді. Сонымен қатар, көрсетілген ұйымның соңғы немесе басты ұйымы ашық пайдалану үшін қолжетімді шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынған жағдайда шоғырландырылған есептілік құру туралы талапты жою көрсетілген соңғы немесе кез келген аралық басты ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ХҚЕС (IFRS) 10 сәйкес пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланғанына немесе еншілес ұйымның шоғырлануына қосылғанына қарамастан қолданылатыны туралы түсініктемеммен толықтырылған.

Жоғарыда басқа айтылмаса, аталмыш жаңа стандарттар мен түсініктемелер Топтың қаржылық есептілігіне көп ықпал етпейді деп болжанып отыр.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер

Топ келесі қаржылық жыл ішінде есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелерге ықпал ететін есептік бағалаулар мен ой-пікірлерді пайдаланады. Бағалаулар мен ой-пікірлер тұрақты түрде сыни талдауға ұшырайды және басшылықтың бұрынғы тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде орын алған жағдайларда негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты күтулерге негізделген. Сондай-ақ, басшылық есептік саясатты пайдалану үрдісінде бағалауды талап ететін кейбір ой-пікірлерді пайдаланады. Қаржылық есептілікте көрсетілген көрсеткіштеріне ең көп ықпал ететін ой-пікірлер мен келесі жыл бойы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасын біршама түзету қажеттілігіне әкелуі мүмкін бағалар келесіден тұрады:

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Басшылық әр есептік кезең соңында жеке активтердің немесе топтардың құнсыздану белгілерінің және гудвилден ерекшеленетін активтер немесе активтер топтары үшін өткен кезеңдерде расталған құнсыздану шығынының бар-жоқтығын бағалайды. Басшылық кез келген белгі анықталғанда сату шығындары мен пайдалану құнын шегергендегі оның әділ құнының көлемін белгілейтін активтің өтелетін бағасын бағалайды. Пайдалану құндылығын есептеу қалыптасқан жағдайларға негізделген болып саналатын басшылық тарапынан бағалау мәліметтері мен кәсіби ой-пікірлердің қолдануды талап етеді.

ХҚЕС (IAS) 36-ға сәйкес, құнсыздану белгілерінің бірі кезеңде болған немесе алдағы уақыттарда Топ қызмет ететін технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе заңдық жағдайларда немесе активі арналған нарықта болуы мүмкін Топ үшін кері әсерін тигізген көптеген өзгерістердің болуы саналады. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша, Топ басшылығы теңгенің девальвациясы, экономикалық дамудың тежелуі және қарыз құралдары құнының өсуі және олардың Топ кірісіне ықтимал ықпалы қаржылық емес активтердің құнсыздануының ықтимал индикаторы болып табылады деген қорытындыға келді. Тиісінше, Топ басшылығы АлэС, АЖК, ГРЭС-1 және экономикалық өзгерістерге сезімтал және Топтың маңызды кәсіпорындары саналатын кәсіпорындардың негізгі құралдарын құнсыздандыруға тест өткізуге шешім қабылдады.

АлэС электр қуаты, жылу қуаты және суды химиялық тазалау өндірісімен айналысады. АлэС Алматы мен Алматы облысында басымдыққа ие. АЖК Алматы және Алматы облысында электр қуатын беру және бөлумен айналысатын табиғи монополист саналады. ГРЭС-1 электр қуатын өндіруді және таратуды жүзеге асыратын конденсациялық типті жылу электр стансасы, ұлттық маңызды электр станциясы болып табылады.

Басшылық ХҚЕС 36 «Активтерді құнсыздандыру» сәйкес жүргізілген тестілеуді өткізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартты. Басшылық болашақта түсетін түсімдер мен активтерді пайдаланудан ақша қаражатының ағынын, дисконт мөлшерлемесін және басқа көрсеткіштерді бағалаудан туындайтын АлэС, АЖК және ГРЭС-1 негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің қайтарылатын құнын бағалады.

Қайтарылатын құн пайдалану құндылығы негізінде анықталды. Аталған есептеулерде басшылықтың 2016 - 2020 жылдар аралығындағы 5 жылдық кезеңге бекіткен қаржылық бюджеттері және кейінгі жылдардағы сауда көлемі 2020 жылдағыдай өзгеріссіз қалатынына жол беру негізінде ақша қаражаттарының қозғалысын болжау пайдаланылды.

АлэС

Компанияның негізгі құрал-жабдықтары бір ақша қорын туындатушы бірлігі деп анықталды, себебі бұл компанияның өтелетін бағаны бақылау жүргізетін ең төменгі деңгейі саналады. Басшылық пайдалану құнын анықтау кезінде пайдаланатын негізгі болжамдары:

- электр қуатын, жылу қуатын және химиялық тазартылған суды сатудың болжалды көлемі және тарифтердің шекті деңгейі болжамы:

	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Электр қуатын сату көлемі, млн. кВт. сағ.	4,213	4,344	4,344	4,344	4,344	4,344	4,344	4,344	4,344	4,344
Жылу қуатын сату көлемі, мың. Гкал	5,442	6,071	6,071	6,071	6,071	6,071	6,071	6,071	6,071	6,071
Химиялық тазартылған суды сату көлемі, мың. т	28,949	36,714	36,714	36,714	36,714	36,714	36,714	36,714	36,714	36,714
Электр қуаты өндірісінің тарифі, теңге/кВт.сағ.	8.60	8.97	9.35	9.72	10.09	10.45	10.81	11.17	11.53	11.87
Жылу қуаты өндірісінің тарифі, теңге/Гкал	2,732	3,050	3,368	3,686	4,004	4,146	4,291	4,434	4,574	4,712
Химиялық тазартылған су өндірісінің тарифі, теңге/тонна	58.44	61.92	65.40	68.88	72.37	74.93	77.55	80.13	82.66	85.15

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Сатылым көлемінің болжамы өткен жылдардағы ақпарат пен басшылық жоспарлары негізінде жасалды. 2017 жылы электрді сату көлемі шамамен 2015 жылғы деңгейде қалуы мүмкін деген болжам жасалды; жылу энергиясын сату көлемі 21%-ға артады және химиялық тазартылған су 28%-ға артады, негізінен Алматы қаласы және Алматы облысы тұрғындары санының және тұтыну көлемінің артуы нәтижесінде. 2018-2025 жылдарға арналған болжам 2017 жылғы деңгейде сату көлемін болжайды.

Сату көлемі 10%-ға төмендеген/артқан жағдайда негізгі құралдарды қайтару құны 7,187,204 мың теңгеге төмендейді / 7,052,513 мың теңгеге артады.

Электр қуатының кВт.сағ бірлігінің құны болжамы ҚР ТМРК 2020 жылдың соңына дейін бекіткен тарифке негізделген. Келесі кезеңде тарифтер ҚР ТМРК бекіткен тарифтердің шекті деңгейінде бекіту ережелерін қолданумен белгіленген. Осы есептеуде тариф табыстың рұқсат етілген деңгейін пайдалану арқылы есептелді. Бұл ретте болжамдардың бірі төменде ұсынылған активтердің пайдалану коэффициенті (бұдан әрі «АПК») болып табылады:

	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
АПК (электр қуаты бойынша), %	60.7%	63.3%	63.3%	63.3%	63.3%	63.3%	63.3%	63.3%	63.3%	63.3%
АПК (жылу қуаты бойынша), %	15.35%	16.3%	16.3%	16.3%	16.3%	16.3%	16.3%	16.3%	16.3%	16.3%
АПК (химиялық тазартылған су бойынша), %	28.8%	36.5%	36.5%	36.5%	36.5%	36.5%	36.5%	36.5%	36.5%	36.5%

- салық салынғаннан кейін дисконттық мөлшерлеме жылына 12.05% құрады;

Ақша ағымдары АлЭС капиталының орташа көлемдегі құны негізінде белгіленген жылына 12.05% көлемінде салықтан кейінгі пайыздық мөлшерлеме пайдалану арқылы дисконтталды. Дисконт 1%-ға ұлғайған/төмендеген жағдайда негізгі құралдарды өтеудің құны 5,252,020 теңгеге азайады / 6,258,694 мың теңгеге ұлғаяды.

- терминалдық құнды есептеуде пайдаланылған ұзақ мерзімді инфляция мөлшері жылына 2.30% құрайды;

Жүргізілген тестілеу нәтижесінде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді пайдаланудың бағасы олардың баланстық құнынан жоғары белгіленді. Сәйкесінше, Компания 2015 жылы жеке активтердің құнсыздану шығындарынан басқа құнсызданудан шығынға ұшыраған жоқ.

АЖК

АЖК басшылығы негізгі құрал-жабдықтары бір ақша қорын туындатушы бірлігі деп белгіледі, себебі бұл АЖК-ның өтетін бағаны бақылауға жүргізетін ең төменгі деңгейі болып саналады. Басшылық пайдалану құнын анықтау кезінде пайдаланған негізгі болжамдары:

- электр қуатын тасымалдау болжанған көлемдері мен тарифтері :

Қазақстандық мың теңгеммен	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Сату көлемі, миллион кВт.сағ	6,483	6,696	6,956	7,474	7,482	7,482	7,482	7,482	7,482	7,482
Тариф кВт.сағ	5.35	5.62	5.85	5.91	5.95	6.32	6.72	7.12	7.54	7.94

Сатылым көлемінің болжамы өткен жылдардағы ақпарат пен басшылық жоспарлары негізінде жасалды. Сатылым көлемі 2016-2018 жылдары жылына орташа 5%-ға ұлғаяды деген болжам жасалды. Бұл негізінен тұтынушылар саны мен Алматы қаласы және Алматы облысы тұрғындары санының көбеюі нәтижесінде жүзеге асады. 2019-2020 жылдарға арналған болжам 1% деңгейінде тұтыну көлемінің өсуін құрайды, одан әрі 2021-2025 жылдарға арналған болжам 2020 жылдың деңгейінде сату көлемін болжайды. Сату көлемі 10%-ға артқан / төмендеген жағдайда, негізгі құралдарды өтеу құны 8,832,904 теңгеге артады/төмендейді.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Электр қуатының кВт.сағ бірлігі бағаларының болжамдары ҚР ТМРК 2020 жылдың соңына дейін белгілеген тарифке негізделген.

- салық салынғаннан кейін дисконттық мөлшерлеме жылына 12.05% құрады.

Ақша ағымдары АЖК капиталының орташа көлемдегі құны негізінде белгіленген жылына 12.05% көлемінде салықтан кейінгі пайыздық мөлшерлеме пайдалану арқылы дисконтталды. Дисконт 1%-ға ұлғайған/төмендеген жағдайда негізгі құралдарды өтеудің құны 9,635,752 теңгеге азайып / 11,991,561 мың теңгеге ұлғаяды.

- терминалдық құнды есептеуде пайдаланылған ұзақ мерзімді инфляция мөлшерлемесі жылына 2.3% құрайды;

Жүргізілген тестілеу нәтижесінде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралды және материалдық емес активтерді пайдаланудың бағасы олардың баланстық құнынан 4,001,791 мың теңгеге төмен екендігі анықталды. Сәйкесінше, Топ 2015 жылы негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған шығынды активтердің құнсыздануынан келген шығындар құрамында таныды.

ГРЭС-1

ГРЭС-1 барлық негізгі құралдарды бір ақша қорын туындатушы бірлік деп белгіледі. Пайдалану құнын анықтау кезінде басшылық қолданған негізгі болжамдар:

- электр қуатын сатудың болжамдық көлемі және тарифтердің шекті деңгейінің болжамы:

	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Электр қуатын сату көлемі (ішкі нарық), млн. кВт. сағ.	10,645	11,180	11,747	14,019	14,444	14,444	14,444	14,444	14,444	14,444
Электр қуатының экспорты (Өзбекстан, Қырғызстан), млн. кВт. сағ.	-	-	2,112	2,113	2,113	2,113	2,113	2,113	2,113	2,113
Электр қуатын өндіру тарифі (ішкі нарық), тенге/кВт. сағ.	8.65	8.71	8.76	8.82	8.87	9.18	9.51	9.82	10.13	10.44
Электр қуатын өндіру тарифі (экспорт), тенге/кВт.сағ.	11.70	12.72	13.75	14.75	15.64	16.56	17.53	18.51	19.45	20.30

Сату көлемінің болжамы өткен жылдардың ақпараттары және басшылық күтетін нәтиже негізінде жасалды. Осы болжамның ықтимал өзгеруі негізгі құралдың қайтарылатын құнына айтарлықтай ықпал етпейді.

- салық салынғаннан кейін дисконттау мөлшерлемесі жылдық 12.05% құрады;

Ақша ағымы ГРЭС-1 капиталының орташа көлемді құны негізінде белгіленген жылдық 12.05% көлемінде салық салынғаннан кейінгі пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып дисконтталды. Дисконт 1% артқан / төмендеген жағдайда негізгі құралды қайтару құны 53,260,256 мың теңгеге азаяды / 67,415,944 мың теңгеге артады.

- терминалдық құнды есептеу үшін пайдаланылған инфляцияның ұзақ мерзімдік мөлшерлемесі жылдық 2.30% құрайды;

Жүргізілген тестілеу нәтижесінде негізгі құралдарды пайдалану құндылығы 2015 жылғы 30 қарашада оның баланстық құнынан жоғары белгіленді. Тиісінше 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе шығын туралы есепте танылған 1,500,000 мың теңге көлеміндегі негізгі құралдарды құнсыздандыру бойынша шығындар ГРЭС-1 негізгі құралдарын пайдалану құндылығына жүргізілген есептеу нәтижесінде есепті кезеңде қалпына келтірілді.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Инвестициялық меншік есебі

1997 жылғы 26 маусымда Бұқтырма ГЭС-і Kazastur Zinc AG - мен (одан әрі - «Жалға алушы») келісімшарт бекітті, сәйкесінше, Бұқтырма гидроэлектр стансасының мүліктік кешені 10 жыл мерзімге концессияға тапсырылды. Концессия келісімшарты бойынша жалға беру ақысы жылына 1,100 АҚШ долларын құрайды. Кейіннен, концессия мерзімі қайта қаралып, келісімшарт бекітілген кезден бастап 25 жылды құрады.

Концессия келісімшартының шарттарына сәйкес, Жалға алушы Бұқтырма ГЭС-пен келісілген инвестициялық бағдарлама аясында стансаны қайта құру және техникалық қайта қаруландыруды жүзеге асыруға міндетті. Барлық негізгі құралдар, оның ішінде тапсырылған мүліктік кешіннің бөлінетін және бөлінбейтін жақсарулары Бұқтырма ГЭС-тің меншігі болып табылады.

2007 жылғы 7 желтоқсанда Бұқтырма ГЭС пен Жалға алушы концессия келісімшартына қосымша келісім бекітті, оған сәйкес жалға алудың жылдық мөлшерлемесі 8500 мың АҚШ долларын құрады. Оған қуат резервтерінің дайындығын ұстап тұру бойынша қызмет көрсететін Жалға алушының табыстарына байланысты анықталатын өзгермелі мөлшері бар.

Тапсырылған мүлік негізінен Жалға алушының электр қуатына байланысты өндірістік сұраныстарын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Ал халыққа сату екінші орында қарастырылады.

Топ басшылығы концессия гидроэлектр станса мүлкінің операциялық жалға алуы болып табылады деп есептейді, және аталмыш мүлікті инвестициялық меншік ретінде көрсетті. Атап айтсақ, келесі факторлар жалға алу түрін анықтау кезінде қарастырылды:

- тапсырылған мүлікті иелену құқығы Жалға алушыға өтпейді;
- гидроэлектр стансасы негізгі құрылымдары пайдалы қызметінің мерзімі концессия келісімшартының мерзімінен асып түседі .

Сондай-ақ, Топ басшылығы 2022 жылы концессия туралы келісімшарт мерзімі аяқталғаннан кейін қызмет ету мерзімін ұзарту мен өндірістік әлеуетті қалпына келтіру үшін гидроэлектр стансаны қайта құруға біршама инвестициялар қажет және қайтарылатын активтердің баланстық бағасы аз болады деп есептейді.

Топ өзінің есептік саясаты ретінде жинақталған тозу мен құнсыздану резервін, қажетті болған жағдайда, алып тастағанда бастапқы баға бойынша инвестициялық меншікті есептеу моделін таңдады. 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, яғни ХБЕС алғаш пайдаланылған күні инвестициялық меншік бағасы тапсырылған негізгі құрал-жабдықтардың бастапқы құны негіздерінде анықталды. Бастыпқы баға сол күні әрекет еткен концессия келісімшартының шарттарына сәйкес жалға беру төлемдерінің және 2006 жылғы 1 қаңтардағы бағаланған дисконттау мөлшерін пайдалану негізінде анықталды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, инвестициялық меншіктің баланстық бағасы 774,702 мың теңгені (2014 ж. 31 желтоқсан: 882,542 мың теңге) құрады.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, инвестициялық меншіктің әділ бағасын анықтау негізінде Топ инвестициялық меншіктің құнсыздану белгілерін анықтаған жоқ (31 желтоқсан 2014 ж.: белгілері жоқ).

Гидроэлектр компаниялар мүлкін тіркеу

1997 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен AES Suntry Power Limited компаниясы Гидроэлектр компаниялары активтерін концессияға тапсыру туралы келісімшарт бекітті. Келісімшартқа сәйкес, Өскемен гидроэлектр стансалары мен Шүлбі гидроэлектр стансаларының мүліктің кешендері AES Suntry Power Limited-ке 20 жыл бойы иелену, пайдалану және иелік ету құқығымен тапсырылды. Сондай-ақ, бұл мерзім келесі 10 жылға ұзартылуы мүмкін. Келісімшарт шарттарына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын сыйақы алады. AES Suntry Power Limited концессия активтерін басқару мақсатында концессиялық компаниялар құрды. Концессиялық компаниялар келісімшарт шарттарына сәйкес, 1998 жылғы 31 желтоқсаннан бастап келесі кезеңдерде мүліктік кешендер мен шаруашылық қызмет және оларды пайдалану үшін толық жауапкершілік пен міндеттемелерге ие .

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

AES Suntry Power Limited келісімшарт әрекеті аяқталғаннан кейін өз үлесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің концессиялық компанияларына бір АҚШ долларына тапсырады. Оған AES Suntry Power Limited пен концессиялық компаниялар өндірген жақсарулардың теңгерімдік бағасы қосылады. Яғни, AES Suntry Power Limited мүліктің кешендерді Гидроэлектр компанияларына қайтармай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің концессиялық компанияларына меншік құқығын тапсырады.

Осылайша, Топ басшылығы Өскемен гидроэлектр стансасы мен Шүлбі гидроэлектр стансасы қызметімен байланысты барлық тәуекелдер мен табыстарға концессиялық компаниялар жауапты деп есептейді. Сәйкесінше, тапсырылған мүліктік кешендердің бағасы осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген жоқ.

Электр қуатын сатудан түскен табыстың танылуы

Топ табысты тұтынушылардың электр қуатын есептеуіштеріндегі көрсеткіштер мәліметіне сәйкес таныйды. Есептеуіштер көрсеткіштері тұтынушыларға ай сайын беріледі және оны Топ дұрыстылықты таңдау негізінде тексереді. Топ тұтынылған электр қуаты үшін шоттарды ұсыну бойынша үрдістер кезеңділігінің нәтижесінде тұтынушыларға шоттар берілмеген есептік кезеңнің соңында электр қуатының біршама көлемін сатады. Топ бағалау негізінде есептеуіш көрсеткіштерін соңғы рет алған сәттен бастап есептік кезеңнің соңына дейін сатылған электр қуатынан түскен табысты таныйды. Топ заңды тұлғалар есептік кезеңнің соңында мәлімдемеген пайданы бағалау үшін бағалаудың теңгерімдік әдісін пайдаланады. Топ әдісіне сәйкес, сатылым бағасына көбейтілетін есептік айдың соңында мәлімдемеген тұтынылған электр қуатының күн сайынғы сатып алу көлемі есептеледі.

Негізгі құралдарды тиімді пайдалану мерзімдері

Негізгі құрал-жабдықтардың пайдалы қызметінің мерзімін бағалау осыған ұқсас активтерге қатысты бар тәжірибе негізінде кәсіби ой-пікір пайдаланумен жүзеге асты. Осы активтермен байланысты келешек экономикалық табыстар негізінен оларды пайдалану нәтижесінде алынады. Дегенмен, технологиялық және коммерциялық жағынан тозу, сондай-ақ, құрал-жабдықтың тозуы сияқты басқа факторлар осы активтермен байланысты экономикалық табыстардың азаюына жиі әкеледі. Басшылық аталмыш активтер Топқа экономикалық табыстар әкелетін есептік кезеңді ескере отырып, активтердің ағымдағы техникалық жағдайына байланысты негізгі құралдарды табысты пайдаланудың қалған мерзімін бағалайды. Және келесі негізгі факторлар назарға алынады: (а) активтерді пайдаланудың болжалды мерзімі; (б) техникалық қызмет көрсетудің эксплуатациялық сипаттамалар мен регламентіне байланысты құрал-жабдықтың болжалды физикалық тозуы және (в) нарықтық жағдайлардың өзгеруі нәтижесінде технологиялық және коммерциялық жағынан алып қарағанда құрал-жабдықтың моральдық тозуы.

Егер тиімді пайдаланудың есептік мерзімдері басшылық бағалуынан 10%-ға ерекшеленсе, 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған амортизациялық шығындар 3,482,801 мың теңгеге ұлғаяды/азаюы тиіс еді (2014 жылғы 31 желтоқсан: 2,637,969 мың теңгеге ұлғаяды/азаяды).

Құрылыс объектілері құнын бағалау

2009 жылғы 31 желтоқсанда АЖК және «СамұрықЭнергоСтройСервис» ЖШС «Кеңсай» шағын стансасының құрылысын салуға, сондай-ақ «Ерменсай» шағын стансасынан электр өткізгіш байланыстыру желісін құруға келісім жасады. Шарттың жалпы сомасы 21,443,117 мың теңге. 2013 жылғы 30 желтоқсанда құрылыс көлемінің артуына байланысты АЖК мен «СамұрықЭнергоСтройСервис» ЖШС қосымша келісім жасап, АЖК жұмыстардың қосымша көлемін мойнына алды және келісімшарт құнының артуына келісті. Бұл ретте қосалқы жұмыстар құны мемлекеттік сараптама нәтижелері негізінде анықталады.

«Кеңсай» шағын стансасының, сондай-ақ Ерменсай» шағын стансасына байланыстыру желісінің құрылысы 2013 жылы аяқталғандықтан және аталған объектілер пайдалануға берілгендіктен, басшылық құрылыс объектілерінің қосалқы құнын анықтау үшін кәсіби болжау қолданды. Осылайша, Компания сарапшылары дайындаған сметалық құжаттама негізінде 2013 жылы есептелген міндеттемелер, сондай-ақ шартта белгіленген соманың үстінен 2,056,734 мың теңге сомада негізгі құралдар танылды.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Қосымша жұмыс 2015 жылғы 9 қазанда ҚҚС-мен бірге 27,839,879 мың теңге сомасында құрылыс-жөндеу жұмыстары құнын қамтитын құрылыс объектісінің жалпы құны 28,744,130 мың теңгеге бағаланған мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды. Қосымша жұмыс көлемінің құны 2,582,996 мың теңгеге белгіленді. 3,813,766 мың теңге сомасында объект құнының артуы орындалған және ақы төленген жұмыс көлеміне құрылыстың нарықтық коэффициентін қайта қарауды қолдану нәтижесінде туындады. АЖК басшылығы орындалған және ақы төленген жұмыс көлеміне құрылыстың нарықтық коэффициентін қайта қарауды қолданумен келіспеуіне байланысты мемлекеттік сараптама қорытындысын бекітуден бас тартады. Мердігер АЖК-ға қарсы сот шағымын түсіріп, объектінің құнын арттырудың жалпы сомасына қосымша келісім жасауды талап етті.

АЖК сотта өзінің пікірін қорғай аламын деп есептейді, тиісінше, 3,813,766 мың теңге сомасында қосымша есептеу қаржылық есептілікте көрсетілмеді. АЖК 2016 жыл ішінде сот процесі және жұмысты қабылдау актісіне қол қойылады деп болжап отыр.

2015 жылғы 31 желтоқсанда АЖК кредиторлық берешекті есептеуді ҚҚС-сыз 2,499,590 мың теңгеге дейін арттырды, бұл АЖК қабылдамаған жұмыс бойынша қосымша құрылыс сомасына, сондай-ақ аталған құрылыспен байланысты басқа қызметтер бойынша қосымша есептеулерге сәйкес келеді.

Әкімшілік алдындағы берешек

АЖК Алматы қаласының әкімдігімен (одан әрі - «Әкімшілік») сот процесіне қатысты. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешек сомасы 5,841,514 мың теңгені құрады (2014 жылы: 6,841,514 мың теңге), бұл 2008 жылғы 14 тамыздағы берешекті өтеу туралы келісім негізінде қаржылық жағдай туралы жеке есепте қаржылық міндеттеме ретінде көрсетілген. 2013 жыл бойы сот дауы нәтижесінде Компанияға 929,907 мың теңге сомасында үстемеақы түрінде қосымша міндеттемелер мен 246,473 мың теңге сомасында мемлекеттік баж төлеу міндеттелді. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, мемлекеттік баж толығымен төледі.

2014 жылғы 14 ақпанда АЖК мен Әкімдік бейбітшілік келісімге келді. Аталмыш келісім негізінде Әкімшілік алдындағы берешек «Алматы Жылу желілері» АҚ атынан компания берешегімен өзара есеп айырысу үшін 433,158 мың теңге шотына төленуі тиіс еді. Сондай-ақ, «Энергия үнемдеу» КМК 3,281,556 мың теңге сомасындағы, 1,000,000 мың теңге сомасындағы төлемдер төленіп, Әкімдіктен оның коммуналдық меншігіне жататын электр желілерін қабылдау керек болатын. Сәйкесінше, басшылық 929,907 мың теңге сомасындағы сот дауларының резервтерін мойындаған жоқ, себебі бейбітшілік келісімге сәйкес АЖК 2014 жылғы 31 желтоқсанда аталмыш төлеммен байланысты келешек қаржының ағымын күтпейді.

2014 жылғы 17 қыркүйекте АЖК мен «Алматы жылу желілері» АҚ «Алматы жылу желілері» АҚ-тың Компания алдындағы 433,158 мың теңге сомасындағы берешегін жою туралы келісімге қол қойды. Сәйкесінше, АЖК бұл жоюды Әкімдік алдындағы берешекті азайту деп көрсетті.

2015 жылғы 28 қыркүйекте Әкімдікпен, «Алматы Жылу Желілері» АҚ және «Алматы Электр Стансасы» АҚ-мен төртжақты өзара талаптарды ескеру туралы келісім жасалды, соған сәйкес АЖК 2016 жылғы 30 маусымға дейін «Алматы Электр Стансасы» АҚ пайдасына 1,000,000 мың теңге төлем жасауы тиіс. АЖК «Алматы Электр Стансасы» АҚ қарызын төлеуді 2015 жылғы желтоқсанда жүргізді, осылайша Әкімдік алдындағы берешек 2015 жылғы 31 желтоқсанда 5,841,514 мың теңгеге дейін азайды.

5 Сегменттер бойынша ақпарат

Операциялық сегменттер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын құрамдастарды білдіреді. Бұнымен қатар, олар табысты қорын туындата алады немесе шығындармен байланысты бола алады. Сегменттердің операциялық нәтижелерін жоғарғы жедел басқару органы тұрақты түрде талдайды, және операциялық сегменттер үшін жеке қаржылық ақпарат бар. Жоғарғы жедел басқару органына ресурстарды бөліп, компания қызметінің нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе бір топ адам өкіл бола алады. Жоғарғы жедел басқару органының функцияларын Топ Басқармасы орындайды.

5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

Жоғарғы жедел басқару органы талдайтын сегменттік қаржылық ақпарат табыстан және салық алынғанға дейінгі пайдадан тұрады. Және де, жоғарғы жедел басқару органы Топ EBITDA туралы ақпаратты талдайды. Ол қаржылық табыстар мен шығындар, табыстарға салық бойынша шығындар, Негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы, негізгі құралдардың және инвестициялық меншіктің құнсыздануы, гудвил мен қауымдасқан компаниялардағы табыстар / (шығындар) үлестерінің құнсыздануы, сондай-ақ басқа осыған ұқсас нәтижелерге дейінгі кезеңдегі табыстар / (шығындар) ретінде есептеледі. Топ бойынша пайыздар, салықтар мен амортизациялық төлемдердің алып тастауға дейінгі табысты анықтау реті (EBITDA) басқа компаниялар пайдаланатын реттен ерекшеленуі мүмкін.

(а) Әр есептік сегмент сатудан пайда табатын өнімдер мен қызметтер сипаттамасы

Топ үш негізгі операциялық сегмент аясында қызмет атқарады :

- Жылу және электр қуатының өндірісі ;
- Электр қуатын жеткізу мен бөлу ;
- Электр қуатын сату .

(б) Операциялық сегменттер қызметінің нәтижелері

Жоғарғы жедел басқару органы әр сегмент қызметінің нәтижелерін табыс пен салық алынғанға дейінгі пайда арқылы бағалайды.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Электр және жылу қуатының өндірісі		Электр қуатын жеткізу және бөлу		Электр қуатын сату		Басқалар		Барлығы	
	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 г.	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 г.	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 г.	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 г.	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 г.
Сыртқы табыс	96,519,965	95,470,408	13,676,050	12,378,520	115,944,860	111,252,564	2,724,204	2,048,849	228,865,079	221,150,341
Ішкі сегменттік табыс	52,971,246	42,642,759	39,149,472	38,621,435	999	11,003	-	-	92,121,717	81,275,197
Барлық табыс	149,491,211	138,113,167	52,825,522	50,999,955	115,945,859	111,263,567	2,724,204	2,048,849	320,986,796	302,425,538
Салық салынғанға дейінгі пайда/(шығын)	(28,373,391)	19,470,262	5,057,368	8,166,038	(157,284)	(1,084,333)	(50,565,739)	(2,196,470)	(74,039,046)	24,305,497
Есептік сегмент активтері	743,569,642	738,636,452	144,655,572	135,760,979	12,675,266	9,368,960	142,808,075	112,473,602	1,043,708,555	996,239,993
Капиталды шығындар	74,196,456	64,247,151	17,495,242	15,707,656	95,580	89,710	1,212,478	3,778,946	92,999,756	83,823,463
Есептік сегмент міндеттемелері	282,728,103	197,490,763	62,995,087	57,851,650	14,349,235	10,638,969	254,568,200	236,085,569	614,640,625	502,066,951

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

(ә) Есептік сегменттер пайдасын, табысын немесе шығынын, активтері мен міндеттемелерін тексеру

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Есептік сегменттердің барлық табысы	318,262,591	302,425,538
Басқа операциялардан түскен табыс	2,724,205	-
Барлық табыс	320,986,796	302,425,538
Сегменттер арасында сатуды тоқтату	(92,121,717)	(81,275,197)
Барлық шоғырландырылған табыс	228,865,079	221,150,341

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Барлық шоғырландырылған түзетілген EBITDA	85,057,559	77,245,990
Қаржылық кірістер	2,728,571	8,710,222
Қаржылық шығыстар	(109,214,671)	(24,018,120)
Тозу және амортизация	(38,847,742)	(28,612,504)
Гудвилдің және активтердің құнсыздануынан келген шығындар	(3,590,229)	(78,660,244)
Бұрын болған үлесті қайта бағалаудан түскен кіріс	-	56,682,576
Бірлескен кәсіпорындардың және қауымдасқан компаниялардың табысындағы/(шығынындағы) үлес	(10,172,534)	12,957,577
Салық салынғанға дейінгі (шығын)/пайда	(74,039,046)	24,305,497

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Есепті сегменттердің барлық активтері	900,900,480	883,766,391
Басқа операциялардан түскен активтер	142,808,075	112,473,602
Барлық активтер	1,043,708,555	996,239,993
Сегменттер арасындағы теңгерімді шығару	(17,417,722)	(42,031,903)
Барлық шоғырландырылған активтер	1,026,290,833	954,208,090

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Есепті сегменттердің барлық міндеттемелері	360,072,425	265,981,382
Басқа операциялар міндеттемелері	254,568,200	236,085,569
Барлық міндеттемелер	614,640,625	502,066,951
Сегменттер арасындағы теңгерімді шығару	(70,870,229)	(40,908,312)
Барлық шоғырландырылған міндеттемелер	543,770,396	461,158,639

(д) Өнімдер мен қызметтер қимасында пайданы талдау

Топтың өнімдер мен қызметтер шеңберіндегі табыс талдауы 22-ескертуде көрсетілген (негізгі қызметтен түскен табыс). Сауданың негізгі бөлігі Қазақстанда жасалады.

(е) Аса ірі клиенттер 2015 жылғы және 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар кезінде Топ саудасаттығының көлемдері табыстың жалпы сомасынан 10% асатын клиенттер болған жоқ.

6 Байланысты тараптар есептеулері мен операциялары

Бір-бірімен байланысты тараптардың анықтамасы ХБЕС 24 «Бір-бірімен байланысты тараптар туралы ақпаратты ашуда» келтірілген. Егер тараптардың біреуі басқасын бақылау мүмкіндігіне ие болса, жалпы бақылауда болса немесе басқа тараптың қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдауын бірлесіп бақылайтын болса онда тараптар бір-бірімен байланысты саналады. Тараптар бір-бірімен байланысты екендігі туралы мәселені шешу кезінде тараптардың заңдық формасы ғана емес, олардың өзара қатынастарының сипаты да назарға алынады. Бас компания және Компанияның соңғы бақылаушы тарапына 1-ескертпеде анықтама берілген.

Бір-бірімен байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компаниялардан тұрады. Мемлекеттік компаниялар операциялары туралы егер олар барлық қоғамдық және жекеменшік компанияларға кезекпен қолданылатын шарттарға сәйкес қарапайым қызмет барысында жүзеге асқанда айтылмайды, i) егер олар жеке маңызды болмаса; ii) егер Топ қызметтері барлық тұтынушыларға қолжетімді стандартты шарттармен ұсынылатын болса немесе iii) электр қуатын беру, телекоммуникациялық қызметтер мен тағы басқалар сияқты қызметтердің жеткізушісінің таңдауы болмаған жағдайда.

2015 жылғы 31 желтоқсан және 2014 жылғы 31 желтоқсанда есептеулер шоттары бойынша қалдыққа ие немесе Топ операциялар жасаған бір-бірімен байланысты тараптармен өзара қарым-қатынас сипаты төменде көрсетілген.

Төменде 2015 жылғы 31 желтоқсанда бір-бірімен байланысты тараптар операциялары бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық- Энергоның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялары	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>					
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек пен басқа дебиторлық берешек	1,674,442	310,654	10,552	-	3,968,625
Ақша қаражаттары мен баламалары	27,333	-	-	-	964,050
Басқа қысқа мерзімді активтер	76,901	609,095	-	-	13,292
Басқа ұзақ мерзімді активтер	6,825,446	-	-	223,491	-
Қарыздар	-	-	216,769	57,537,094	24,583,534
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешегі мен басқа кредиторлық берешегі	2,645,981	1,909,491	839,427	60,725	1,536,011

6 Байланысты тараптар есептеулері мен операциялары (жалғасы)

Төменде 2014 жылғы 31 желтоқсанда бір-бірімен байланысты тараптар операциялары бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық- Энергоның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекеттік кәсіпорындар- мен операциялар
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>					
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек пен басқа дебиторлық берешек	2,139,390	341,047	-	-	3,388,283
Ақша қаражаттары мен баламалары	33,253	-	-	-	-
Басқа ұзақ мерзімді активтер	397,340	2,991,591	3,185	-	-
Басқа қысқа мерзімді активтер	3,660,539	-	-	223,491	-
Қарыздар	-	-	-	130,817,459	17,691,141
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешегі мен басқа кредиторлық берешегі	1,023,080	2,516,884	90,104	77,260	1,006,008

Төменде 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір-бірімен байланысты тараптар операциялары бойынша табыстар мен шығындар баптары көрсетілген:

	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекеттік кәсіпорындар- мен операциялар
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>					
Табыс	18,075,063	2,448,159	456,684	-	18,090,709
Сатылымдардың өзіндік құны	26,041,552	22,454,505	21,697	-	3,052,573
Жалпы және әкімшілік шығындар	396,756	-	-	67,511	-
Сатылым бойынша шығындар	2,916,615	-	-	-	-
Басқа шығыстар	177,559	568,309	-	-	1,278,805
Басқа кірістер	219,952	-	-	410	-
Қаржылық шығыстар	-	-	-	11,362,716	1,279,352
Қаржылық кірістер	207,404	-	-	12,958	-
Бағам айырмашылығына байланысты шығындар	3,181,831	-	-	-	-

Төменде 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір-бірімен байланысты тараптар операциялары бойынша табыстар мен шығындар баптары көрсетілген:

	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекеттік кәсіпорындар- мен операциялар
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>					
Табыс	16,437,632	533,218	2,076,674	-	17,408,053
Сатылымдардың өзіндік құны	12,727,551	34,682,676	684,657	-	2,584,389
Жалпы және әкімшілік шығындар	484,440	-	-	67,511	-
Сатылым бойынша шығындар	2,404,721	-	-	-	-
Басқа шығыстар	4,656	-	-	-	-
Басқа кірістер	540	-	-	-	-
Қаржылық шығыстар	56,611	-	-	16,202,269	-
Қаржылық кірістер	510,330	-	-	18,210	-
Бағам айырмашылығына байланысты шығындар	674,191	57,615	-	-	-

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

6 Байланысты тараптар есептеулері мен операциялары (жалғасы)

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топ бір-бірімен байланысты тараптардан келесі кепілдерді алды:

- Қытай Даму Банкімен берешек туралы келісімшарт бойынша 50,000,000 АҚШ доллары сомасында Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдемесі (2014: 50,000,000 АҚШ доллары).
- Қазақстан Даму банкімен берешек туралы келісімшарт бойынша 12,285,000 мың теңге сомасында Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдемесі (2014: 12,285,000 мың теңге).
- Қазақстан Даму банкімен берешек туралы келісімшарт бойынша 25,000,000 АҚШ доллары сомасында мемлекеттік кепілдеме (2014: 25,000,000 АҚШ доллары).
- Еуразия банкімен берешек туралы келісімшарт бойынша 93,247,975 мың теңге сомасында Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдемесі (2014: 70,070,000 мың теңге).

Төменде маңызды басқарушы ұжым сыйақылары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Маңызды басқарушы ұжым	403,487	330,205
Маңызды басқарушы ұжымға берілетін барлық сыйақы	403,487	330,205

Маңызды басқарушы ұжымға сыйақы беру қызметкерлерге еңбекақы, сыйақы мен басқа қысқа мерзімді сыйақылардың берілуін білдіреді. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, маңызды басқарушы ұжым 8 адамнан тұрады (2014 жылғы 31 желтоқсан: 9 адам).

Байланысты тараптармен операциялар міндетті байланысты тараптардың үшін ұсынылатын тарифтер негізінде ұсынылады реттелетін қызметтердің қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелердің сәйкес емес тараптардың арасында келісілген шарттарда жүзеге асырылады.

Байланысты тараптарға Топтың сату кіреді:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ортақ бақылау- дағы компания- лар	Самұрық- Қазына- ның бірлескен кәсіпорын дары мен қауымдасқ ан компания- лары	Мемлекет- тік кәсіп- орындар- мен опера- циялар	БАРЛЫҒЫ 2015	Ортақ бақылау- дағы компания- лар	Самұрық- Энергоның бірлескен кәсіпорын дары мен қауымдасқ ан компания- лары	Мемлекет- тік кәсіп- орындар- мен опера- циялар	БАРЛЫҒЫ 2014
Электр қуаты	13,596,322	2,904,843	18,090,709	34,591,874	16,408,033	2,609,892	16,674,562	35,692,487
Электр қуатын тасымалдау және сәйкес қолдау көрсету	4,305,722	-	-	4,305,722	24,840	-	733,491	758,331
Басқалар	5,012	-	-	5,012	4,759	-	-	4,759
БАРЛЫҒЫ	17,907,056	2,904,843	18,090,709	38,902,608	16,437,632	2,609,892	17,408,053	36,455,577

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

6 Байланысты тараптар есептеулері мен операциялары (жалғасы)

Байланысты тараптардан сатып алу тобы кіреді:

	Ортақ бақылау- дағы компания- лар	Самұрық- Энергоның бірлескен кәсіпорын дары мен қауымдасқ ан компания- лары	Мемлекет- тік кәсіп- орындар- мен опера- циялар	БАРЛЫҒЫ 2015	Ортақ бақылау- дағы компания- лар	Самұрық- Энергоның бірлескен кәсіпорын дары мен қауымдасқ ан компания- лары	Мемлекет- тік кәсіп- орындар- мен опера- циялар	БАРЛЫҒЫ 2014
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>								
Отын және қуат Сумен	13,174,767	22,454,505	-	35,629,272	5,459,118	35,608,973	29,410	41,097,501
қамтамасыз ету	-	-	3,052,573	3,052,573	-	-	2,554,979	2,554,979
Электр қуатын тасымалдау жөніндегі қызметтер және басқа да қызметтер	10,515,884	-	-	10,515,884	7,073,077	396	-	7,073,473
Технологиялық шығындар	2,228,893	-	-	2,228,893	-	-	-	-
Басқалар	122,008	21,697	-	143,705	195,356	-	-	195,356
БАРЛЫҒЫ	26,041,552	22,476,202	3,052,573	51,570,327	12,727,551	35,609,369	2,584,389	50,921,309

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

7 Негізгі құралдар

Төменде негізгі құралдардың теңгерімдік бағасының өзгерістері ұсынылған:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ғимараттар мен құрылымдар	Машиналар және құрал-жабдықтар	Басқалар	Аяқталмаған құрылыс	Барлығы
2014 жылғы 1 қаңтардағы құны	98,591,330	166,797,761	7,909,168	24,821,252	298,119,511
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(20,929,745)	(38,946,049)	(2,976,029)	(121,984)	(62,973,807)
2014 жылғы 1 қаңтардағы теңгерімдік баға	77,661,585	127,851,712	4,933,139	24,699,268	235,145,704
Түсімдер	2,266,855	2,557,131	1,249,234	76,817,760	82,890,980
Бизнесті біріктіру	74,685,224	295,058,045	5,462,373	87,245,742	462,451,384
Ауысулар	13,619,555	81,486,305	325,004	(95,430,864)	-
Тозу	(8,075,454)	(19,095,847)	(1,088,933)	-	(28,260,234)
Шығару	(36,636)	(1,901,645)	(55,042)	(140,342)	(2,133,665)
Пайда немесе шығында көрсетілген құнсыздану сомасы	(1,616,845)	(201,661)	(2,469)	(964,135)	(2,785,110)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға	158,504,284	485,754,040	10,823,306	92,227,429	747,309,059
2014 жылғы 31 желтоқсандағы баға	186,927,891	544,940,957	15,150,802	92,568,147	839,587,797
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(28,423,607)	(59,186,917)	(4,327,496)	(340,718)	(92,278,738)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға	158,504,284	485,754,040	10,823,306	92,227,429	747,309,059
Түсімдер	349,296	2,191,389	1,717,733	96,121,659	100,380,077
Бизнесті біріктіру	11,334	2,179	21,231	-	34,744
Ауысулар	34,606,159	35,764,155	609,772	(70,980,086)	-
Тозу	(10,080,990)	(27,018,519)	(1,211,303)	-	(38,310,812)
Шығару	(129,131)	(530,101)	(37,681)	(308,604)	(1,005,517)
Құнсыздануды қалпына келтіру	870,798	146,223	1,329	535,451	1,553,801
Пайда немесе шығында көрсетілген құнсыздану сомасы	(190,511)	(3,179,556)	(73,884)	(1,671,065)	(5,115,016)
2015 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға	183,941,239	493,129,810	11,850,503	115,924,784	804,846,336
2015 жылғы 31 желтоқсандағы баға	217,917,315	580,570,951	17,300,740	117,391,527	933,180,533
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(33,976,076)	(87,441,141)	(5,450,237)	(1,466,743)	(128,334,197)
2015 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға	183,941,239	493,129,810	11,850,503	115,924,784	804,846,336

Түсімдер сомасы 4,572,696 мың теңге (2014: 1,528,623 мың теңге) сомасында қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындар кіреді.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңгерімдік бағасы 4,370,606 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар (31 желтоқсан 2014 ж.: 4,648,573 мың теңге) Толтың «Қазақстан Даму банкі» АҚ-тан алған берешектері бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге ұсынылды (19-ескерту).

7 Негізгі құралдар (жалғасы)

Теңгерімдік құны 21,111,946 мың теңге негізгі құралдың 20,185,843 мың теңге сомасы Бірінші Жел Электр стансасы (БЖЭС) және 926,103 мың теңге сомасында Қапшағай Күн Электр стансасының (Қапшағай КЭС) активтерінен тұрады. КЕГОС еншілес ұйымы – Есептік-Қаржы Орталығы электр қуатының жаңғыртылған көздерінен өндіретін компаниялардың өнімінің барлық көлемін сатып алады және дәстүрлі көздерден электр қуатын өндіретін станцияларға қайта сату агенті ретінде қызмет атқарады. Электр қуатының барлық көлемі жыл сайын инфляция мөлшерлемесіне түзетілетін нарықтан жоғары келісілген тариф бойынша станциялардан сатып алынады.

КМСФО(IFRIC) 4 сәйкес осындай сипаттағы шарттар жалға алу шарты белгілерін қамти алады. Басшылық КМСФО(IFRIC) 4 талаптарын бағалады және осы шарт ПВЭС және Қапшағай КЭС жалға берушілер болып саналатын операциялық жалға беру шарты болып табылады деген шешімге келді. Тиісінше, аталған стансалардан электр қуатын сатудан түскен түсім электр стансаларды жалға беру табысы құрамына енгізілді.

Құнсыздандыру шығындары құнсыздандыруға жүргізілген тестілеу нәтижесінде танылды (4-ескерту). Құнсыздану шығындары негізінен АЖК 3,972,777 мың теңге сомасындағы негізгі құралдарға жатады.

Тозу бойынша шығындар бір жылдағы пайда мен шығынның келесі баптарына енгізілді:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2015 ж.	2014 ж.
Сатылымдардың өзіндік құны	37,321,524	27,335,346
Жалпы және әкімшілік шығындар	968,978	905,445
Тоқтатылған қызмет	-	-
Басқа операциялық шығындар	20,310	19,443
Тозу бойынша барлық шығындар	38,310,812	28,260,234

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

8 Материалдық емес активтер

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Лицензиялар	Бағдарламалық қамтамасыз ету	Басқалар	Барлығы
2014 жылғы 1 қаңтардағы бастапқы баға	132,573	1,390,471	546,457	2,069,501
Жинақталған амортизация	(106,914)	(623,791)	(6,170)	(736,875)
2014 жылғы 1 қаңтардағы теңгерімдік баға	25,659	766,680	540,287	1,332,626
Түсімдер	93,997	540,868	107,592	742,457
Шығару	-	(119)	-	(119)
ауысулар	2,451	550,754	174,644	727,849
Амортизация	(19,130)	(296,683)	(36,457)	(352,270)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға	102,977	1,561,500	786,066	2,450,543
2014 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы баға	223,713	2,466,384	831,353	3,521,450
Жинақталған амортизация	(120,736)	(904,884)	(45,287)	(1,070,907)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға	102,977	1,561,500	786,066	2,450,543
Түсімдер	63,030	172,993	387,576	623,599
Шығарулар	-	(766)	(194,679)	(195,445)
Ауысулар	-	257,410	324,800	582,210
Амортизация	(48,768)	(372,349)	(115,813)	(536,930)
Пайда немесе шығында көрсетілген құнсыздану сомасы	(1,933)	(27,081)	-	(29,014)
2015 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға	115,306	1,591,707	1,187,950	2,894,963
2015 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы баға	285,744	2,726,759	1,350,819	4,363,322
Жинақталған амортизация	(170,438)	(1,135,052)	(162,869)	(1,468,359)
2015 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға	115,306	1,591,707	1,187,950	2,894,963

9 Барлау активтері

2012 жылғы желтоқсанда Топ компанияны, «Тегіс Мұнай» ЖШС-ті 8,904,241 мың (барлау және бағалау бойынша 8,464,970 мың теңге активтер, қалған сома ақша мен алдын ала ақша) теңгеге сатып алды. Бұның мақсаты Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан газ кен орнында жер қойнауын пайдалануға лицензия алу болып табылады. Лицензия кен орнында барлау жұмыстарын жүзеге асыру құқығын береді. Компанияны сатып алу есепте бизнесті емес, активтер тобын (жер қойнауын пайдалануға лицензия) сатып алу деп көрсетілді. Алынған лицензия барлау бойынша активтер және бағалау құрамына енгізілді.

2015 жыл бойы Топ үш барлау ұңғыманы бұрғылады қоса алғанда барлау бойынша одан әрі шығынға, сондай-ақ 1,180,473 мың теңге (2014: 2,210,387 мың теңге) сомасында басқа шығындар жұмсады.

Жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша газ және кен орындарының жаңа қорлары расталды. Кен орнын барлау келісімшарты 2016 жылы аяқталады, одан кейін Топ өндіру келісімшартына қол қою жұмыстарын бастауды жоспарлап отыр. Барлау активтерін өндіру активтеріне ауыстыру коммерциялық өндіруді бастағаннан кейін жоспарланып отыр.

10 Инвестициялық меншік

<i>Қазақстандық мың теңге</i>	2015 ж.	2014 ж.
1 қаңтардағы баға	1,660,754	1,497,162
Жинақталған тозу	(778,212)	(672,219)
1 қаңтардағы теңгерімдік баға	882,542	824,943
Кәсіпорындарды біріктіру кезіндегі түсім	-	163,592
Тозу	(107,842)	(105,993)
31 желтоқсандағы баға	1,660,754	1,660,754
Жинақталған тозу	(886,052)	(778,212)
31 желтоқсандағы теңгерімдік баға	774,702	882,542

Инвестициялық меншік концессия келісімшартына сәйкес операциялық жалға берілген Бұқтырма гидроэлектр стансасының мүлктік кешенін білдіреді (4-ескерту).

Топ жалға беруші болған жағдайларда операциялық жалға алу келісімшарттары бойынша алуға бағытталған келешек ең төменгі, жоққа шығарылмайтын жалдау төлемдері келесіні құрайды:

<i>Қазақстандық мың теңге</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
1 жылдан аспайды	2,890,095	1,022,550
1 жылдан 5 жылға дейін	11,560,340	4,090,200
5 жылдан асады	7,225,213	3,955,798
Барлық келешек ең төменгі жалдау төлемдері	21,675,648	9,068,548

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл кезінде, Топ жалпы 2,563,782 мың теңге (2014 ж.: 2,050,282 мың теңге) (22-ескерту) сомасында Бұқтырма гидроэлектр стансасы мүлктік кешінін операциялық жалдаудан пайда алды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, дисконтталған ең төменгі жалдау төлемдерінің сомасы ретінде анықталған инвестициялық меншіктің әділ құны 13,750,307 мың теңгеге (2014 жылғы 31 желтоқсан: 6,799,268 мың теңге) тең келді. Топ әділ құнды бағалау үшін тәуелсіз бағалаушыны тартқан жоқ. Инвестициялық меншіктің әділ бағасы жалдау төлемдерінің келешек ақша түсімдерін дисконттау жолымен анықталды.

11 Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар инвестициялары

Төмендегі кестеде Топтың бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялардағы инвестицияларының теңгерімдік құнының өзгерістері ұсынылған.

В тысячах казахстанских тенге	Совместные предприятия		Ассоциированные компании			
	ЭГРЭС-2	Forum Muider	ЖГРЭС	ЭГРЭС-1	Балхаш-ская ТЭС	Итого
Остаток на 1 января 2014 г.	38,661,671	28,344,210		171,237,259	4,639,877	242,883,017
Инвестиции	-	-	-	-	6,059,620	6,059,620
Доля в прибыли за год	5,128,944	3,938,881	-	4,032,959	(143,207)	12,957,577
Дивиденды полученные	(1,500,000)	(6,233,294)	-	-	-	(7,733,294)
Доход от переоценки ранее принадлежавшей доли в приобретенном предприятии	-	-	-	56,682,576	-	56,682,576
Объединение бизнеса				(231,952,794)	-	(231,952,794)
Остаток на 31 декабря 2014 г.	42,290,615	26,049,797	-	-	10,556,290	78,896,702
Инвестиции	-	-	-	-	8,906,910	8,906,910
Доля в прибыли/(убытке) за год	(12,767,669)	5,058,405	-	-	(2,463,270)	(10,172,534)
Дивиденды полученные	-	(5,583,500)	-	-	-	(5,583,500)
Остаток на 31 декабря 2015 г.	29,522,946	25,524,702	-	-	16,999,930	72,047,578

2015 жылғы 31 желтоқсанда Топ бірлесіп бақылайтын кәсіпорындарда мынадай меншік үлесін иеленеді:

- ЕГРЭС-2 – 50%. Қалған 50% меншік үлесі «Интер-РАО ЕЭС» ААҚ тиесілі
- Forum Muider – 50%. Қалған 50% меншік үлесі UC RUSAL тиесілі.

2015 жылғы 31 наурызда Топ «Тараз-Энерго 2005» ЖШС компаниясының ЖГРЭС 50% үлесін сату туралы шартқа қол қойды. Сату құны 2,469,307 мың теңгені құрады. Меншік құқығын тапсыруды тіркеу 2015 жылғы 18 мамырда аяқталды.

ЖГРЭС инвестициясы өткен кезеңдерде толығымен құнсызданған болатын, себебі активтердің қайтарылатын құны нөлге тең болды. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЖГРЭС инвестициясы «Шығу тобы ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер» ретінде жіктелген және теңгерімдік құны 0 теңге деп танылған болатын. Топ сатып алушыға барлық инвестициялармен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды өткізгеннен кейін инвестицияны тануды тоқтатты және сату бойынша шығыстарды шегергенде 2,469,307 мың теңге көлемінде тоқтатылған қызметтен пайданы таныды.

2014 жылғы 31 наурызда Топ ЕГРЭС-1 бақылауын сатып алды және оның бақылауын сатып алғанға дейінгі кезеңдегі табыстарындағы немесе шығындарындағы үлесті бірлескен кәсіпорын пайдасындағы үлес ретінде есепке алды. 2014 жылғы 1 сәуірден бастап Топ ЕГРЭС-1 шоғырландыра бастады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

11 Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар инвестициялары (жалғасы)

Топтың келесі қауымдасқан компанияларда қатысу үлесі бар: Балқаш ЖЭС (37,92%): кәсіпорын Қазақстан Республикасында тіркелген және Топпен 2008 жылы Балқаш жылу электр стансасының құрылысы мақсатында құрылған.

Төменде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы, сондай-ақ осы күнге аяқталған кезеңдерге бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың біріктірілген қаржылық ақпараты ұсынылған:

	ЕГРЭС-2		Forum Muider		ЖГРЭС		ГРЭС-1*		БЖЭС	
	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014
<i>Қазақстандық мың теңге</i>										
Қысқа мерзімді активтер	10,211,936	10,632,932	19,452,520	16,328,274	-	7,826,956	-	-	1,280,786	20,967,915
Ұзақ мерзімді активтер	150,417,037	145,570,528	62,639,691	66,535,959	-	3,226,591	-	-	60,759,801	22,110,034
Қысқа мерзімді міндеттемелер	11,110,383	10,766,604	20,515,538	19,955,908	-	7,692,635	-	-	17,214,549	852,789
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	90,472,698	60,855,626	10,527,269	10,808,731	-	360,300	-	-	-	-
Таза активтер	59,045,892	84,581,230	51,049,404	52,099,594	-	3,000,612	-	-	44,826,038	42,225,160
Түсімдер	25,862,638	35,733,384	78,656,874	91,959,769	-	20,796,921	-	20,921,573	-	-
Мемлекеттік субсидиялар	-	-	-	-	-	2,791,012	-	-	-	-
Салық салынғанға дейінгі пайда/(шығын)	(31,698,565)	13,967,065	15,147,669	11,667,004	-	453,403	-	11,406,675	(6,491,910)	(572,828)
Барлық жиынтық кіріс /(шығын)	(25,535,337)	10,257,888	12,241,509	7,877,762	-	452,886	-	8,717,400	(6,495,241)	(572,828)

Қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын ұйымдардағы инвестициялар ескертулері мен баланстық құнында ашып көрсетілген сомалар арасындағы бір ғана айырмашылық қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын ұйымдардағы басқа инвесторлардың табыстары мен шығындарының үлесі болып табылады.

Топтың бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесімен байланысты шартты міндеттемелер 29-ескертуде ашып көрсетілген. Бірлескен кәсіпорындармен есептесу бойынша операциялар мен қалдықтар 6-ескертуде ашып көрсетілген.

*ГРЭС-1 2014 жылғы табыстары мен шығындары туралы ақпарат 2014 жылдың 1-тоқсаны үшін ұсынылған, себебі 2014 жылдың 31 наурызында Топ ГРЭС-1 бақылауын сатып алды және бақылауды сатып алуға дейінгі кезеңдегі оның пайда мен шығындардағы үлесі бірлескен кәсіпорынның табысындағы үлес ретінде есептелді. 2014 жылдың 1 сәуірінен бастап Топ ГРЭС-1 консолидациялауды бастады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

12 Басқа ұзақ мерзімді активтер

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж. (қайта есептелді)*
Ұзақ мерзімді активтер бойынша алдын ала төлемдер	9,810,591	12,305,435
Өтелуі тиіс ұзақ мерзімді ҚҚС	2,960,833	1,738,069
Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат	920,998	524,586
Ұзақ мерзімді депозиттер	261,733	320,537
Облигациялар	220,000	3,867,000
Басқалар	82,654	27,673
Барлық басқа ұзақ мерзімді активтер	14,256,809	18,783,300

Ұзақ мерзімді активтер бойынша алдын ала төлемдер

Басқа ұзақ мерзімді активтердің жалпы сомасы капиталды сипаттағы келесі қызметтердің алдын ала төлемдері мен негізгі құралдардан тұрады :

<i>Қазақстандық мың теңге</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж. (қайта есептелді)*
Шардара ГЭС-ті жаңғырту	6,777,877	3,231,623
Әкімшілік ғимараттың құрылысы	2,200,000	1,100,000
Алматы қаласы мен Алматы облысында шағын стансалар салу және қайта құру	302,244	492,994
ТЭО-2 АлЭС-ті қайта құру және кеңейту	150,100	4,537,773
Бірінші жел электр стансаның құрылысы	-	2,328,900
Басқалар	380,370	614,145
Барлық ұзақ мерзімді активтер бойынша алдын ала төлемдер	9,810,591	12,305,435

13 Тауар-материалдық қорлар

	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж. (қайта есептелді)*
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		
Қосалқы бөлшектер	6,191,721	1,495,596
Отын	5,188,317	5,133,317
Қосымша өндірістік материалдар	3,369,630	7,644,198
Шикізат	31,866	50,916
Басқа материалдар	699,913	695,270
Минус: ликвидті емес және ескірген тауар-материалдық қорлар бойынша және таза сату бағаға дейін төмендету резервтері	(1,703,492)	(1,965,508)
Барлық тауар-материалдық қорлар	13,777,955	13,053,789

Төменде Топтың тауар-материалдық қорлары бойынша резервтегі қозғалысы ұсынылған:

	2015	2014 (қайта есептелді) *
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		
Резерв, 1 қаңтар	1,965,508	941,719
Бір жыл ішінде құрылған/(қалпына келтірілген) құнсыздану резерві	24 (248,629)	881,417
Бизнесті біріктіру арқылы сатып алу	-	148,028
Бір жыл ішінде шығарылған тауар-материалдық қорлар	(13,387)	(5,656)
Құнсыздандыру резерві, 31 желтоқсан	1,703,492	1,965,508

* - салыстырмалы ақпарат сатуға арналған шығарылатын топтың активтері мен міндеттемелерін аударуды көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

14 Негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз және басқа дебиторлық қарыз

	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж. (қайта есептелді)*
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз	18,348,676	16,011,822
Минус: құнсыздану резерві	(1,038,111)	(1,326,974)
Барлық қаржылық активтер	17,310,565	14,684,848
Басқа дебиторлық қарыз	6,449,714	3,983,424
Минус: құнсыздану резерві	(3,917,441)	(3,736,465)
Барлық негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз және басқа дебиторлық қарыз	19,842,838	14,931,807

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Майкубен-Вест» ЖШС ұзақ мерзімді дебиторлық қарызы толығымен құнсыздандырылды. Топ резерві 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздың теңгерісдік құнынан 100% көлемінде бағалады. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топтың қаржылай активтері теңгемен көрсетілген. Төменде қаржылық дебиторлық қарыздың құнсыздануына байланысты Топтың резервіндегі өзгерістер көрсетілген:

		2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>			
1 қаңтардағы құнсыздану резерві		1,326,974	839,997
Жыл ішінде құрылған құнсыздану резерві	25	609,626	544,647
Жыл ішінде резервіті қалпына келтіру	25	(830,481)	(6,294)
Жыл ішінде жойылған үмітсіз дебиторлық қарыз		(68,008)	(51,376)
31 желтоқсандағы құнсыздану резерві		1,038,111	1,326,974

Төменде несие сапасы бойынша қаржылық дебиторлық қарыздың талдауы көрсетілген :

	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		
Ағымдағы және құнсызданбаған	13,684,310	10,884,039
Барлық ағымдағы және құнсызданбаған	13,684,310	10,884,039
<i>Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған</i>		
- 1 - 30 күнге дейін	57,775	1,507,217
- 30 - 90 күнге дейін	2,699,905	1,268,192
- 90 - 180 күнге дейін	166,425	59,780
- 180 - 360 күнге дейін	702,150	965,620
Барлық мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған	3,626,255	3,800,809
<i>Барлық жеке құнсызданғандар (жалпы сомасы)</i>		
- 90 күнге дейін	4,603	6,324
- 90 - 180 күнге дейін	113,053	190,612
- 180 - 360 күнге дейін	537,743	621,912
- 360 күннен астам	382,712	508,126
Барлық жеке құнсызданғандар	1,038,111	1,326,974
Минус: құнсыздану резерві	(1,038,111)	(1,326,974)
Барлығы	17,310,565	14,684,848

15 Басқа қысқа мерзімді активтер

	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
Жедел депозиттер	30,107,680	26,202,745
Облигациялар	6,830,737	-
Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат, АҚШ долларымен көрсетілген	5,695,685	4,257,052
Салықтар бойынша өтеу мен алдын ала ҚҚС	3,430,740	7,469,711
Алуға арналған дивидендтер	2,108,905	2,252,360
Жеткізушілердің алдын ала ақшасы	1,099,783	2,504,079
Акционер пайдасына арналған актив	988,787	-
Бір-бірімен байланысты тараптарға берілген қарыздар	-	12,613
Басқалар	604,648	516,231
Барлық басқа қысқа мерзімді активтер	50,866,965	43,214,791

Пайдаланылуы шектелген ақша Қазақстан Даму банкі мен Қытай Даму банкі арасында 5,695,685 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: 4,257,052 мың теңге) сомасында бекітілген несиелік келісімдеріне сәйкес, электр қуаты сатылымынан алынған және кепілдеме шотында орналасқан ақшадан тұрады. Басшылық аталмыш ақша қарыздар бойынша пайыздарды өтеу үшін ғана емес, операциялық шығындарды жабу үшін де пайдаланылуы мүмкін. Пайдаланылуы шектелген ақша қалдықтары АҚШ долларында көрсетілген.

Облигациялар «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ шығарған 20,000 мың АҚШ доллары сомасындағы облигацияларды құрайды. Өтеу мерзімі – 2016 жылғы желтоқсан. 2014 жылдың 31 желтоқсанында осы облигациялар ұзақ мерзімді активтер құрамында жіктелді.

2014 жылы Акционердің тапсырмасы бойынша Топ Астана қаласында 1,174,066 мың теңге сомасында балабақша құрылысын салу міндеттемесін қабылдады. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания балабақша құрылысына байланысты 988,787 мың теңге сомасында шығын көрді, сондай-ақ осы құрылысқа 36,306 мың теңге сомасында алдын ала төлем аударды. Аталған шығындар Акционердің пайдасына арналған ағымдағы активтер ретінде көрсетілді, себебі бұл активтер ҚР Президентінің қатысуымен өткен 2013 жылғы 27 қарашадағы жиналыс хаттамасына сәйкес Акционер кірісін бөлу есебінен 2016 жыл ішінде Акционерге беріледі деп күтілуде.

16 Ақшалай қаражат және олардың баламалары

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
Ағымдағы банк шоттарындағы ақшалай қаражат	19,465,578	14,059,605
Жедел депозиттер	12,444,844	7,586,688
Кассадағы ақшалай қаражат	17,089	11,874
Барлық ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары	31,927,511	21,658,167

Жедел депозиттер кем дегенде үш ай ішінде және талап бойынша келісімшарт мерзімі бойынша өтелуі тиіс. Ақша мен олардың баламалары келесі валюталарда ұсынылған :

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
Теңге	22,017,179	12,494,035
АҚШ доллары	5,915,648	9,105,185
Басқа валюталар	3,994,684	58,947
Барлық ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары	31,927,511	21,658,167

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

17 Капитал

	Эмиссия датасы	Жарияланған және шығарылған акциялар саны	Акция бағасы, теңгемен	Акционерлік капитал, мың теңгемен
Акционерлік капитал				
2014 жылғы 1 қаңтардағы қалдық		5,463,437		233,946,269
Алдыңғы эмиссиялардың төленбеген бөлігін төлеу:				
11-ші акциялар эмиссиясы	26 наурыз 2014	21,000	1,000,000	21,000,000
12-ші акциялар эмиссиясы	6 қазан 2014	100,000	1,000,000	100,000,000
13-ші акциялар эмиссиясы	1 қыркүйек 2014	1,000	418,117	418,117
2014 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық		5,585,437		355,364,386
Алдыңғы эмиссиялардың төленбеген бөлігін төлеу:				
14-ші акциялар эмиссиясы	15 июля 2015	286	1,000,065	286,019
2015 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық		5,585,723		355,650,405

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, 5,585,723 шығарылған жай акциялар толығымен төленді (2014 жылғы 31 желтоқсан: 5,463,437 акция). Әр жай акция бір дауыс құқығын береді. Компанияның басымдық акциялары жоқ.

	31 желтоқсан 2015 ж.		31 желтоқсан 2014 ж.	
	Самұрық-Қазына	Барлығы	Самұрық-Қазына	Барлығы
Төленген жай акциялар саны	5,585,723	5,585,723	5,585,437	5,585,437
Меншік үлесі	100%	100%	100%	100%
Барлық акционерлік капитал	355,650,405	355,650,405	355,364,386	355,364,386

Басқа резервтік капитал

	Кәсіпорындарды біріктіру резерві	Акционермен операция нәтижесі	Өзге де жиынтық шығын	Барлығы
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>				
2014 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	57,445,241	18,025,646	(162,072)	75,308,815
Өзге де жиынтық шығын	-	-	(152,764)	(152,764)
Мойнақ ГЭС-тің бақылама»-тын акционер үлесін сатып алу	(20,162,954)	-	-	(20,162,954)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	37,282,287	18,025,646	(314,836)	54,993,097
Өзге де жиынтық шығын	-	-	3,106	3,106
Самұрық Қазынадан қарызыды бастапқы тану кірісі (19-ескерту)	-	72,581,903	-	72,581,903
2015 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	37,282,287	90,607,549	(311,730)	127,578,106

17 Капитал (жалғасы)

Кәсіпорындарды біріктіру резерві және акционермен операциялар нәтижесі

Кәсіпорындар біріктіру резерві Топқа тапсырылған бұрын ортақ бақылауда болған еншілес компаниялардың таза активтерінің теңгерімдік бағасы арасындағы айырмашылықты, сондай-ақ тапсыратын тарапта қалыптасқан гудвил сомасы мен төленген сыйақы сомасын білдіреді.

2015 жылғы 22 сәуірде Топ жай акцияға 855.99 теңге көлемінде дивиденттер төлеу туралы хабарлады (2014 ж.: 1,489.78 теңге). Дивиденттер 2015 жылғы 22 маусымда толығымен төленді.

2015 жылғы 25 желтоқсанда

2015 жылғы 25 желтоқсанда кредиттік келісім №369 кредиттік шарттың қосымшасына сәйкес айтарлықтай өзгертілді, негізгі қарыз сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 1% дейін азайтылды. Қарыздың талаптарын өзгерту күніндегі нарықтық мөлшерлеме жылдық 12.8% құрады. Топ басқа капиталдар құрамында 72,581,903 мың теңге сомасында қарыздың бастапқы тануынан түскен кірісті таныды, себебі басшылық нарықтан төмен мөлшерлемеді қарыз ұсынған Самұрық-Қазына Компания акционері ретінде әрекет етті деп есептейді. Алынған қарызды бастапқы танудар түскен пайда алынған қарыздың атаулы құны мен оның тану күніндегі әділ құны арасындағы айырмашылық ретінде көрсетілді.

18 Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер

Қызметкерлерге сыйақылар бойыншы міндеттемелер Топ компаниялары қол қойған ұжымдық келісімшарттарда көрсетілген шарттарға сәйкес ұсынылған.

Төменде қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің өзгерістері келтірілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
1 қаңтардағы жағдай бойынша, кейбір сыйақылар бойынша келтірілген міндеттемелер бағасы	1,102,643	1,340,248
Өзекті шығындар	20,201	92,134
Келтірілген бағадағы дисконтты жоққа шығару	86,496	55,092
Шығатын топ міндеттемелері	329,137	-
Ағымдағы қызметтер бағасы	9,814	34,326
Төленген сыйақы	(95,762)	(90,020)
31 желтоқсанда кейбір сыйақылар бойынша келтірілген міндеттемелер бағасы	1,452,529	1,431,780

Төменде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі сомалар көрсетілген :

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
Қызметкерлер сыйақылары бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер бөлігі	122,689	93,644
Қызметкерлер сыйақылары бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер бөлігі	1,329,840	1,338,136
Барлығы	1,452,529	1,431,780

18 Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер (жалғасы)

Төменде келесі кезеңдегі Топтың пайдасы мен шығынындағы сомалар көрсетілген:

	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		
Өзекті шығындар	20,201	92,134
Келтерілген бағадағы дисконтты жоққа шығару	86,496	55,092
Ағымдағы қызметтер бағасы	9,814	34,326
Кезеңде пайдада немесе шығында танылған шығыстар	116,511	181,552

Өзекті шығындар мен ағымдағы қызметтер бағасы жалпы және әкімшілік шығындар құрамындағы кезеңде Топтың пайдасы немесе шығынына қосылды.

Төменде 2015 жылғы 31 желтоқсанда және 2014 жылғы 31 желтоқсанда пайдаланылған негізгі өзекті ұсыныстар ұсынылған:

	2015 ж.	2014 ж.
Дисконт мөлшерлемесі	5.86%-7.1%	5.86%-6.78%
Ең төменгі еңбекақы мен айлық есептік көрсеткіштің жыл сайынғы өсімі	7%-8%	6%-8%
Кадрлар ағымының орташа нормасы		
- әкімшілік-басқару ұжымы	3.95%-18.93%	5.32%-14.65%
- өндірістік ұжым	4.2%-14.18%	9.18%-9.59%

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

19 Несиелер

	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж. (қайта есептелді) *
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		
Ұзақ мерзімді бөлігі		
Мерзімді банк несиелері	108,113,692	59,749,620
Самұрық Қазына несиесі	54,355,849	127,617,869
Тұтынушылар несиелері	1,875,738	2,588,557
Шығарылған облигациялар	175,813,521	93,768,774
Барлық несиелер – ұзақ мерзімді бөлігі	340,158,800	283,724,820
Қысқа мерзімді бөлігі		
Мерзімді банк несиелері	66,212,250	32,729,707
Шығарылған облигациялар	387,285	3,221,065
Самұрық Қазына несиесі	3,181,244	3,199,590
Тұтынушылар несиелері	613,445	745,666
Төлем вексельдері	450,358	405,234
Барлық несиелер – қысқа мерзімді бөлігі	70,844,582	40,301,262
Барлық несиелер	411,003,382	324,026,082

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

19 Несиелер (жалғасы)

Төменде Топ компаниялары шеңберінде несиелердің теңгерімдік бағасы келтірілген :

	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж. (қайта есептелді) *
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		
<i>Самұрық-Энерго</i>		
Самұрық-Қазына	57,537,093	130,817,459
АТФ банк	4,506,589	8,235,581
Халық банк	6,240,502	-
Казком	10,180,000	-
Еврооблигациялар	170,040,909	93,966,800
Барлығы Самұрық-Энерго	248,505,093	233,019,840
<i>АЖК</i>		
Тұтынушылар несиелері	2,489,183	2,645,530
Халық банк	1,751,291	-
Нұрбанк	501,166	-
Төленетін вексельдер	450,358	405,234
Барлығы АЖК	5,191,998	3,050,764
<i>Алматы электр стансалары</i>		
Халық банк	4,020,414	2,655,542
Банк ВТБ Қазақстан	1,236,253	2,126,007
ҚазИнвестБанк	1,441,504	1,320,842
Ситибанк Қазақстан	1,477	-
Барлығы Алматы электр стансалары	6,699,647	6,102,391
<i>Мойнақ ГЭС-і</i>		
Қытай Мемлекеттік Даму Банкі	58,202,820	32,802,578
Қазақстан Даму банкі	24,583,534	17,691,141
Барлығы Мойнақ ГЭС	82,786,354	50,493,719
<i>АлматыЭнергоСбыт</i>		
Халық банк	2,074,567	-
Шығарылған облигациялар	-	150,543
Альфа Банк	-	560,677
Барлығы АлматыЭнергоСбыт	2,074,567	711,220
<i>ПВЭС</i>		
Еуразия Даму Банкі	14,310,421	12,670,341
Барлығы ПВЭС	14,310,421	12,670,341
<i>МРЭК</i>		
Шығарылған облигациялар	6,156,272	2,865,117
Тұтынушылар несиелері	637,697	726,072
Қаражанбасмұнай	164,330	-
Халық банк	133,333	-
Барлығы МРЭК	7,091,632	3,591,189

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

19 Несиелер (жалғасы)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
<i>Шардара ГЭС</i>		
Еуропа Жаңғырту және Даму банкі	7,558,750	-
Барлығы Шардара ГЭС	7,558,750	-
<i>Ақтөбе ЖЭО</i>		
Халық банк	250,000	-
Барлығы Ақтөбе ЖЭО	250,000	-
<i>ШҚ АЭК</i>		
Банк ЦентрКредит	999,781	410,661
Барлығы ШҚ АЭК	999,781	410,661
<i>Шығысэнерготрейд</i>		
Сбербанк	-	857,694
Барлығы Шығысэнерготрейд	-	857,694
<i>ЕГРЭС-1</i>		
Сбербанк	23,485,611	13,118,263
Халық банк	12,049,528	-
Барлығы ЕГРЭС-1	35,535,139	13,118,263
Барлық несиелер	411,003,382	324,026,082

Төменде қарыздардың теңгерімдік және әділ бағасы келтірілген .

<i>Қазақстандық мың теңге</i>	Теңгерімдік құны		Әділ бағасы	
	2015 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2014 ж.
Облигациялар	176,200,806	96,989,839	164,224,827	93,782,210
Тұтынушылар несиелері	2,489,183	3,364,223	3,240,899	4,126,242
Мерзімді банк несиелері	174,325,942	92,449,327	172,656,240	92,456,706
Төлем вексельдері	450,358	405,234	450,358	429,331
Самұрық-Қазына несиесі	57,537,093	130,817,459	47,960,689	126,629,627
Барлық несиелер	411,003,382	324,026,082	388,533,013	317,424,116

Самұрық-Энерго

Самұрық-Қазына

2010 жылғы 17 наурызда Топ самұрық-Қазынамен 48,200,000 мың теңге сомасында несие келісіміне қол қойды. Оның мақсаты Forum Muiden-ден 50% үлесті сатып алу нәтижесінде қарызды қайта қаржыландыру. Қарыз жылына 1.2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлемен, өтеу мерзімі 2029 жылғы 15 қыркүйекке дейін берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең төлеммен өтелуі тиіс, ал пайыздар қарыз алынғаннан кейін келесі есептік жылдан бастап жарты жылдық төлемдермен төленеді .

19 Несиелер (жалғасы)

2011 жылғы 14 қаңтарда Топ Самұрық-Қазынамен 7,000,000 мың теңге сомасында несие келісіміне қол қойды. Оның мақсаты АЖК компаниясы шағын стансасының құрылысын қаржыландыру. Қарыз жылына 2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, өтеу мерзімі 2015 жылғы 25 қаңтарға дейін берілді. Негізгі сома мерзім соңында, ал пайыздар жарты жылдық төлемдермен төленуі тиіс.

2014 жылғы 16 қаңтарда Топ Самұрық-Қазынамен 200,000,000 мың теңге сомасында несие келісіміне қол қойды. Оның мақсаты ЭГРЭС-1-дің қалған үлесін сатып алу. Негізгі сома 2028 жылдың 1 желтоқсанына дейін төленуі тиіс, ал пайыздар 7.8% мөлшерлемесімен жарты жылдық төлемдермен төленеді.

2014 жылғы 3 қазанда несие келісімі №369 несие келісімшартына толықтырудың енгізілуіне сәйкес келесідей біршама өзгерді:

- 100,000,000 мың теңге көлеміндегі негізгі қарыз сомасы Топ акцияларына айналдырылды
- Негізгі қарыздың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылына 9% дейін ұлғайтылды, бұл нарықтық пайыздық мөлшерлемеге сәйкес келеді.

2015 жылғы 25 желтоқсанда аталған кредиттік келісім №369 кредиттік шарттың қосымшасына сәйкес айтарлықтай өзгертілді, негізгі қарыздың сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 1% дейін төмендетілді. Басшылық пайыздық мөлшерлеменің нарықтық емес мөлшерлемеден 1% дейін төмендеуін, ал субординацияланғанға дейінгі қарыз басымдығындағы өзгерістерді қарыз шарттарына айтарлықтай өзгерістерге алып келетінін бағалады. Басшылық несие шарттарына мұндай өзгерістер бастапқы қарызды өтеу ретінде есептелуі тиіс және жаңа қарызды әділ құны бойынша тану тиіс деп есептейді.

Қарыз алған күндегі нарықтық мөлшерлеме жылдық 12.8% құрады. Топ басқа капитал құрамында 72,581,903 мың теңге сомасында қарызды бастапқы танудан түскен кірісті таныду, себебі басшылық нарықтан төмен мөлшерлемеде қарыз ұсыну кезінде Самұрық-Қазына Компания акционері ретінде әрекет етті деп есептейді.

Алынған қарызды бастапқы танудан түскен пайда алынған қарыздың атаулы құны мен оның танылған күніндегі әділ құны арасындағы ақша ағымын дисконттау әдісін пайдаланумен және жылдық 12.8% тиімді мөлшерлеменен есептелген айырмашылық ретінде көрсетілді.

Облигациялар

2012 жылғы 7 қыркүйектегі және 2012 жылғы 6 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Еурооблигациялардың алғашқы эмиссиясының келесі параметрлері бекітілді:

- Эмиссиялар көлемі - 500,000,000 АҚШ доллары;
- Эмиссия формасы – S ережесіне сәйкес;
- 5 жылдан кейін төленетін вексельдер

Купондық пайыздық мөлшерлеме жылына 3.75% деңгейінде тіркелді (тиімді мөлшерлеме 3.85%). Шыарылатын облигациялар саны мен формасы: қамтамасыз етілмейтін 500,000 (бес жүз мың) облигациялар. Бір облигацияның нақты бағасы 1,000 (бір мың) АҚШ долларын құрайды. Эмиссия 2012 жылғы 20 желтоқсанда Ирландия қор биржасында ISIN-XS0868359166 нөмірімен тіркелді. 2012 жылғы 19 желтоқсанда Қазақстан қор биржасы «Самұрық-Энерго» АҚ-ты ISIN-XS0868359166 нөмірімен «рейтингтік бағасы бар бағалы қарыз қағаздары» санатының ресми тізіліміне қосты. Топ 500,000 АҚШ доллары көлеміндегі еурооблигациялардың толық сомасын шығарып, орналастырды.

2013 жылдың бірінші жартысында Топ Қазақстан қор биржасына 2015 жылғы қарашада төленетін жалпы 2,956,595 мың теңге сомасындағы облигацияларды орналастырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылына 6% құрады.

19 Несиелер (жалғасы)

АТФ банк

2014 жылдың 13 қазаны және 14 қарашасында Топ АТФ банктан жалпы тағайындаудың 2 қысқа мерзімдік кредиттік желісін ашты. Пайыздық мөлшерлеме ай сайын төлеуге жатады және қарыз мерзіміне қарай жылдық 11% - 13% аралығын құрайды. Бір кредиттік желі бойынша қарыз 2015 жыл ішінде толығымен төленді. 2015 жылғы қыркүйекте Топ ағымдағы кредиттік желі бойынша капитал айналымын толықтыруға 4,500,000 мың теңге көлемінде жаңа қарыз алды. Пайыздық мөлшерлеме 11% құрайды, аталған қарыз бойынша қамтамасыз ету жоқ.

Халық банкі

2015 жылы 25 мамырда Топ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да айналым қаражатын толтыру үшін 10,000,000 мың теңге мөлшерінде жаңартылатын қысқа мерзімді кредиттік желі ашты. Пайыздық мөлшерлеме ай сайын төленеді және ол қарыздың мерзіміне байланысты жылдық 10.5%-дан 12.5%-ға дейін құрайды. 2015 жылы 6 қарашада Топ аталған кредиттік желінің мерзімін 2015 жылдың 1 қазанынан бастап жаңадан берілген қарыздарға арналған мерзімге қарамастан 12.5% мөлшерде пайыздық мөлшерлеме белгілей отырып, 2017 жылдың 26 мамырына дейін ұзартты. 2015 жыл бойында Топ аталған кредиттік желі бойынша жалпы сомасы 20,698,000 мың теңгеге қарыз алып, оны жалпы сомасы 14,500,000 мың теңгеге ішінара өтеді. 2015 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, негізгі қарыз бен қазіргі кредиттік желі бойынша есептелген сыйақының қалдығы 6,240,502 мың теңгені құрайды. Аталған кредиттік желіні қамтамасыз ету болашақта «Қазақстан Халық Банкі» АҚ есеп шотына болашақта 35,715,632 мың теңге сомасында келіп түсетін ақшалар кепілі болып табылады.

Қазкоммерцбанк

2015 жыл бойында "Қазкоммерцбанк" АҚ-мен жасалған 2015 жылғы 21 қазандағы №1610 кредиттік желі алу туралы келісім аясында айналым капиталын толтыру мақсатында 5 жыл мерзімге 10,000,000 мың теңге сомасында қарыз алынды, атаулы мөлшерлемесі - 12%, тиімді мөлшерлемесі - 12,7%.

АЖК

Төленетін вексельдер

2015 жылғы 1 тамызда АЖК «Паурфин Холдинг Инвестмент Б.В.» (бұдан әрі - «Паурфин») үшін 450,358 мың теңге сомасындағы ұзақ мерзімді вексельді шығарды және 1,200 көлеміндегі негізгі қарыздың бір бөлігін төледі. Вексель пайызсыз болып табылады және ұстаушыға вексель ұсынған жағдайда 2015 жылғы 1 тамыздан кейін төленуі тиіс. Паурфин көрсетілген күнге төлемді талап етпеді, сәйкесінше осы міндеттеме 2015 жылғы 31 желтоқсанда өтелмеді. Вексельдің әділ бағасы тану күнінде жылына 11.5% дисконт мөлшерлемесі пайдаланыла отырып, анықталды.

Қазақстан Халық банкі

2015 жылғы 30 маусымда АЖК «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен (бұдан әрі – «Халық Банк») 5 жыл мерзімге теңгемен жылдық 13.0% пайыздық мөлшерлемесімен 1,745,211 мың теңге сомасында кредиттік желі ұсыну туралы келісім жасасты. Кредиттік желінің мақсатты тағайындалуы - РЭС-5 бойынша өзі тасымалданатын оқшауланған сым тартумен ВЛ-0,4 кВ жаңа құрылысын қайта қалпына келтіру бойынша СМР, ТП-6-10/0,4 кВ пайдалану талаптарына сәйкес келмейтін құрылыстар және ТП-6-10/0,4 кВ құрылысы. Халық Банкі Келісімі бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуде кепілге ұсынылады (ұсынылатын болады):

- жылжымалы мүлік – Банктің ағымдағы шоттарындағы ақшалар;
- қарыз ақшаға сатып алынатын/салынатын/қайта қалпына келтірілетін жылжымалы және жылжымайтын мүлік.

2015 жылғы 30 маусымда осы кредиттік желі шеңберінде 247,471 мың теңге сомада транш алынды. Қарыз сомасын қайтару 2016 жылғы 30 шілдеден 2020 жылғы 30 маусымана дейін ай сайын, бірдей үлесте жүзеге асырылады. Төлем қарыз шартына сәйкес өтеу кестесімен реттеледі.

2015 жылғы 24 желтоқсанда АЖК кредиттік желіні 3,245,211 мың теңгеге дейін арттыру туралы қосымша келісім жасады және 12 ай мерзімде жылдық 14.0% пайыздық мөлшерлемесімен 1,500,000 мың теңге сомасында транш алды, мақсаты – айналым қаражатын толықтыру. Қарыз сомасын қайтару транш алған күннен бастап ай сайын бірдей үлеспен жүзеге асырылады.

Тұтынушылар қарыздары

2007 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес, АЖК тұтынушылардан электр желілері құрылысы мен электр желілерін қосуға арналған инфрақұрылымдар немесе қолда бар электр тарату желілері мен инфрақұрылымдарды қайта құру арқылы қосымша электр қуатына қарыздар алды. Аталмыш қарыздардың пайыздары жоқ және қандай да бір кепілмен қамтамасыз етілмеген. Тұтынушылар қарыздары Топ қаражатты алғаннан кейін 4-ші жылдан бастап тең үлестермен 20 жыл бойы өтелуі тиіс.

Тұтынушылар қарыздары бастапқыда олардың әділ бағасы бойынша дисконтталған ақша ағымы әдісінің көмегімен басымдық нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып расталады; олар одан кейін амортизациялық баға бойынша көрінеді. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қосымша қуат қосу бойынша тұтынушылар қарыздарының сомасы 2,489,183 мың теңгені құрады (31 желтоқсан 2014 ж.: 2,645,530 мың теңге). Алынған қаржы мен олардың әділ бағасының арасындағы айырмашылық алдағы кезеңдердегі табыстар ретінде расталады.

2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 116-IV Қазақстан Республикасының «Тәуелсіз салалық реттеушілер қызметі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулары енгізу туралы» Заңына сәйкес, тұтынушылардың қосымша қуаттар қосқаны үшін келтірілген шығындарды өтеуі, электр және жылу қуатын өтеу міндеттерін жоққа шығаратын 2009 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген «Электр энергетикасы туралы» Заңға өзгерістер енгізілді.

«Нұрбанк» АҚ

2015 жылғы 24 желтоқсанда АЖК «Нұрбанк» АҚ-мен (бұдан әрі - Нұрбанк) 6 ай мерзімге жылдық 14% пайыздық мөлшерлеменен 1,000,000 мың теңге сомасында кредиттік желі ашу туралы келісім жасады. Кредиттің мақсатты тағайындалуы – айналық қаражатын толықтыру. Келісім бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуге банк салымдары шотындағы ақша ұсынылды.

25 желтоқсанда кредиттік желі шеңберінде 500,000 мың теңге сомасында транш алынды. Қарыз сомасын қайтару 1 ай өткеннен кейін мерзімінен бұрын өтеу құқығымен транш алынған күннен бастап ай сайын теңдей үлеспен жүзеге асырылады. Қарыз толығымен өтелді, ал кредиттік желі 2016 жылғы 1 ақпанда жабылды.

Алматы электр стансалары

Қазинвестбанк

2011 жылғы 14 қарашада АлЭС «Қазинвестбанк» АҚ-мен 2014 жылғы 14 қарашаға дейінгі мерзімге қысқа мерзімді қарыз туралы келісім жасасты. Осы кредиттік келісім бойынша Компанияның қарыздардың төленбеген жиынтық сомасы 2,500,000 мың теңгеден аспайтын талаппен қарыздар ұсынылды. Қарыз айналым қаражатын толықтыру мақсатында ұсынылды. Негізгі қарыз төлемі әрбір қарыз мерзімінің соңында жүзеге асырылды, траншты өтеу мерзімі 90 күнді құрады. Сыйақы төлемі ай сайынғы негізде жүзеге асырылды. Осы қарыз бойынша қамтамасыз ету келісім бойынша «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-на болашақта түсетін ақша болып табылады. 2014 жылғы 13 қарашада АлЭС Банкпен кепіл берушінің меншігіне болашақта түсетін ақша кепілі туралы Шарт жасасты, оған сәйкес осы қарыз бойынша қамтамасыз ету «Алматы жылу жүйелері» ЖШС келісім бойынша болашақта түсетін ақша болып табылады. Кредиттің желінің әрекет ету мерзімі 2015 жылғы 14 қарашаға дейін ұзартылды. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 8.75% құрады. 2015 жылғы 12 ақпаннан бастап сыйақы мөлшерлемесі жылдық 13,5% құрады.

2015 жылғы 10 желтоқсанда АлЭС осы келісімге қосымшаға қол қойды, оған сәйкес қарыздар төленбеген қарыздардың жиынтық сомасы 6 ай мерзімге 1,071,000 мың теңгеден аспайтын талапқа және 24 ай мерзімге 1,429,000 мың теңге көлемінде шекті лимит беруде желіні қалпына келтіру талаптарында ұсынылады. Кредиттік желінің әрекет ету мерзімі 2017 жылғы 14 қарашаға дейін ұзартылды. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 15% құрайды.

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде АлЭС қарыз бойынша берешекті 2,902,844 мың теңге сомасында өтеді және 3,020,880 мың теңге сомасында қарыз алды.

19 Несиелер (жалғасы)

Қазақстан ВТБ банкі

АлЭС бұрын келтірілген инвестициялық шығындарды өтеу және аккредитивтер бойынша жағдайларды қалыптастыру мақсатында 2011 жылғы 30 қыркүйекте «Қазақстан ВТБ банкі» ЕБ АҚ-пен несиелік желісін ашу туралы келісім бекітті. Аталмыш несиелік желісі бойынша, 2016 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі мерзімде өтелуі тиіс жалпы сомасы 3,992,490 мың теңге сомасында 4 қарыз берілді. Сыйақы мөлшерлемесі жылына 9% құрады. 2012 жылғы 15 маусымнан бастап сыйақы мөлшерлемесі жылына 8% дейін төмендеді. Негізгі қарыз өтелу кестесіне сәйкес, акцессорлық келісімшарт шарттарымен қарастырылған жарты жылдық төлемдерімен жүзеге асуда. Сыйақы төлемі ай сайын жүзеге асады. Аталмыш несиелік желісі 30,000 мың теңге көлеміндегі ақша кепілімен қамтамасыз етіледі. Олар «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-пен келісімшарт бойынша алдағы уақыттағы Компанияның банк шотындағылар және түсетіндер саналады. Компания 2014 жыл ішінде 887,220 мың теңге сомасындағы қарыздар бойынша берешекті өтеді.

Халық банк

АлЭС 2014 жылғы 26 қарашада 36 ай мерзімге «Қазақстан Халық банкі» АҚ-пен несиелік желісін беру туралы келісім бекітті. АлЭС аталмыш несиелік желісі бойынша төленбеген қарыздарының жалпы сомасы 4,000,000 мың теңгеден аспаған жағдайда қарыздар ұсынылады. Қарыз айналымдағы қаржыны толтыру мақсатында берілді. Сыйақы мөлшерлемесі жылына 9% құрайды. Негізгі берешек әр қарыз мерзімінің соңында төленеді. Траншты өтеу мерзімі 6 айды құрайды. Сыйақы ай сайынғы негізде төленеді. Аталмыш қарыз бойынша қамтамасыз ету «Алматыэнергосбыт» ЖШС-пен келісімшарт бойынша болашақта түсетін ақша саналады. 2015 жылы маусымда АлЭС 2,638,215 мың теңге сомасында қарызды өтеді. 2015 жылғы 24 шілдеде АлЭС 2016 жылғы 22 қаңтарға дейін өтеу мерзімімен 11% жылдық сыйақы мөлшерімен 1,348,532 мың теңге қарыз алды. 2015 жылғы 12 қазанда АлЭС 2016 жылғы 11 сәуірге дейін өтеу мерзімімен 14% жылдық сыйақы мөлшерімен 2,651,468 мың теңге сомасында қарз алды.

Мойнақ ГЭС-і

Қытай Мемлекеттік Даму банкі

Мойнақ ГЭС-і 2006 жылғы 14 маусымда Қытай Мемлекеттік даму банкінде 200,000,000 АҚШ доллар сомасында, 6MLIBOR+1.2% мөлшерлемесімен несиелік желісін ашты. Несиелік желісі 20 жылға берілді. Компания 196,337,143 АҚШ доллары сомасындағы аталмыш несиені 2006 жыл - 2013 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде ГЭС құрылысы үшін пайдаланды. 3,662,857 АҚШ доллары көлеміндегі қалған сома пайдаланылмайды. 2015 және 2014 жылдар ішінде Компания қарыз бойынша ақшалай қаражат алмады. 2015 жыл ішінде қарыз бойынша төлем сомасы 2,885,489 мың теңге (2014 ж.: 1,980,288 мың теңге) құрады. Несиелік желісі қаржымен қамтамасыз етілген:

- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның 50,000,000 АҚШ доллары сомасындағы корпоративтік кепілдемесі;
- Төлемдердің 80% алдағы уақытта электр қуатын сатудан түседі .
- «Мойнақ ГЭС» АҚ және «Қытай Мемлекеттік даму банкі» АҚ арасындағы шарттың 25-тармағына сәйкес Компания есепті кезеңнің соңындағы курс бойынша 10,13 теңгеге тең 0,0298 АҚШ доллары көлемінде электр қуатына минималды баға туралы міндеттеме алады. Сонымен қатар, 27-тармаққа сәйкес Компанияның дефолты үшін негіздеме есепті кезеңнің соңында курс бойынша 6.8 теңгеге тең 0.02 АҚШ долларынан төмен электр қуатын сату бағасы болып табылады.
- 2015 жылы Компания 1 кВт 9.5 теңге тарифпен электр қуатын сатты. Бұл баға 25-тармақта белгіленгеннен төмен, бірақ 27-тармаққа сәйкес дефолт көрсеткіші болып табылмайды. Электр қуатының бағасын Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (ТМПА) белгілейді және бақылайды.
- Осыған қарамастан, Компания Басшылығы «Қытай Мемлекеттік даму банкі» АҚ мен Қазақстан Үкіметі арасындағы өзара берік қарым-қатынас Компанияның болашақтағы бизнес жоспарлары үшін жақсы қолдау болып табылатынына сенеді. Сонымен бірге, Басшылық 2016 жылдың бірінші жартысында электр қуатының тарифін көтеруге және белгісіз макроэкономикалық факторға қарамастан қарызды реструктуризациялауға өтініш беруге ниеттеніп отыр.

19 Несиелер (жалғасы)

«Қазақстан Даму банкі» АҚ

Компания 2005 жылғы 14 мамырда және 2008 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Даму банкі АҚ-тан екі траншпен қарыз алды. Ол 25,000,000 және 26,058,000 АҚШ доллары сомасындағы қаржыны сәйкесінше жылына $1.15 \times 6\text{MLIBOR} + 1.15\%$ және 8% пайыздық мөлшерлемесімен алды. Қарыз 20 жыл мерзімге берілді. Топ 2012 жылғы 6 желтоқсанда қосымша келісімге қол қойды, оған сәйкес пайыздық мөлшерлеме өтелмеген 1,563,053 АҚШ доллары сомасындағы қаржыға қатысты 8%-дан 7.55%-ға дейін төмендеді.

Компания 2011 жылғы 17 шілдеде Қазақстан Даму банкі АҚ-пен жылына 12% мөлшерлемемен 12,285,000 мың теңге сомасындағы үшінші траншты беру туралы келісімшартқа қол қойды. Қарыз 17 жыл мерзімге берілді. Компания 2012 жылғы 6 желтоқсанда қосымша келісімге қол қойды, оған сәйкес үшінші транштың 8,924,392 мың теңге сомасына пайыздық мөлшерлеме 12%-дан 7.55%-ға дейін төмендеді. 2015 жыл ішінде Компания 2015 жылғы 24 тамыздағы және 2015 жылғы 8 қыркүйектегі сәйкесінше №22 және №23 қосымша келісімдерге сәйкес үшінші транш бойынша 1,867,551 мың теңге алды. 2015 жыл ішінде қарыз бойынша төлем сомасы 2,613,863 мың теңге (2014 ж.: 2,533,627 мың теңге) құрайды.

2015 жылғы 29 маусымда Компания «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-мен жылжымайтын мүлікті кепілге қою қосымша шартына қол қойды, мұнда Компания қосымша кепіл ретінде Бестөбе су қоймасы құрылымын ұсынады.

Банк қарыздары келесі қаржымен қамтамасыз етілген :

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 25,000,000 АҚШ доллары сомасындағы мемлекеттік кепілдемесі. Екінші деңгейдегі банктің қарсы кепілдемесінің сомасы 859,395 мың теңге.
- Теңгерімдік бағасы 5,606,947 мың теңгені (2014 ж.: 4,648,573 мың теңге) құрайтын негізгі құралдар.
- Алдағы уақытта электр қуатын сатудан түсетін төлемдердің 20%-ы .
- «Қазақстан Даму Банкі» АҚ үшінші траншын қамтамасыз ету үшін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның 12,285,000 мың теңге сомасындағы корпоративтік кепілдемесі.

АлматыЭнергоСбыт

Шығарылған облигациялар

АлматыЭнергоСбыт 2013 жылы жылдық 15 пайыздық белгіленген мөлшерлемемен атаулы құны 1 теңге тұратын 10,659 мың дана көлемінде облигациялар орналастырды. АлматыЭнергоСбыт 2015 жылы шығарылған облигацияларды толығымен сатып алды.

Халық Банк

АлматыЭнергоСбыттың айналым капиталын толықтыру мақсатында «Қазақстан халық банкі» АҚ-дан қысқа мерзімді кредиттік желісі бар. 2015 жыл ішінде Компания аталған кредиттік желі бойынша 3 және 6 ай мерзімге қарыздар алды. Пайыздық мөлшерлемесі 13% - 17% құрайды.

Альфа-Банк

2015 жылы АлматыЭнергоСбыт 2014 жылы 18 қарашада және 19 қарашада алынған "ДБ Альфа Банк" АҚ қарыздары бойынша берешегін өтеді. 2015 жылы шілдеде есептелген сыйақыны қосқанда 560,677 мың теңге төленді. Сөйтіп, 2015 жылғы 31 желтоқсанда қарыздар толығымен өтелді.

19 Несиелер (жалғасы)

ПВЭС

Еуразия Даму банкі

2013 жылғы 29 сәуірдегі № 107 жаңартылмайтын кредиттік желі туралы кредиттік шарт аясында БЖЭС Ақмола облысы Ерейментау ауданында жел электр станциясын салуға ұзақ мерзімді қарыз тартты. Пайыздық мөлшерлеме 2015 жылдың 28 сәуірінен – кредиттік шартқа кірген күннен бастап берілген транштар үшін жылдық 7.5%, 2015 жылдың 29 сәуірінен бастап транштар үшін жылдық 14% белгіленеді. Қарыздар бойынша мөлшерлемелер мен негізгі қарыз төлеу шарт күшіне енген күннен бастап 24 ай біткенше пайызды төлеу күніне тең төлемдер жасау арқылы өтеуге жатады. Пайыздарды төлеу күндері - жылға есептегенде 360 күнге тең - 15 наурыз, 15 маусым, 15 қыркүйек және 15 желтоқсан. Жеңілдікті кезең - 24 ай. 2015 жылы аяқталмаған құрылыс шотына 622,539 мың теңге мөлшерінде сыйақы капиталдандырылды, (2014 жылы: 782,395 мың теңге) (7-ескертпе). 2015 жылы БЖЭС негізгі қарызды өтеу бойынша 1,397,018 мың теңгеге және есептелген сыйақыны өтеу бойынша 782,450 мың теңге банк алдындағы міндеттемелерін өтеді. 2015 жылдың 31 желтоқсанында қарыздар сомасы есептелген сыйақыны қосқанда, 7.5% мөлшерлеме бойынша 11,842,965 мың теңгені және 14% мөлшерлеме бойынша 2,467,456 мың теңгені құрайды.

ЕГРЭС-1

Сбербанк

2014 жыл ішінде ЕГРЭС-1 «Ресей Жинақбанкі» АҚ ЕБ-дан 2014 жылғы 20 мамырдан 2015 жылғы 19 мамырға дейін бір жыл мерзімге айналым қаражатын толықтыру үшін 13,000,000 мың теңге көлемінде қысқа мерзімдік банк қарызын алды. Мөлшерлеме шарттың талаптарына сәйкес белгіленген болып табылады және жылдық 10% құрайды. Тиімді мөлшерлеме жылдық 10.968% годовых. 2015 жылғы мамырда ЕГРЭС-1 осы қарыз бойынша берешекті толығымен өтеді.

2015 жылғы сәуірде ЕГРЭС-1 «Ресей Жинақбанкі» АҚ ЕБ-нен кредиттік желі ашты және 2016 жылғы 19 мамырға дейінгі мерзімге айналым қаражатын толықтыру үшін 15,000,000 мың теңге көлемінде қысқа мерзімдік банк қарызын алды. Мөлшерлеме белгіленген және шарттың талаптарына сәйкес жылдық 14% құрайды. 2015 жылғы шілдеде қолданыстағы мөлшерлемені сақтай отырып кредиттік желіні 23,000,000 мың теңгеге дейін көтеру туралы қосымша келісімге қол қойылды.

Қазақстан Халық Банкі

2015 жылғы сәуірде «Қазақстан халық банкі» АҚ-мен бір жыл мерзімге 12,000,000 мың теңге сомасында қарыз шарты жасалды. Қарыз қаржыландыру басталған 2015 жылғы 10 сәуірден 2016 жылғы 9 сәуірге дейін 12 ай мерзімге айналым қаражатын толықтыру мақсатында ұсынылды. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 14% құрады.

Ақтөбе ЖЭО

Қазақстан халық банкі

2015 жылы маусымда Ақтөбе ЖЭО «Қазақстан халық банкі» АҚ-мен екі жыл мерзімге жалпы сомасы 300,000 мың теңге ге қалпына келтіру кредиттік желісін ұсынуға келісімге қол қойды (сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі 14%).

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания кредиттік желі шеңберінде 250,000 мың теңге көлеміндегі соманы қайта игерді. Қарыз мақсаты: тауар, жұмыс және қызмет жеткізушілер алдындағы берешекті өтеу үшін айналым қаражатын толықтыру.

«Қазақстан халық банкі» АҚ кредиттік желісі бойынша қамтамасыз ету «Ақтөбэнергоснаб» ЖШС және «Энергосистема» ЖШС шарттары бойынша электр энергиясын стаудан түскен болашақ ағым болып табылады.

19 Несиелер (жалғасы)

Шардара ГЭС-і

Еуропа Қайта Жаңғырту және Даму банкі

2015 жылғы 2 желтоқсанда Шардара ГЭС-і Еуропа Қайта жаңғырту және даму банкінен пайыздық мөлшері 3.9%+жиынтық тоқтамдар бойынша 7,500,000 мың теңге сомасында қарыз алды. Қарыз 13 жыл мерзімге берілді.

ШығысЭнергоТрейд

Сбербанк

2015 жылы ШығысЭнергоТрейд «Сбербанк» ЕБ АҚ-нан алған қарыз қалдығын толығымен өтеді.

БанкЦентрКредит

2015 жылы 18 желтоқсанда ШығысЭнергоТрейд «БанкЦентрКредит» АҚ-мен 1,800,000 мың теңге сомасында кредиттік желі ашу туралы келісім жасады. Несиелік лимит он екі ай мерзімге ұсынылады. Қарыз ұсыну мақсаты айналым қаражатын толықтыру болып табылады. Кредиттік желі бойынша пайдаланылмаған қаражат сомасы есепті кезең соңында 1,800,000 мың теңгені құрады. 2015 жылғы 31 желтоқсанда кепілде 3,708,655 мың теңге сомасында болашақ ақшалай ағым болды (2014 ж.: нөл).

ШҚРЭК

БанкЦентрКредит

ШҚРЭК «БанкЦентрКредит» АҚ-мен 2014 жылы 1 жылдан аспайтын мерзімге жалпы сомасы 460,000 мың теңгеге және 2015 жылы 2,306,500 мың теңгеге кредиттік келісім жасады. Қарыздар Компанияның айналым қаражатын толықтыруға пайдаланылды.

МРЭК

Шығарылған облигациялар

2015 жыл ішінде Компания атаулы құны 93.5 теңге және жылдың пайыздық мөлшерлемесі 8% сегізінші шығарылымның 2,464,500 дана купондық индекстелген облигацияларын шығарды және орналастырды. Сегізінші шығарылым облигациялары Қазақстан қор биржасында қамтамасыз етілмей шығарылды және «ZIM CAPITAL» АҚ-ға сатылды. Облигациялар 2013-2015 жылдарға арнап бекітілген инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру мақсатында шығарылды.

Компанияның 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық қарыздары индекстелген облигацияларды қоспағанда теңгемен көрсетілген. Индекстелген сегізінші шығарылым облигациялары теңгемен көрсетілген, алайда олардың атаулы құны теңгеге қатысты АҚШ доллары курсының өзгеруімен түзетіледі. Бір облигацияның индекстелген атаулы құны атаулы құнның шығарылымы және облигацияның айналымға түскен күніндегі балама курсқа облигацияның купондық сыйақысын/өтеміні төлеу күніндегі Қазақстандағы қор биржасындағы АҚШ доллары бойынша таңғы сауда сессиясымен бекітілген АҚШ долларының теңгеге қатысты ресми курсы қатынасы ретінде есептеледі. 2015 жылғы 31 желтоқсанда индекстелген облигациялардың негізгі қарызының құны 3,198,106 мың теңгені құрады.

2015 жыл ішінде Компания облигация ұстаушыларға 347,760 мың теңге сомасында пайыздар төледі.

Тұтынушылардың қарыздары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 8 қазандағы №1044 шешіміне сәйкес, МЭБК клиенттерден электр берілісі желілеріне қосу инфрақұрылымын салуға немесе ағымдағы инфрақұрылымды реконструкциялауға қаражат алды. Бұл қаражаттың пайыздық мөлшерлемесі жоқ және жиырма бес жыл ішінде өтеуге болады. Клиенттерден алынған қаражат алдымен олардың басым нарықтағы мөлшерлемесі бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, әділ құнына байланысты мойындалады (2009 ж.: 16%, 2008: 16% және 2007: 12%), кейіннен қаражат ұзақ мерзімді қарыздар бөлігіндегі ароматтандырылған құны бойынша көрінеді. Клиенттерден қосымша қуатты қосуға алған қарыздар сомасы 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 637,697 мың теңгені (31 желтоқсан 2014ж.: 726,072 мың теңге) құрады. Алынған қаражат пен әділ құнның арасындағы айырмашылық алдағы кезеңдердің табысы ретінде танылды (20-ескертпе). 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, алдағы кезеңдердегі табыс сомасы 1,529,902 мың теңгені құрады (2014ж. 31 желтоқсан: 1,597,030 мың теңге). Алдағы кезеңдердің табысы

19 Несиелер (жалғасы)

кейіннен негізгі қаражаттың пайдалы қызмет ету мерзімінде пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есепте танылады. МЭБК 2015 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есепте 2015 жылы 67,129 мың теңге мөлшеріндегі табысты (2014 ж.: 67,128 мың теңге) таныды.

МЭБК клиенттерден 2009, 2008 және 2007 жылдары сәйкесінше 51,480 мың теңге, 2,094,596 мың теңге және 449,820 мың теңге сомасында салымдар алды.

2009 г. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №116-IV Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, клиенттерден салымдар алынбайтын болды. Сондықтан 2009 жылы Компания қосымша қаражат алған жоқ. 2009 жылы алынған салымдар тұтынушылардың 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған шарттар бойынша міндеттемелері болып табылады.

2015 жыл бойында Компания төлем графигі бойынша 192,349 мың теңге сомасында ұзақ мерзімді қарыздарды төледі және келтірілген құн дисконтын жою 146,581 мың теңгені құрады.

Қаражамбасмұнай

2015 жылы сәуірде МЭБК "Қаражамбасмұнай" АҚ-мен 2017 жылдың 30 маусымына дейін төлеу мерзімімен жалпы сомасы 200,000 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген және пайызсыз қарыз беру туралы келісім жасады. Аталған қарызды алған күні қарыздың әділ құны 150,591 мың теңгені құрады, соның нәтижесінде Компания 49,409 мың теңге сомасындағы табысты бастапқы мойындауда таныды. Келісімнің талаптарына сәйкес, негізгі қарыз сомасын төлеу қарыз мерзімінің аяғында бірыңғай төлеммен жүзеге асырылады. 2015 жылдың 31 желтоқсанында "Қаражамбасмұнай" АҚ-ны қарызы 164,330 мың теңгені құрады.

Халық банкі

2015 жылы 11 тамызда МЭБК «Қазақстан Халық жинақтау банкі» АҚ-мен 12 айға кредиттік желі беру туралы келісім жасады. Аталған кредиттік келісім бойынша МЭБК-ға төленбеген қарыздың жиынтық сомасы 400,000 мың теңгеден аспаған жағдайда қарыз берілетін болады. Қарыз айналым қаражатын толтыру мақсатында берілді. Сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 13%. Негізгі қарызды төлеу әрбір қарыз мерзімінің соңында жүзеге асырылады, траншты өтеу мерзімі – 6 ай. Сыйақы төлеу ай сайынғы негізде жүзеге асырылады. Аталған қарыз бойынша қамтамасыз ету «Қазақстан Халық жинақтау банкі» АҚ-дағы Компания шоттарына, оның ішінде алдағы уақытта түсетін 1,000,000 мың теңге қолма-қол ақшасыз қарыз беру болып табылады. Аталған кредиттік желі аясында 2015 жыл ішінде Компания 400,000 мың теңге сомасында қарыз алды және 266,667 мың теңге сомасындағы қарызды өтеді.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

19 Несиелер (жалғасы)

Төменде Топ қарыздарын өтеу мерзімдері көрсетілген :

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Қарыздарды өтеу мерзімі		
- 1 жылдан төмен	66,828,852	40,301,856
- 2-5 жыл аралығында	214,759,329	133,284,018
- 5 жылдан жоғары	129,415,201	150,440,208
Барлық несиелер	411,003,382	324,026,082

Топ қарыздары келесі валюталармен берілген :

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Қарыздар		
- теңге	169,155,971	192 008 265
- АҚШ доллары	241,847,411	132,017,817
Барлық несиелер	411,003,382	324,026,082

Топ 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде пайыздық мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелдері немесе шетелдік валютадағы өз міндеттемелерімен байланысты тәуекелдерді хеджирлеу бойынша келісімдерді бекіткен жоқ және хеджирлеу есебін қолданбайды.

20 Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Алдағы кезеңдегі кірістер		
- АЖК	2,741,276	3,284,331
- МРЭК	1,529,902	1,597,030
Еншілес кәсіпорындардың басым акциялары бойынша міндеттемелер	354,202	357,693
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек	69,673	770,417
Мойнақ ГЭС-інің құрылысы бойынша кредиторлық берешек	-	2,096,506
Басқалар	40,357	40,353
Барлық басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер	4,735,410	8,146,330

* - салыстырмалы ақпарат сатуға арналған шығарылатын топтың активтері мен міндеттемелерін аударуды көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

20 Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер (жалғасы)

Алдағы кезеңдердегі табыстар бастапқы растауда электр желілері мен инфрақұрылым (21-ескерту) және олардың әділ бағасын қайта құру немесе электр желілеріне қосу үшін электр желілері мен инфрақұрылым құрылысына АЖК және МРЭК тұтынушылары мен қарыздардың нақты бағасы арасындағы айырмашылықты білдіреді. Алдағы кезеңдердегі табыстар кейіннен Негізгі құрал-жабдықтарның пайдалы қызметі кезінде пайда және шығында расталады.

Мойнақ ГЭС-і құрылысын салу барысында Компания мен бас мердігер, Қытай Халықаралық су шаруашылығы және энергетика корпорациясы (бұдан әрі – «ҚХСШЖЭ» немесе «Мердігер») арасында құрылыстың құнын арттыру мәселесі туындады. Мойнақ ГЭС-і атына су, электрмен қамтамасыз етудегі ақаулар, кедендік шарттардағы өзгерістер, бағам айырмашылықтары және басқалармен байланысты шығындардан тұратын хаттар келіп түсті.

2014 жылғы 20 мамырда Компания мен ҚХСШЖЭ арасында 2008 жылғы 09 сәуірдегі №08-06-09 Келісімшарттық келісімге № 12 қосымша келісім бекітілді. Онда Келісімшарттық келісім сомасын ҚҚС-пен қоса, 12,876,815 АҚШ доллары сомасына ұлғайту қарастырылған. Қосымша келісімге сәйкес, міндеттемелер 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде төленуі тиіс. Компания 2015 жылдың екінші жартысында ҚХСШЖЭ-ге өз міндеттемелерін толығымен төледі.

Төменде алдағы кезеңдердегі табыстардың өзгерістері келтірілген :

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	АЖК	МРЭК	Барлығы
2014 жылғы 1 қаңтардағы теңгерімдік баға	3,793,578	1,664,159	5,457,737
Алдағы кезеңдердегі табыстарға жатқызылған тұтынушылар қарыздарының теңгерімдік бағасын өзгерту	(129,889)	-	(129,889)
Табысты растау	(379,358)	(67,129)	(446,487)
2014 ж. 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға	3,284,331	1,597,030	4,881,361
2015 жылғы 1 қаңтардағы теңгерімдік баға	3,284,331	1,597,030	4,881,361
Шығу тобындағы реклассификация	-	-	-
Алдағы кезеңдердегі табыстарға жатқызылған тұтынушылар қарыздарының теңгерімдік бағасын өзгерту	-	-	-
Табысты растау	(543,055)	(67,128)	(610,183)
2015 ж. 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға	2,741,276	1,529,902	4,271,178

21 Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек	21,182,414	25,241,874
Алматы қаласы әкімдігі алдындағы қарыз	5,841,513	6,841,513
Дивиденттер бойынша қарыз	718,770	675,375
Басқа қаржылық кредиторлық берешек	2,767,560	592,829
Барлық қаржылық несие қарызы	30,510,257	33,351,591
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлемдер	5,179,377	6,933,331
Еңбекақы бойынша қарыз	1,235,366	1,093,953
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша аударылған резервтер	1,694,679	1,510,846
Басқа кредиторлық берешек	3,426,942	2,507,538
Акционердің пайдасына басқа да бөлулер (15-ескерту)	1,174,068	-
Негізгі қызмет бойынша барлық кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	43,220,687	45,397,259

Акционердің тапсырмасы бойынша Топ өзіне сомасы 1,174,068 мың теңгеге Астана қаласында балабақша салу бойынша міндеттеме алды. Топ 1,174,068 мың теңге мөлшерінде бағаланған құрылыс құнын міндеттемені акционердің пайдасына шешілген өзге бөліністер деп таныды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компания балабақшаны салуға байланысты 988,787 мың теңге сомасына залал шекті, сондай-ақ аталған құрылыс үшін 36,306 мың теңге сомасында аванс аударды. ҚР Президентінің қатысуымен өткен 2013 жылғы 27 қарашадағы кеңес хаттамасына сәйкес, Акционердің пайдасына табысты бөлу есебінен аталған активтер 2016 жыл бойында Акционерге берілетін болғандықтан, аталған активтер Акционердің пайдасына арналған ағымдағы активтер ретінде көрсетілді.

«САМУҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 ж.

22 Табыс

	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>		
Электр қуатын сату	193,176,894	188,340,841
Жылу қуатын сату	15,746,882	16,565,640
Электр қуатын тасымалдау	13,241,331	12,195,837
